

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

# БАЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

7-СЫНЫП

Рекомендовано  
Министерством образования и науки  
Республики Казахстан

2-бөлім

Көнжиең-Горизонт  
2017

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Қ17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Аvt.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова, Р. С. Раҳметова, А. Қ. Рауандина,  
Б. Қ. Мукеева

Фылыми кеңесшілер:

Әмірзақ Айтбаев — филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,  
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті

Әділ Құрманжанұлы Ахметов — филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Ресей Ҙоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының академигі, Ҙоғары  
оку орындары Еуропалық қауымдастыры атқарушы кеңесінің мүшесі

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: Байшешек. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын  
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған. 2 белім / Ф. Ш. Оразбаева,  
Ж. Т. Даулетбекова, Р. С. Раҳметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева. — Алматы: Қекжиек-  
Горизонт, 2017 — 156 6.

ISBN 978-601-7832-32-2

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-30-8  
ISBN 978-601-7832-32-2 — (2-белім)

© «Қекжиек-Горизонт» ЖШС, 2017

## Құрметті жас дос!

Сен қазақ тілінің «Балапан» деп аталатын белімін аяқтап, енді «Байшешекке» аяқ бастың. «Байшешек» сөзі қазақ ұғымында «сену, достық, ададық, тазалық» дегенді білдіреді. Халық өз ауласында әдемі байшешек гүлін өсіруді жақсылықтың нышаны деп есептеген. Байшешек көктемде қар кете салысымен өсіп шығатын гүл екенін өзің де білесің. Ол қыстың әлі кете қоймаған ызғарынан қорықпай, көктемді шақырады. Ол — ерліктің символы. Байшешек адамдардың бойына жылылық дәнін себуге асығады. Олай болса, сен де қазақтың ойлы, мазмұнға бай сөзін көкірегіңде, жадында сақтап, асқақ армандарға жетесің; адам жанын түсінесің; қоршаған ортаның, табиғаттың құпия сырның ұғасың, қазақ тілін меңгеру арқылы айналандағы адамдарға ізгіліктің, жылылықтың нұрын себесің. Тілді білу арқылы сенің танымың кеңейеді, эстетикалық талғамың өсіп, сұлулық пен әсемдіктің асқақ құдіретін түсінесің.

Бұл оқулық сені айналандағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, пікірлеуге, сауатты жазуға, дұрыс, әсерлі сөйлеуге үйретеді.

«Байшешек» сабактарында сен қазақ халқының әдебиетімен танысадың. Тіл мен әдебиетті қатар меңгересің. Сені қызық тапсырмалар күтеді: қазақша сөйлей білуғе, пікірінді дәлелдеп айтуда үйренесің; ақын-жазушылардың шығармаларымен танысадың, мақал-мәтел арқылы ойынды түйіндеп жеткізесің; дербес, жұптық топтық тапсырмаларды орындаисың. Тілдік жаттығулар ойлануға, өз бетіңмен жаңа сөйлемдер құрай білуғе көмектеседі. Оқулықтағы түрлі тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, қоршаған ортаны танып, өз ойынды еркін жеткізуғе, сырныңды бөлісуге көмектеседі.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындаі отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терен, меңгерсөн, қызық шығармалар оқысан, жұмбақ шешсөн, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсөн, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың.

**Талабыңа нұр жаусын, жас дос!**

7  
ТАҚЫРЫПҒАЛАМТОРМЕН ДҮРІС ЖҰМЫС  
ЖАСАУ – МӘДЕНИЕТ1–2  
САБАҚ

## Ғаламторды пайдаланың

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**1** -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Үйінде ғаламтор желісі бар ма?
2. Ғаламтор желісін пайдалануыңа рұқсат ете ме?
3. Ғаламторды жиі пайдаланаңың ба?
4. Саған ғаламтордың қандай пайдасы бар?
5. Сенің электронды поштаң бар ма?
6. Электронды поштаны не үшін аштың?

## ЖАҢА СӨЗДЕР

тарихи деректер, жинақталған



**ЖАЗЫЛЫМ****2 -тапсырма.**

Электронды поштаңды жаз.

Досыңа бүгін не істейтініңді айтып, хат жаз.

**АЙТЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Диалог. Досың екеуің ғаламторда өздерің пайдаланатын сайттар туралы әңгімелесіндер.

**ТІЛДІК БАҒДАР****Мақсат ұстеуі**

Мақсат ұстеуі қымылдың, іс-әрекеттің мақсатын, не үшін істелгенін білдіреді. Мақсат ұстеулері сан жағынан көп емес.

Сұрақтары	Мақсат ұстеулері	Мысалы
Қалай? Не мақсатпен?	әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана	Осы ғаламтор жүйесін әдейі таңдады. Қасақана электронды поштаға хат жазып отыр.

**АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Қандай сездер қандай мақсат ұстеулерімен тіркесетінін айт. Өзің құраған тіркестерді қатыстырып, сейлем құрап жаз.

Етістіктер	Мақсат ұстеулер	Етістіктер
қосу, таңдау, көру, айту, жазу, қатысу, жеткізу, келу, табу, іздеу	әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана	қарау, жолдау, жіберу, орындау, құрметтеу, жоспарлау, келу

**АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Диалог. «Әзілің жаравасса...» Парталас досың екеуің кезектесіп, бір-біріңе «Неге ... ?» деп сұрақ қойындар, екіншің сол сұраққа бір ғана мақсат ұстеуімен жауап беріндер.

**Улғі:**

- Неге сабактан кешіктің?
- Әдейі.
- Неге оқымай отырсың?
- Қасақана.
- ...

**ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****6 -тапсырма.**

Мәтінді тында, оқы.

Біздің заманымыз — ақпарат ғасыры. Сондықтан қазір ғаламтор жүйесі барлық жерде қосылған. Қай жерде жүрсек те, әлемде не болып жатқанын жылдам біліп отырамыз.

Мен 5-сынып оқып жүргендеге ғаламтор клубтарына жиі баратын едім. Былтыр әкем біздің үйге де ғаламтор желісін қосты. Сондықтан мен қазір ғаламтор клубтарына бармаймын. Қажет ақпаратты үйде отырып, тауып аламын. Тек демалыс күндерінде достарымызбен әдейі жиналып баратын кездеріміз болады.

Мен ғаламторды үй тапсырмаларын орындағандан көбірек пайдаланамын. Әсіресе, реферат, жоба жұмыстарын жазғанда өте көп қараймын. Бірақ ешқашан дайын материалдарды көшірмеймін. Өйткені көшіру мәдениетке жатпайды.

Ғаламторда оқушыларға арналған сайттар: ашық энциклопедиялар, анықтамалар, географиялық карталар, ең мәнді тарихи дерек қоры бар. Мен биыл қазақ тілінен «Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы» атты жоба жұмысын жазып, мектепішілік байқауға қатыстым. Бірінші орын алдым. Енді қысқы демалыста қалалық байқауға қатысамын. Осы жобаны орындауда маған ғаламтор көп пайдасын тигізді.

Мен үш тілді еркін білемін. Олар: орыс, қазақ, ағылшын тілдері. Қазір ғаламтор арқылы француз тілін де үйреніп жүрмін. Онда аударма, түсіндірме сөздіктерді пайдаланамын. Қазақ тілінен сабакқа дайындалғанда аударма сөздіктен жеке сөздердің аудармасын қараймын, ал түсіндірме сөздіктен түсініксіз сөздердің мағынасын іздеймін. Өзімнің білімімді сынау үшін кейде әдейі сөздіктерді өшіріп тастаймын. Бұл өзім білетін сөздерді есіме түсіру үшін өте пайдалы.

Ғаламтордан өзіме қызық онлайн кітаптарды оқимын. Кейде кино, мультфильмдерді көремін. Әйтсе де компьютерде көп отырмауға тырысамын. Ата-анам да көп отыруға рұқсат етпейді. Себебі компьютерде көп отыру денсаулыққа зиян. Компьютерді күніне 2 сағаттан артық пайдаланбаған жөн.

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Тірек сөздерді анықта.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Мәтінге қатысты ақпараттардың дұрыстығын тексер. Дәлелінді айт.

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Мәтін ғаламтор туралы.		
2	Кейіпкер — 5-сынып оқушысы.		
3	Ол ғаламтор клубына жиі барып жүр.		
4	Ол қазақ тілінен жоба жұмысын жазды.		
5	Жоба жұмысы Мағжан Жұмабаев туралы болды.		
6	Ол ғаламторда сөздікпен тіл үйреніп жүр.		
7	Өзінің білімін сынау үшін кейде сөздіктерді әдейі өшіріп тастайды.		
8	Компьютерді күніне 2 сағаттан артық пайдаланған тиімді.		

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, ғаламторда не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын айт. Өзің бұған не қосар едің? Сызбаны толықтыр.

**АЙТЫЛЫМ****10 -тапсыриа.**

Мәтін мазмұны бойынша Әлібек пен досының диалогін көрсетіңдер. Өз сөздерінде «Ғаламторды дұрыс қолдану деген не?» сұрағына жауап беріңдер. Диалогте мақсат үстеніңді қолданыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ****11 -тапсыриа.**

Мәтінде кездескен үстене түрлерін анықтап, кестені толтыр.

Мекен	Мезгіл	Мақсат	Күшейткіш

**ЖАЗЫЛЫМ****МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС****12 -тапсырма.**

Жағдаят: Сенің компьютерінде ғаламтор жүйесі істемей қалды. Кімге, қайда өтініш жазу керектігін анықтап біл. Жауапты мекеменің басшысына өтініш жаз. Өтініштің мазмұндық-құрылымдық жүйесін қосымша әдебиеттен алып, талапқа сай толтыр.

**АЙТЫЛЫМ****13 -тапсырма.**

«Синектика». Ғаламтор өмірімізге енгелі адамдардың кітап оқуы азайып кетті. Ғаламтордан бас көтермейтін 7-сынып оқушысына середе ұмытылып қалған көркем-әдеби кітаптың атынан хат жаз. Хатында ғаламторда дұрыс жұмыс істеу мәдениеті мәселесін де ұмытпа!

**АЙТЫЛЫМ****14 -тапсырма.**

Полилог. «Ойшил қалпақтар»: «Ғаламтор біздің өмірімізде» тақырыбында 6 оқушыдан топтасып, 6 түрлі қалпақ киіп, өзара пікірталас өткізіндер.

Ойшил қалпақтар	Ойшил қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Ғаламтордың мәнді қызметтерін санамалап айтады.	Ғаламтордың маңызы қандай?
	Ғаламтордың артықшылықтарын айтады.	Ғаламтордың қандай тиімді жағы бар?
	Ғаламтордың қолдану мәдениетіне қатысты кемшіліктерді айтады.	Ғаламтордың қандай тиімсіз жағы бар?
	Ғаламтордың тиімділігі туралы айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсың?
	Бақылау және қорыту: айтылған ойларды сараптайтыны, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

**ЕСТЕ САҚТА!**

Мен жоба жұмысын жазғанда ғаламторды кеп пайдаланамын. Ғаламторда сөздінтер, тарихи дерек жинақталған. Кейде ғаламторды қасақана өшіріп, тілді үйренуге жаттығамын.

# Онлайн сөздің қафадың ба?

3–4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

қостілді сөздіктер,  
сапасы, аударма

## ЖАЗЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Сейлемдердің сыңарын сәйкестендіріп жаз. Құрамында мақсат үстегі бар сейлемдерді анықта.

Фаламтордың пайдасы мен	әдейі қарап шықтым.
Фаламторды дұрыс қолдану —	қоспай отыр.
Фаламтордағы ақпараттарды	мәдениеттілік көрсеткіші.
Фаламтор желісін қасақана	дерек ете кеп.
Фаламторда тарихи	зияны бірдей.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«Броун қозғалысы». Оқушылардан ғаламторда қандай сайттарды қолданатынын сұра. Тиісті ақпарат жинап, кестені толтыр. Кім ақпаратты көп әрі тез жинаса, сол жеңімпаз болады.

Аты-жөні			
Қандай сайтты қолданады?			

**АЙТЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Диалог. Досың екеуің ғаламтордан оқыған соғы жаңалықтар туралы пікірлесіндер. Қолданған сайттарыңың ерекшелігі туралы айтындар.

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда, оқы.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**

«Галамтордың зияны» дегенді жиі естіп жатамыз. Меніңше, оның зияны қолданушылардың ішкі мәдениетіне байланысты. Құні бойы компьютерден көз алмау, бас көтермей керекті де, керексіз де ақпараттардың тұңғығына батып отыру — адамның өзінің ерік- жігерін басқара алмауынан болады. Ондай адамдар компьютерді өзінің қажетіне пайдаланудың орнына, өзі оған «құл» болғанын байқамай қалады.


Менің ойымша, дұрыс қолдана білсөң, ғаламтордың пайдасы өте көп. Мен үшін оның қажеттігі әсіресе тіл, әдебиет сабактарын орындағанда ерекше байқалады. Мен қазақ, ағылшын тілдерінен үй тапсырмасын орындаған кезде міндетті түрде ғаламторды пайдаланамын. Тілді оқуға қатысты бірнеше жақсы сайтты білемін. Бұл сайттарда аударма және түсіндірме сөздіктер көп болады. Осы сөздіктерді жиі пайдаланамын. Өйткені олардан іздегенінді тез табасың. Барлық уақытта қалаған сөзінді тауып аласың. Сөздікте жеке сөздердің немесе сөз тіркестерінің аудармасы болады. Кейде сөздіктен әдейі сол тілде жоқ сөзді сұраймын. Адамнан ақылды компьютерім өз сөзімді өзіме сол күйінде «қайтарып береді».

Көп іздену нәтижесінде ғаламтордан сөздіктің бірнеше түрін тауып алдым. Олардың ішінде өзіме ерекше ұнайтын сөздіктер жеткілікті. Жалпы танымдық-ақпараттық әмбебап сөздік, қазақ тілін үйрететін сөздік, мәтіндерді орыс тілінен қазақ тіліне аударатын бағдарламаларды жиі қолданамын. Олар мыналар:

1. «Википедия» ашық энциклопедиялық сөздігі;
2. «Сөз Ана» электрондық сөздігі;
3. «IZET Tilmash» сөздігі;
4. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілетін «СөзКөмен» сөздігі.

Мен көбінесе «Сөздік.kz» пен «Эбби» онлайн тілтанымдық сайттарын пайдаланамын. Бұл сайттарда қазақша сөз көп. Аудармасының сапасы жақсы. Олар екі жақты қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік түрінде жабдықталған.

Әдебиет сабактарында онлайн кітаптарға тапсырыс беріп, қалаған шығармамды оқимын. Онда қазақ, орыс, шетел әдебиетінің інжү-маржаны көп.




## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Фаламторды қолдану мәдениеті туралы не айтылған? Сен оның ойын құптастың ба?
3. Мәтін авторы қандай оқушы деп ойлайсың? Неге?
4. Осы мәтінде аталған сөздіктер саған таныс па? Олардың қайсысын жиі қолданасың?
5. Онлайн-кітаптарды оқып көрдің бе?
6. Осы аталғандардан бөлек тағы қандай сайттарда жұмыс істеген қолайлы? Неге?



## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіннен тырнақша, дефис, үтір секілді тыныс белгілері жиі қолданылған сейлемдерді көшіріп жаз. Сол тыныс белгілердің қойылу себептерін түсіндір.

**ОҚЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

АҚПАРАТ	Дұрыс	Дұрыс емес
Фаламторды қолданудың зияны көп.		
Фаламтордың зияны қолданушылардың ішкі мәдениетіне байланысты.		
Қазақ, ағылшын тілдерінен үй тапсырмасын орындаған кезде фаламторды пайдаланамын.		
Мен аударма, түсіндірме сөздіктері бар жақсы сайттарды білмеймін.		
Қостілді сөздіктерді пайдаланамын.		
Сөздікте жеке сөздердің немесе сез тіркестерінің аудармасы болмайды.		
Мен көбінесе «Сөздік.kz» пен «Эббии» онлайн тілтанымдық сайттарын пайдаланамын.		
Бұл сайттарда қазақша сез аз.		
Олар екі жақты қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік түрінде жабдықталған.		

**ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Сөйлемдерді аяқтап жаз. Ретіне қарай мақсат үстеулерін қолданып, толықтыр.

Қазақ, ағылшын тілдерінен үй тапсырмасын... . Қостілді сөздіктерді ... . Сөздікте жеке сөздердің немесе сез тіркестерінің... . Фаламторда сөздіктің бірнеше түрі бар: жалпы танымдық-ақпараттық әмбебап сөздік,..., ... . Мен көбінесе «Сөздік.kz» пен «Эббии» онлайн тілтанымдық ... .

Бұл сайттарда қазақша сез ... . Аудармасының сапасы ... . Олар: екі жақты қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік ... .

**АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Диалог. Жұп болып, мәтіннің мазмұны бойынша 5 сұрақтан дайындаңдар, соның негізінде диалог құрындар.

**ЖАЗЫЛЫМ****10** -тапсырма.

Сөйлемдерді қазақ тіліне аудар.

При выполнении домашних заданий часто использую интернет. Я знаю много сайтов, где можно найти нужные, полезные, интересные сведения. Я пользуюсь сайтами на казахском, русском, английском языках.

**АЙТЫЛЫМ****11** -тапсырма.

Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі сөздердің тиістісін жаз.

Қазақ тілінен үй тапсырмасын орындаған кезде ғаламторды (әте, тым, аса) ... көп пайдаланамын. Мен аударма, түсіндірме сөздіктері бар (көремет, тым, орасан) ... сайтындарды білемін. Қостілді сөздіктерді пайдаланамын. Сөздікте жеке сөздердің немесе сөз тіркестерінің (нақты, аса, ең) ... аудармасы болады.

Ғаламторда сөздіктің бірнеше түрі бар: жалпы танымдық-ақпараттық, аударма, түсіндірме сөздік. Басқа сөздіктерге қарағанда «Сөздік.kz» жақсы... (-рақ, -ірек, -дау).

**АЙТЫЛЫМ****12** -тапсырма.

Сұрақтарды жалғастырып, диалог құрындар.

1. Ғаламторды қай кезде пайдаланасың?
2. Ғаламторда қандай сапалы сөздіктер бар?

**ЕСТЕ САҚТАІ**

Қостілді сөздіктерді пайдалана-мын. Сөздікте жеке сөздердің не-месе сөз тіркестерінің аудармасы болады.

# Электронды кітапханадан Жолъ Верн шығармасын оқысым

5—6  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1 -тапсыра.

Сөйлемдерді жалғастыр. Құрамында үстенең бар сөйлемдерді анықта.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

лајссыздан, тапсырыс, шарлау, туынды, таралым

Онлайн сөздіктердің	.....
.....	қостілді сөздіктің көмегі ерекше.
Ғаламторды дұрыс қолдана білу де	.....
.....	қасақана жауып қоямын.
Өте маңызды тарихи деректерді	....

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсыра.

«Броун қозғалысы». Оқушылардан электронды кітапханадан неше кітап оқығаны туралы ақпарат жина. Кестені толтыр. Кім ақпаратты көп ері тез жинаса, сол жеңімпаз болады.

Аты-жөні	Қандай кітаптар оқыды?
.....	.....
.....	.....

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсыра.

Полилог. «Таразыға тартамыз!». Таразының бір басына кітаптан оқыған шығармалардың атын, екінші басына ғаламтордан оқыған шығармалардың атын жазып салындар. Оларды санандар. Қай басы «қауыр» екенін анықтандар. Түйінін бірлесіп шешіндер.

**ТІЛДІК БАҒДАР****Себеп-салдар үстеуі**

Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әренеттің себебін не салдарын (нәтижесін) білдіреді.

Сұрақтары	Себеп-салдар үстеулері	Мысалы
Не себепті? Қалай? Неге?	босқа, құр босқа, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан, бекерге және т.б.	Ол амалсыздан ғаламторды қарады. Электронды поштаны ашып, бекерге отырды.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Әр сөзге етістіктерді тіркестіріп жаз. Олардан сейлем құрап айт.

босқа

амалсыздан

бекерге


**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда, оқы.

Электронды кітапхананың өзінің айдарлары бар: «Жаңа кітаптар», «Қазақ әдебиеті», «Шетел әдебиеті» «Өлеңдер мен тақлақтар жинағы» және т.б. Айдарларды ашып, қажет кітабынды іздел, **тапсырыс** жасай аласың.

Сабак кезінде кітап оқуға уақыт табыла бермейді, сондықтан амалсыздан көркем шығарманы аз оқисың. Құзғі демалыста электронды кітапханадан бірнеше кітап оқыдым. Солардың ішінде ерекше ұнағаны — Жюль Верннің «Әлемді сексен күн ішінде **шарлау**» романы. Алдымен, осы ғажайып кітаптың авторы туралы қысқаша мәлімет бере кетейін.

**Жюль Верн** — француз жазушысы, ғылыми-фantaстикалық роман жанрының **негізін қалаушылардың** бірі. Ол Францияның Нант қаласында 1828 жылы 8 ақпанда туған. Верн — 65 роман, повесть, әңгіме және география тарихы туралы зерттеулер жазған адам. Жазушының «Капитан Гранттың балалары» (1867), «Сырлы арал» (1875), «Он бес жасар капитан» (1878) және т.б. шығармалары әлемге танылды. Оның шығармалары әлем халықтарының тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне де аударылған, фильмдер түсірілген.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**

Фаламторды қарап отырып, мен Жюль Верннің Қазақстанмен де байланысы бар екенін білдім. Тек ондай мәлімет қолыма толық түспеді, лажсыздан бар тапқанымды бөлісейін дедім. Ол XIX ғасырда Қазақстан, Сібір жерлеріне саяхат жасаған. Соның негізінде кітап та жазған. Ол кітап алғаш рет орыс тілінде 1900 жылы жарық көрген. Бұл кітап — жазушының Орта Азия мен Сібірге жасаған «әдеби саяхаты». «Мен қазір басқа ештеңе ойлағым келмейді, мені таңғажайып сюжет қатты **еліктіріп** отыр. Бұл романым татарлар мен Сібірдің тарихы жайлы», — деп жазған екен Жюль Верн. Орта Азия халықтары бұл кітапта «татарлар» деп аталады. Оңтүстіктен басталған көтеріліс Сібірдің астанасы — Иркутскіге дейін жетеді. Осы романнан Қазақ даласында болған бірқатар тарихи деректерді кездестіруге болады.

Алғаш жарық көрген 1876 жылдың өзінде-ақ кітап оннан астам тілге аударылған. Артынша роман театр пьесасына айналып, ұзақ жылдар сахнада көрсетілген. Кейбір деректерге қарағанда, Жюль Верннің жазған шығармаларының ішінде Францияда бұл роман **таралымы** жағынан төртінші орынды иемденіп, авторға 7 млн. франк пайда әкеліпті. Осылайша, Еуропа Орта Азия халықтарымен алғаш бір ғасыр бұрын Жюль Верн **туындысы** арқылы танысқан. Бірақ біз туралы жазылған кітаптың орыс тіліндегі толық нұсқасы қолымызға енді ғана тимекші.

(Баспасөз материалдарынан)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсыриа.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сездерді аудармасымен дәптеріңе жазып ал. Сол сездердің синонимдерін тауып жаз. Себеп-салдар үстеулер қатысқан сөйлемдерді көшіріп жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсыриа.

«Қосжазба күнделігі». Мәтін мазмұнына сүйеніп, үш тұжырымға түсініктеме жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсыриа.

Төменде берілген жоспардың тақырыптарын мәтін мазмұны бойынша ретімен орналастырып жаз. Сол жоспар негізінде түсінгеніңді баянда.

- Жюль Верн — ғылыми фантастиканың негізін қалаушы
- Күзгі демалыстағы олжа
- Сібірге жасаған әдеби саяхат дастаны
- Электронды кітапхананың айдарлары
- Тарихи құнды деректер
- Кітаптың таралуы
- Татарлар туралы кітап

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

## 9 -тапсырма.


Викториналық ойын: «Жюль Верн шығармашылығын білеміз бе?» Фаламторды пайдаланып, езге де дереккөздерден Ж.Верн шығармашылығы туралы ақпарат табыңдар. Ақпараттардың негізінде сұрақ дайындаңдар. Викториналық ойынды топтық жұмыс түрінде үйымдастырыңдар. Ең көп жауап берген топ женімпаз болады.

## АЙТЫЛЫМ

## 10 -тапсырма.

Диалогті толықтырыңдар.

- Электронды кітапхананы пайдаланаңың ба?
- .....
- Электронды кітапханаға қай сайттан кіресің?
- .....
- Электронды кітапханада не істей аласың?
- .....
- Электронды кітапханадан қандай шығармаларды оқыдың?
- .....
- Кітаптан оқуды ұмытқан жоқсың ба?
- .....
- Сен қолданатын электронды кітапханада қандай айдарлар бар?
- .....



## АЙТЫЛЫМ

## 11 -тапсырма.

Рөлдік ойын: «Жюль Верннің монологі». Атақты француз жазушысының еміrbаяны мен шығармашылығы туралы мәліметтерге сүйеніп, оның атынан шағын монолог мәтінін жазыңдар. Оны ауызша айтыңдар. Монологте дауыс ырғағын, қазақ тілінің үндестік заңын сақтаңдар. Сөз екпініне мән беріңдер.

## ОҚЫЛЫМ

## 12 -тапсырма.

Келесі сабакқа міндетті түрде Жюль Верннің қазақ тіліне аударылған «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» әңгімесін оқып келіңдер. Келесі сабактар осы шығармаға арналады! Онлайн жүйесі мен электронды кітапханада бұл кітапты оқу үшін мына сайтты ашиңдар. [http://cak.clan.su/publ/balalar/lemdi\\_80\\_k\\_n\\_ishinde\\_sharlau\\_aza\\_sha\\_ertegi/1-1-0-29](http://cak.clan.su/publ/balalar/lemdi_80_k_n_ishinde_sharlau_aza_sha_ertegi/1-1-0-29)

# «Әлемді шарлау» түралы әлемдік мәселе

7–8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

ауқатты, бәстесу,  
ізнесуші, кедергі

#### АЙТЫЛЫМ

##### 1 -тапсыриа.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Қандай жерлерге саяхаттап бардың?
- Саяхатта не үнады?
- Қандай жерлерге саяхаттағың келеді? Неге?
- Саяхатшылар туралы қандай шығармалар оқыдың?
- Жазушы болсан, не туралы жазар едің? Неге?
- Жюль Верннің «Әлемді 80 күнде шарлау» романын оқыдың ба? Шығарма не туралы?
- Сенің ойыңша, әлемді қанша күнде шарлап шығуға болады?

#### ЖАЗЫЛЫМ

##### 2 -тапсыриа.

Кестеде бір адамның аты неше рет қайталанады?  
Ол — Жюль Верннің романындағы басты кейіпкердің есімі.

R	P	F	O	Й	Г	A	P	R	F
Ф	Ф	О	Г	Г	Ф	Б	Ф	Я	О
О	С	Ф	М	Ы	О	Ю	О	Ң	Г
Г	М	О	Е	Ф	Г	П	Г	Ф	Г
Г	Е	Г	Ц	О	Г	Ф	Г	О	І
Д	Н	Г	Д	Г	Ф	О	Э	Г	Ү
И	Г	Ф	Ж	Г	О	Г	Х	Г	Ф
Ф	П	О	Ф	Р	Г	Г	Ғ	Ф	О
О	Р	Г	О	Ш	Г	О	Ф	О	Г
Г	И	Г	Г	З	Ф	Р	О	Г	Г


#### АЙТЫЛЫМ

##### 3 -тапсыриа.

Өзің барғың келетін әлемнің ең үлкен қалаларын жаз. Оны картадан көрсет. Қай қалада көбірек болғың келеді? Неге? Шешіміңнің дұрыстығын дәлелдей айт.

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Суретке қара. Бұлардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Олар туралы шығарма қалай аталар еді? Пікірінді айт.

		
ағылшын джентельмені	ағылшын қызметшісі	ұнді қызы

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Тыңда. Оқы.

Шығарманың фабуласы: екі бай: Әлемді 80 күнде шарлап шығуға бола ма? — деп үлкен ақшаша бастеседі. Біреуі әлемді шарлап келеді. Бәс шешіледі. Бар болғаны — осы. Бірақ әлемді шарлау тура-лы әңгіме несімен қызық? Оны сол шығарманы оқыған адам ғана сезінеді.

Шығармадағы «Филем Фогг — Лондондағы ауқатты» адамдардың бірі еді. Ол — қаладағы «Реформ-клубтың» мүшесі. Фогг — өз ортасында сыйлы адам. Ол — кез келген істі уақытында бітіргенді ұннататын, тиянақты, ұқыпты, уәдесінде тұратын, сенімді адам. Бірде Филем Фогг Паспарту деген жігітті жұмысқа алады.

Бірде Фогг пен Паспарту «Реформ-клубқа» келеді. «Реформ-клуб» — ағылшын буржуазиялық қоғамындағы өнегелі, көргенді, тәрбиелі адамдар бас қосатын клуб. Олар клубқа келгенде, дәuletті мырзалар «Әлемді 80 күнде шарлап шығуға бола ма?» деп, **дау-**

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**



**ласып жатыр екен.** Клуб мүшесі — Стюарт мырза оның мүмкін еместігін айтып өзеуреді. Ал Фогг мырза 80 күнде әлемді шарлап шығу әбден мүмкін екенін айтады. Сейтіп, Стюарт пен Фогг ..... миллион фунт стерлингке **бәстеседі**.

Бұл — 2 қазан, сәрсенбі күні болатын. Фогг.... желтоқсан, сенбі күні таңтеренгі 8:45-ке дейін сапардан оралуы керек. Сейтіп, Фогг өзінің қызыметшісі — Паспартуды ертіп, әлемді шарлауға аттанады.

Фогг пен Паспарту Лондоннан Парижге барады. Одан әрі қарай бүкіл Жер шарын аралап шығады. Жолда артүрлі шытырман оқиғаларды **бастан еткереді**. Қандай сынақ болса да, Фогг мырза бәрін шешіп отырады. Жолжөнекей олардың соңына **ізкесуші**..... түседі. Ізкесуші оларға көп **кедергі** келтіреді. Тіпті .... рет тұтқынға да алады. Бірақ қанша қыындық көрсे де, саяхатшылар **мойымайды**. Керісінше, қиналған адамдарға көмектесіп жүреді. Саяхатшылар 21 желтоқсан күні Лондонға оралуы керек болатын. Бірақ Фогг мырза мен Паспарту күннен жаңылысады. .... күні сағат 8:50-де жетеді. Сейтіп, Фогг мырза бәсте ..... . Ол өзі құтқарған .... деген **жесір үнді** әйелге үйленеді.

Фогг пен Паспартудың жолсапары: Лондон—Париж—Суең — Монғолия — Бомбей — Гонконг — Иокогама — Сан-Франциско — Нью-Йорк — Ливерпуль — Лондон бағытында болады.

(Баспасөз материалдарынан)

**ЖАЗЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен дәптеріңе жазып ал. Олардың синонимін, бар болса, антонимін бірге жаз.

**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Шығарма мәтінін толық оқындар. Мәтіндегі көп нүктенің орнында тұруға тиісті сөздерді анықтаңдар.

**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Шығарма бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- Фогг пен Паспартудың сапары неше күнге созылады?
- Ізнесуші Фикс не үшін Фогтың соңына түседі?
- Фогг пен Паспартуды ізнесуші Фикс қай жерлерде, неше рет тұтқындейды?
- Фогг болашақ жарын қай жерде, қалай кездестіреді?
- Фогг кедергілерден қалай өтеді? Қазіргі кезде сейтуге бола ма?
- Паспарту қай кезде көзіне жас алады?

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Төменде Фогт пен Паспартудың жүрген жолы көрсетілген. Тек екі қаланың аты түсіп қалған. Соны тап. Ол қалаларда саяхатшылар қандай күйде болған еді?

Саяхат бағыты: Лондон — Париж—Суең — Монголия — Бомбей — Гонконг — Иокогама—Сан-Франциско (АҚШ) — Нью-Йорк—Ливерпуль—Лондон.

**ЖАЗЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Төмендегі қысқа мәліметтерге сүйеніп, Фогг мырзаға мінездеме жазындар.

- Фогг жолда қайыршы әйелге садақа берді;
- піл сатып алды;
- жесір әйелді өлімнен құтқарып алады;
- жесір әйел мен Фогг мырза бір-бірін ұнатып қалады;

- кешіккен сайын көлікке ақша беріп, қындықтан құтылады;
- Фиксті ұрып құлатады;
- кешіккенін білген кезде үнсіз мойындайды;
- жесір әйелге үйлене алмайтыны үшін кешірім сұрайды;
- жесір әйелге үйленеді;
- кешігіп келгенін мойындағанмен, жеңіске жетеді.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Әлем картасынан Фогт мырзаның жүрген жолын сзып көрсет.

Олар неше мемлекетте болды? Өр қаладағы шытырман оқиғалар  
женінде қысқаша айт.


## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

«Кім жылдам?». Сынып төрт топқа белінсін. **Фаламтордан**  
Фогт пен Паспартудың жолындағы қалаларға жеткізетін  
көліктердің (пойыз, кеменің, ұшақтың) жүру уақыттары  
женінде мәлімет жинаңдар. Жолға кететін уақытты 2  
нұсқада есептеп, өзара салыстырыңдар. Фогт заманы мен  
бүгінгі уақыттағы саяхаттаудың айырмашылығын айтып  
беріңдер.

- 1-нұсқа: Фогт мырзаның кезіндегі көліктермен жүргендегі жолға кеткен уақыт;
- 2-нұсқа: заманауи көліктермен (ұшақ) жүргенде жолға кететін уақыт.





**ЖАЗЫЛЫМ**

### 13 -тапсыриما.

Сынып топқа бөлінсін. Жағдаят: Сен «Реформ-клубтың» қожайынысың. Клубыңның ең беделді мүшесі — Филеас Фогг мырза бәсте жеңіске жетті. Ал мистер Стюарт жеңілді. Осы екі мырзаға ресми хат жазып, Фоггты құттықта да Стюартті марапаттанадар.

Сынып оқушылары «ең үздік құттықтау хаты» мен «ең үздік марапат» хаттың иелерін анықтасын.

**МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС**

# Балаларға ағылған сайттар

9–10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СЕЗДЕР

Қажетті

#### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

##### 1 -тапсырма.

Зат есімдерді сын есімдерге айналдырып жаз. Сол сездерді себеп-салдар үстеулерімен қосып, сөйлем ішінде қолдан.

Білім, ақыл, сана, бұлт, тау, теңіз, саяхат.

#### АЙТЫЛЫМ

##### 2 -тапсырма.

Диалог. Ғаламтордағы балаларға арналған сайттар туралы білетініңді айттып, досыңмен диалог құр.



#### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

##### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы, түсінгеніңді айт.

## Балаларға базарлық

Улкендер ғаламтордан өздеріне керегін қаншалықты көп тапса, кішкентай бұлдіршіндер де мұндай жақсы үрдістен тыс қала алмайды. «Балам!» дейтін жұрты болмаса, «Жұртым!» дейтін бала қайдан болсын?! — деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі уақытта біздің елімізде балаларға арналған әртүрлі іс-шаралар үздіксіз ұйымдастыруда. Балаларға арналған театрлар, саябақтар, арнайы ойын алаңдары, телебағдарламалар бұрынғымен салыстырғанда көбейіп келеді.

Қазір жай ғана ойын-сауықтан бөлек, мәдени-танымдық, интеллектуалдық деңгейі жоғары, пайдалы, қызық дүние пайда бола бастады. Соның бірі — балалардың көңілінен шығатын ғаламтор жүйесі мен ондағы балалар сайты деуге болады. Бұл — шын мәнінде, алі өзі оқып, жаза алмайтын балаларға керемет базарлық емес пе?!

Соңғы кезде ғаламторды қарасақ, еліміздегі ең танымал «Балбұлақ» балалар электронды журналының [www.balbulaq.kz](http://www.balbulaq.kz) сайты, «Балапан» телеарнасының [www.balapan.kaztrk.kz](http://www.balapan.kaztrk.kz) сайты, балалар білімімен айналысатын [www.bilimpaz.kz](http://www.bilimpaz.kz) сайты, балаларға арналған [www.balalar.ucoz.com](http://www.balalar.ucoz.com), [www.balalaralemi.kz](http://www.balalaralemi.kz) сайттары бар екен.

Сонымен бірге балалар мен ата-аналарға арналған [www.erketai.kz](http://www.erketai.kz) сайты бар. Осы сайттардан балалар өте қызық ақпараттарды алады. Бұл сайттарда арнайы жаңалықтар, қызықты кітаптар, ертегілер, қызықты материалдар, жап-жаңа топтамалар бар. Осы ақпараттарды жылдамырақ көшіріп алуға да мүмкіндік бар. Балалар сол бағдарламалар арқылы-ақ қазақ тілін игере бастады. Өйткені ондай бағдарламалар ешқандай үгітсіз өзінің жеңіл мазмұнымен, түсінікті тілімен сәбілерді, бастауыш сынып оқушыларын тарта алады.

Балалар сайты туралы бір мәселені үнемі ескеру керек. Ол — балаларды үнемі назарда ұстау, сайттарда отыру уақытын шектеу. Өйткені компьютердің алдында тым көп отыру балаға өте зиян.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

**Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, диалогті толықтырып оқындар. Өзің қажет деп тапқан сөйлемдерді жаз.**

- Іс-шара кім үшін жасалып жатыр?
- Іс-шара ..... арналған.
- Балалар көңілінен шығатын — не нәрсе?
- Не балалардың көңілінен шығады?
- Ғаламтордағы базарлыққа не жатады?
- Балаларға арналған .....
- [www.erketai.kz](http://www.erketai.kz) сайты кімге арналған?
- Бұл сайт ..... арналған.
- Сайттарда не бар?
- Онда ақпараттар, қызық кітаптар, ..... бар.
- Бұл материалдармен не істей аламыз?
- Балалар бұл материалдарды оқып, көре алады, онда ойнауға, оларды ..... болады.

**Қажетті сөздер:** балалар, сайт, балалар мен ата-аналар, ғаламтор жүйесі, қажетті материал, көшіру.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

**Мәтін мазмұнына сүйеніп, досыңа хат жаз. Хатта балалар сайтының біріне қатысты өз пікірінді жеткіз. Қазақ және шетел жазушыларының қандай шығармаларын оқуға болатынын айт. Хатында шырай формаларын, үстеулер болсын.**

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Ахмет Байтұрсынұлы «Балам!» дейтін жүрты болмаса, «Жүртүм!» дейтін бала қайдан болсын?!

Сен өзіңің жүртүңа ризасың ба? Біздің елде балалар үшін қандай қолайлы жағдай жасалған? Осы сұраққа жауап берер алдында төмендегі мәліметтерді оқы.

ЮНЕСКО дерегіне сүйенсек, бүгінде әлемде 774 миллиондай адам, яғни әрбір бесінші ересек не жаза, не оқи алмайды. 75 миллион бала мектеп жүйесінен тыс қалып отыр.

**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

**Диалог. Жағдаят:** Інің сенен ғаламторда балаларға арналған сайттар туралы сұрады. Не айтасың? Мәтіндегі мәліметтерді қамти отырып әңгімелесіңдер.

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Мәтінде көрсетілген [www.erketai.kz](http://www.erketai.kz) сайтын пайдаланып, жұмбақтардың шешімін тап. Жұмбақтардан күшеттепі шырайы бар сейлемді көшіріп жаз.

**МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС**

Жіп-жіңішке денесі,  
Ортасында шегесі.  
Үрлесең — жеп-женіл,  
Еллілдеп кетеді.  
Ұшырсаң көк теңбіл  
Бұлтқа да жетеді.  
Керек санды тересің,  
Елге сәлем бересің.

**АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Сұрақтарды пайдаланып, өзің білетін балалар сайттары туралы мәтін құрап айт.

1. Сен балаларға арналған қандай сайттарды білесің?
2. Ол сайттарды не үшін пайдаланаңың?
3. Сайттардан ертеңі, әңгімелерді оқисың ба?
4. Сен білетін сайттарда қандай қызық маліметтер бар?
5. Сайттарға қызығасың ба? Неге?

**ЕСТЕ САҚТА!**

Балаларға арналған сайттарды пайдаланамыз. Сайттарда қызық ақпарат көп. Қажетті материалдарды көшіріп алуға болады.

# Нәтиже сабак. Мен не үйреним?

11  
САБАК

## АЙТЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Фаламторды қазақ тілін оқығанда пайдаланаңың ба?
2. Қандай жағдайда пайдаланаңың?
3. Ақпаратты кітапханадан қараған ыңғайлышы ма, фаламтордан қараған ыңғайлышы ма? Неге?
4. Фаламтор оқушы үшін пайдалы ма?
5. Фаламтордың алдында күніне неше сағат отырасың?
6. Фаламтордың қандай пайдасы бар?
7. Фаламтордың қандай зияны бар?

## АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«Ең үздік қойылым». Сынып екі топқа белінсін. Шығарма мазмұны бойынша Фогг пен Стюарт басін сахналаңдар. Сахнаға шыққан әрбір кейіпкер қойылымда сейлесін. Қойылымда джентельмендердің сез әдебі сақталсын. Алдын ала сценарий жасап, рөл белісіндер.


Қойылымды бағалау критерийлері:

- шынайылығы;
- фантазия деңгейі;
- әртістік қабілеттері;
- сез әдебі.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Суретке қара. «Фаламтордың тұңғиығы» тақырыбында фаламторды пайдалану мәдениеті туралы мәтін құрап жаз. Мәтінде осы «Фаламтормен дұрыс жұмыс жасау — мәдениет» белімінде менгерген білімің, жаңа ақпарат қамтылуы тиіс. Талаптар: көлемі: 160-180 сез. Деректер, мақал-мәтелдер болуы шарт. Үстеулерді қолдан.



### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жеті түрлі ілім біл,  
жеті жүрттың  
тілін біл! (Қазақ нақылы)

8  
ТАҚЫРЫП

# МУЗЫКА. ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

I. ЖАНСУГИРОВ «КУЙШИ» ПОЭМАСЫ (ҮЗІНДІ)

1—2  
САБАҚ

## Маған классикалық, музыка ұнайды

### МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### ЖАҢА СӨЗДЕР

классикалық, дәстүрлі,  
халық әндері, халық қүйлері

#### АЙТЫЛЫМ

##### 1 -тапсыра.

Сұрақтарға жауап бер.

- «Классикалық адебиет», «классикалық музыка» дегенді қалай түсінесің?
- Қазақ және орыс халқының қандай өлеңдерін білесің?
- Қазақтың қандай композиторларын білесің?
- Сәған қандай халық әндері ұнайды?

#### ЖАЗЫЛЫМ

##### 2 -тапсыра.

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәтін құра.

- |             |             |
|-------------|-------------|
| a. Мен ән   | 1. тартасың |
| ә. Сен қүй  | 2. тыңдайды |
| б. Сіз өлең | 3. билейміз |
| в. Ол ауен  | 4. айтамын  |
| г. Біз би   | 5. оқисызы  |

#### АЙТЫЛЫМ

##### 3 -тапсыра.

Қазақстанда қандай енер сайыстары өтеді? Сызбаға сызбаға түсір. Осы сайыстар туралы әңгіме құра.

Өнер сайыстары					
Ақындар айтысы	Биле, билел				

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құра.

Қазақ халқы — өнерсүйгіш халық. Оның музикалық мәдениеті өте бай. Халқымыз ақын, әнші-сазгерлерді ерекше құрметтеген. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ұбырай қазақтың классикалық әндерінің негізін қалаған. Қазақтың ұлттық музика мәдениетінің ішінде ән салу мен ән шығару, домбыра, қобyz, сырнай тарту жақсы дамыған. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының арасынан көптеген әнші-композиторлар, жырау-жыршылар, ақын-күйшілер шыққан. Олар: Құрманғазы, Дәулеткереj, Тәттімбет, Дина, Сүгір және т.б. Қазақ халқының ән-музыка мәдениетінің дамуына Біржан, Мұхит, Естай, Нартай, Жаяу Мұса, Майра, Жамбыл, Кенен, Әміре сияқты ұлы тұлғалар үлес қосқан.

Этнограф және сазгер А. В. Затаевич екі мың үш жүзден астам халық әндері мен күйлерін жазып алғып, «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинақтар жариялаған. Осыдан-ақ қазақ музикасының қаншалықты бай екенінің көргө болады.

Музика — **классикалық музика, халық әндері, халық күйлері** болып бөлінеді. Оны үлкен залдарда оркестр орындаиды. Классикалық музика терең мазмұнды болып келеді.

Қазақ әндерінің көвшілігі домбыраның сүйемелдеуімен орындалады. Қазақ әндері татулық пен бірлікті, байсалды мінезді, ақылдылықты насиҳаттайтын. Қазақ халқының кең тараған халық әндері: «Дудар-ай», «Гүлдерайым», «Бір бала» және т.б.

Халық күйлері — халықтың тұрмысын, салт-дәстүрін, адамның тағдырын баяндаиды. Халық күйлері ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Сондықтан олардың авторлары ұмытылып, **халықтың күйі** деп аталған.

**ЖАЗЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Сұрақтарды пайдаланып, досыңмен диалог құр.

Үзінді	Түсініктеме
Музика	Музика — классикалық музика халық әндері, халық күйлері болып бөлінеді.

- Қазақтың классикалық музикасының негізін кімдер қалаған?
- Қазақтың ұлттық мәдениетінің ішінде қандай өнер жақсы дамыған?
- Қазақ әндерінің көвшілігі ненің сүйемелдеуімен орындалады?
- Қазақ әндері нені насиҳаттайтын?
- Кең тараған қандай қазақ халық әндері бар?
- Халық күйлерінде не баяндалады?
- Халық күйлері бізге қалай жеткен?

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсыра.**

**Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, бес сұраулы сейлем құра.**

*Tіrек сөздер:* классикалық, дәстүрлі, ғасыр, халық әндері, халық күйлері.

**ОҚЫЛЫМ****8 -тапсыра.**

**Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.**

Ертеде бір ханның жалғыз ұлы болады.  
Бір күні ханның ұлы аң аулауға шығып, жайылып жүрген бір топ құланға кезігеді. Ханның ұлы үйірді бастап жүрген құланды атады.  
Жараланған құлан ханның ұлын тұяғымен теуіп өлтіреді.

Баласын бірнеше күн күтіп, аңшылықтан оралмаған соң бір сұмдықтың болғанын сезген хан: «Кімде-кім ұлым туралы жаман, қайғылы хабар жеткізсе, көмейіне қорғасын ерітіп құямын!» — деп, жар салады.

Бұл хабарды естіген халық ханның алдына барып, көңіл айтудан қорқады. Не істерлерін білмей қатты қиналған уәзірлер ел ішіндегі атақты күйшіге келіп өтініш айтады. Күйші ханның алдына келіп, рұқсатын алған соң, домбырасын қолына алып, бір күйді ойнайды. Құніренген күйдің сазымен аңшылық көрініс, ашулы құландардың тұяқтарының дұрсілі, жалғыз ұлының қаза тапқаны ханның көз алдынан өтіп жатады. Күйдің құдіретінің арқасында хан болған жайды түсініп, егіліп жылайды.

Бір кезде есін жиған хан: — Ұстандар мына күйшіні! — деп уәзірлеріне әмір беріпті.

Сонда күйші: — Дат тақсыр! Мен емес, мына домбыра ғой сізге естірткен, — депті.

Олай болса, домбыраның шанағына құйындар қорғасынды!, — дейді хан.

Міне, содан бері қазақ домбырасының шанағында тесік пайда болыпты. Бұл күйді естірткен — Кетбұға күйші екен.

(Б. Адамбаевтан)

- Мәтінді диалогке айналдырындар.
- Мәтіннен етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын айтындар.
- Ғаламтордан «Ақсақ құлан» мультфильмін көріндер.
- Сыныпта мазмұнын баяндаңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсыра.**

**youtube.com сайтынан «Ақсақ құлан» күйін тыңдалап, алған әсерінді жаз.**

## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсыриа.

Мәтіндегі ақпарат бойынша ойбөліс өткізіндер.

— Бала кезімнен шет тіліндегі әндерді орындағанды ұнатаамын.

Қателеспесем, 17-18 жасымда болуы керек, қазақша әнді алғаш рет тыңдадым. Ол — халық әні «Ақбақай» еді, ерекше ұнады. Одан бөлең «Желсіз түнде жарық ай», «Қамаңжай», «Құсни-Қорлан», «Ақжайнаң», «Арыс жағасында» сияқты бірталай әндерді жатқа білемін. Өзіңіз байқап отырғандай, қазақ тіліндегі репертуарым бай, – дейді жапон қызы Мидзуки Накамури.

— Қазақ мәдениеті сізге несімен ұнайды?

— Мектепте оқып жүргенімде Қазақстанның ТМД үйымына мүшесе екенін, Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан ел екенін ғана білетінмін. Қазақ әндерін алғаш тыңдағанымда, Қазақстанның таңғажайып аң мен қүйдің отаны екенін түсіндім. Мектеп бітірген соң, Цукуба университетіне оқуға түстім. Университетте ТМД елдерінен келген студенттер, магистранттар көп. Қазақстанның достарыммен бірге аң айттық, биледік. Қазақ халқының ұлттық тағамы — етті де астық. Қазақтар — өте қонақжай, ашық халық. Олармен араласу оңай, жақсы әсер қалдырады. Осы себепті қазақ халқын, дәстүрін, мәдениетін жақсы нөремін.

— Ән айтудан басқа өнеріңіз бар ма?

— Мен жапон, ағылшын, орыс, татар, өзбек тілдерін жақсы білемін. Сонымен бірге башқұрт, қазақ, үйғыр, түрік, тәжік тілдерін де жақсы түсінемін. Қазір қытай, кәріс, парсы тілдеріне қызығып жүрмін. Бұрын мектеп кезінде үйренгенмін, қолданбаған соң ұмытып қалыптын. Бала кезімнен тіл үйренуге құмар болдым. Арманым — ұлттық киім киіп, домбырамен ән айту. Қазақ халқының ұлттық киіміндегі өрнектер өте әдемі.

(«Дала мен қала» газетінен)



#### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ халқы — өнерсүйгіш халық. Оның музыкалық мәдениеті өте бай. Халқымыз ақындарды, әншілерді сазгерлерді ерекше құрмет тұтқан.

# Қазақтың әншілік өнері

3—4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ


#### 1 -тапсыриа.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақтың ән өнері туралы не білесің?
- Қазақтың қандай әншілерін білесің?
- Саған қандай әндер үнайды: халық әндері ме әлде эстрадалық әндер ме?
- Қазақ эстрадасының қандай әншілерін білесің?
- Қазақ тіліндегі қандай ән үнайды?
- Ұялы телефоныңа ән жазасың ба?
- Ән жазсан, ол — кімдердің әні?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

асыл қазына, тармақ, наным-сенім, дауір, құдірет, ауыздан ауызда таралу, күміс көмей, үлгі-өнеге



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

«Қазақ әншілері» деген тақырыпта диаграмма құр.

### ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсыриа.

Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта.

### МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

#### Қазақтың ән өнері

Қазақтың ән өнері — халқымыздың асыл қазынасы, фольклордың музикалық саласының бір тармағы. «Фольклор» сөзі ағылшын тілінен алынған. Ол «халық даналығы, халық білімі, халықтың ауызша шығарған туындылары» деген мағынаны білдіреді. Фольклор шығармалары халықтың әр дәүірдегі түрмис-салты, наным-сенімі, күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты. Бұл шығармаларда халықтың «косылай болса екен» деген арман-тілегі айтылады.



Ән — халық сүйіп айтатын, тыңдайтын, санғасырлық тарихы бар мұзыкасы. Қазақ халқында ән-күй туралы көптеген мақал-мәтел, аңыз, жырлар бар. Мысалы, «Сөз — құміс, ән — алтын», «Ел көркі — қызы, той көркі — ән», «Ән өмір үзартады» деген асыл сездер осы өнерге арналған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да ән мен күйдің құдіретін жырлап:

Кұлақтан кіріп, бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар  
Әнді сүйсөн, менше сүй, —

деген болатын.

Қазақтың бірде-бір отырысы ән-күйсіз өтпеген. Ауылдан ауылға ән айтып, күй тартып жүрген жыршы, сал-серілер өз өнерін көрсетіп, халықтың көңілін көтерген. Ақын-әншілердің өнері халық арасында ете жоғары бағаланып, ақынның келген ауылы оған зор сый-құрмет көрсеткен. Олардың аты аңыз-әңгімелеге айналып, ауыздан ауызға таралып, бүгінгі үрпаққа жеткен.

Қазақтың құміс көмей әншісі — Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көрмедегі этнографиялық концертте екінші орын алып, құміс медаль иеленді. Қазақтың «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Қанапия», «Қызыл бидай», «Смет», «Жалғыз арша» сияқты классикалық әндері Әміре Қашаубаев айтқан үлгі-өнегемен орнығып, кейінгі әншілердің репертуарларында жалғасын тауып келеді.

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

**«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірінді дәлелде.**

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша....».

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны .... деп түсінемін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

1. Роза Рымбаева — қазақ эстрадасынің жүлдзызы.
2. Роза Рымбаева «Әлия», «Атамекен», «Любовь настала» әндерін тамаша айтады.
3. Роза Рымбаеваның «Әлия», «Любовь настала», «Атамекен» әндерін біз сүйіп тыңдайсың.
4. Мен әуен тыңдағанны жақсы көремін.
5. Әкем маған CD плеер сатып алғып берді.
6. Сол кезден бастап мен диск жинай бастады.
7. Маған түрлі әуендер ұнайды.
8. Өзіне ұнайтын топтардың, әншілердің дискілерін жинаймын.
9. Мен әр дискінің сыртындағы ақпаратты оқисың.
10. Көбінесе маған ұнайтын әншілердің дискісін табуға тырысамын.
11. Сонымен қатар мен теледидардағы бағдарламалерды, ән сайыстарын ұзбей көремін.
12. Биыл мен «Саз әлемі» атты бағдарламаны көріп жүрмін.
13. Ол бағдарламаны ұзбей қараймын.
14. Бағдарламада әншілар ән айтып жарысады.
15. Бұл байқауда кім жақсы ән айтса, сол жеңімпаз атанады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Жеке сөздерден сейлем құра. Сейлемді үлгідегі формула бойынша жаз.

Үлгі: 1-сейлем: 1А — 3Ә — 2Б — 5В

№\код	A	ә	Б	В
1	ол	дискінің	жақсы	оқимын.
2	әр	байқауында	ұзбей	жарысты.
3	Әсел	бағдарламаны	айтып	көремін.
4	диск	ән	сыртын	атанды.
5	ән	бағдарламаларды	маған	қараймын.
6	теледидардағы	жинау	жеңімпаз	ұнайды.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Сұхбатты толықтыр.

- Айжан, сен қандай әндерді тыңдайсың?
- Маған қазақ әндері ұнайды.
- Ал саған ше?
- .....
- Сен дисклерді жинайсың ба?
- .....
- Қандай ән байқауларын білесің? Теледидардан қандай байқауларды көресің?
- .....
- Қазақ әншілерінен кімдерді тыңдайсың?
- .....

**ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Сейлемге үш нұсқада сұрақ қой.

<b>Сейлемдер</b>	<b>Сұрақтар</b>
Қазақтың ән өнері — халқымыздың асыл қазынасы, фольклордың музикалық саласының бір тармағы.	
Фольклор шығармалары халықтың әр дәуірдегі тұрмыс-салты, нағым-сенімі, күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты.	
Бұл шығармаларда халықтың «осылай болса екен» деген арман-тілегі айтылады.	
Ән — халықтың сүйіп айтатын, тыңдайтын, санғасырлық тарихы бар халық музикасы.	
Қазақ халқында ән-күй туралы көптеген мақал-мәтел, аңыз, жырлар бар.	
Қазақтың бірде-бір отырысы ән-күйсіз өтпеген.	
Ауылдан ауылға ән айтып, күй тартып жүрген жыршы, сал-серілер өз өнерін көрсетіп, халықтың көңілін көтерген.	
Қазақтың күміс көмей әншісі — Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көрмегедегі этнографиялық концертте екінші орын алғып, күміс медаль иеленеді.	

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Жақшаның ішіндегі тиісті сөзді қойып, сейлемді жаз.

1. Әміре Қашаубаев — қазақтың (күйшісі, жыршысы, әншісі).
2. Ақын-әншілердің өнері халық арасында (төмен, жоғары) бағаланған.
3. Мен ол (бағдарламаны, адамды, кітапты) үзбей қараймын.
4. Жараланған (құлан, ат, сиыр) ханның ұлын тұяғымен теуіп өлтіреді.

**ЕСТЕ САҚТАІ**

Ән — халықтың асыл қазынасы.  
Маған қазақша әндер ұнайды.  
Әміре Қашаубаев — атақты әнші.

**ЖАЗЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

«Мениң сүйікті әншім» деген тақырыпта эссе жаз.

**Талаптар:**

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен раставу қажет.

- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- тенеу мен метафороны ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

# Күй – қазақтың жан серігі, сұрласы

5–6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Төмендегі сөйлемдерді толықтырып жаз.

- 1) ... — күй атасы.
- 2) Ол кісінің күйлерін тыңдаған соң, менде домбыраға деген ... оянды.
- 3) Домбыра ... үшін үйірмеге жазылды.
- 4) Ол жақта маған ... мен ... үйретті.
- 5) Дыбыстарды ... үшін ұстазды мұқияттыңдау керек.
- 6) Домбыра үйрену үшін адамға ... те керек.
- 7) ... дұрыс басылмаса, дыбыс жақсы шықпайды.
- 8) Бұғін досым — Саша да домбыра үйірмесіне ... .

**Қажетті сөздер:** Құрманғазы, Дина, Тәттімбет күйлерін, тез қағып алу, пернер, икемділік, жазылды, үйрену, қызығушылығы.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Қазақтың ұлттық саз аспаптарымен таныс. Суреттегі аспаптар туралы мәлімет жина.



а) шанқобыз

ә) сазсырнай



в) дауылпаз



б) жетіген



г) домбыра

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсінгенінді баянда.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

## Күйші (ұзінді)



Ілияс Жансүгіров  
(1894—1938)

Қамаудың хан ауылы қыр жағында,  
Аңқытып ақ орданың бір жағында.  
Күйші отыр домбыраны дүбірлетіп,  
Құмар қып тартқан күйдің ырғасына.

Буынсыз он саусағы күй қағуға,  
Көніліне тыңдағанның от жағуға,  
Бал тамған бармағынан домбырашы  
Жан терге түсіп отыр мына дуда.

Күйшінің қошеметке көнілі тасып,  
Бес бармақ маймаң қақты перне басып,  
Толқынтып тоқсан күйді дүрілдettі,  
Көнілді бірде шымшып, бірде қысып.

Екі ішек жүрек жарып, көніл ашып,  
Бірде ойнақ, бірде баяу сыйырласып,  
Зарлы күй, ащы күйдің, тәтті күйдің –  
Бәрін де лақылдатып, төгіп-шашип.

Құніренген бір мұнды күй даланы алды,  
Табиғат тып-тыныш бола қалды.  
Қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп,  
Қамыстан жолбарыс та ыңыранды.

Құніреніп Асанқайғы күй толғанды,  
Желмая желе жортып жерді шалды.  
Алатай, Алтай, Арқа, Қырлы, Сырлы  
Аралап, қоныс таппай күй зарланды.

Қаққанда деген күйді «Терісқақпай»  
Жым-жырт бол тына қалды жел де соқпай.  
Домбыра айналаға дүбір салды,  
Адақтап жалғыз шапқан жүйрік аттай.

Тартқанда батыр күйін «Қорамсақтайдай»,  
Ақ түтек тұра ала ма боран соқпай?!  
Ару бол ат артында қалмақ қызы  
Безектеп перне басты шынашақтайдай.

Күй алды Бақанастың қара өзегін,  
Дауылдай бұрқыратып ебелегін.  
Қара жер қалқып барып, қата қалды,  
Саймақтың суырғанда «Сарыөзенін».

Үн қылып домбыраның өндіршегін,  
Тіл қылып сөйлеп, зарлап екі ішегін,  
Құніреніп жұрттың көнілі түйе болды,  
Шерткенде Тойтан тартқан «Бозінгенін».

Күн тыңдалап, кірмей тұрды ұясына,  
Бұлт тыңдалап, мінбей тұрды тау басына,  
Мақұлдық жерде, көкте маужырады,  
Қараған бір жан болмай шаруасына.

Су ақпай жатты тоқтап арнасында,  
Қарғалар қалқып қалды жар басында.  
Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,  
Тырп етпей, тілеулемес бол зарласынға.

Қалмақты қақты «Қара жорғасына»,  
Айналды ақ алмастар қорғасынға,  
Мәжіліс, міне, осындей болып жатты  
Бір кеште хан Кененің ордасында.

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырима.**

Сұрақтарға жауап бер.

- Ілияс Жансүгіров — кім?
- Оның қандай шығармасын білесің?
- «Күйші» поэмасы кім туралы?
- Онда қандай кейіпкерлер бар?

**ЖАЗЫЛЫМ****5 -тапсырима.**

Мәтіндегі теңеулер мен метафораларды теріп жаз. Оларды пайдаланып, сейлем құра.

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырима.**

<http://kitap.kz> сайтынан I.Жансүгіровтың «Күйші» поэмасының толық нұсқасын тыңдап, түсінгенінді айт.

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырима.**

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

**МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС**


Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Күйші отыр домбыраны дүбірлетіп, Құмар қып тартқан әннің ырғағына.		
Буынсыз он саусағы күй қағуға, Көңіліне тыңдағаның от жағуға.		
Толқынтып жетпіс күйді дүрілдettі, Көңілді бірде шымшып, бірде қысып.		
Қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп, Қамысттан арыстан та ыңыранды.		
Алатау, Алтай, Алатау, Қырлы, Сырлы Аралап, қоныс таппай күй зарланды.		
Тартқанда батыр күйін «Қорамсақтай», Ақ түтек тұра ала ма боран соқпай?!		
Қара аспан қалқып барып қата қалды, Саймақтың суырғанда «Сарыөзенің».		
Қалмақты қақты «Қаражорғасына», Айналды ақ алмастар қорғасынға.		

**ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Ілияс Жансүгіров туралы қосымша мәлімет жина. «Ол — кім? Ол — қандай ақын? Ақынның атымен аталатын қандай елді мекендер мен орындарды білесің?» деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыр.

**Талаптар:**

1. көлемі — 4-6 сөйлем;
2. сын есімдерді жиі пайдалан;
3. міндепті түрде жаңа сөздерді қолдан.

**АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Төмендегі өлең жолдары бойынша әңгімелесіңдер. Өлең жолдарындағы ақынның суреттеуін көз алдарыңа еле-стетіп, суретін салыңдар.

Күн тыңдал, кірмей тұрды ұясына,  
Бұлт тыңдал, мінбей тұрды тау басына,  
Мақұлық жерде, көкте маужырады,  
Қараған бір жан болмай шаруасына.

**ЖАЗЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Берілген сөз тіркестерінің бағыныңызы сыңарын қойып, жаз. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

... ауылы, ... орда, ... қағуға, ... қақты, ... сыйбырласып, ... күй, ... шалды, ... салды, ... ішек, ... маужырады.

**АЙТЫЛЫМ****11 -тапсырма.**

Поэмадағы ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

**ЕСТЕ САҚТА!**

Ілияс Жансүгіров — ақын. Оның «Күйші» деген поэмасы бар.

# Әлемге танымал «Ұлытау»

7–8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Күй дегеніміз — не?
- Күй туралы кімнің поэмасы бар?
- Ол поэмада кім бейнеленген?
- Сен күй тыңдайсың ба?

### ЖАҢА СЕЗДЕР

тыңдарман, дәріптеу, батылдық, ұйытқу, аңқу, жылқылардың жеселісі, қатал жүзді, үйлестіру, елеңтеу

- Қандай атақты күйшілерді білесің?
- Домбыра — қандай аспап?
- Домбыра туралы не білесің?
- Қазіргі күйшілер туралы білесің бе?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырима.

Сурет бойынша  
әңгіме құра.



**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда. Мәтіндеңі негізгі ақпаратты анықта.  
Түсінгеніңді бағандада. Жоспар күр.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**

Қазақтың «Ұлытау» этно-рок тобы 2001 жылы құрылды. Топтың мақсаты — бүкіл әлемде тыңдармандарды халық шығармаларының сұлулығы мен қазақ халқының мәдениетімен таныстыру, сонымен қатар өскелең жас ұрпаққа домбыраның қадір-қасиетін дәріптеу. «Ұлытау» тобы — отандық және әлемдік заманауи инструменталды музыка саласындағы жаңалық, топ музыканнтары Құрманғазы, Даулеткерей, Тәттімбет, Н.Тілендиев, Бах, Вивальди, Паганини сияқты композитордың шығармаларын ерекше құлшыныспен, ынтамен орындаиды.


«Ұлытау» тобының мүшелері әлем классиктерінің таңдамалы шығармалары мен қазақ классиктерінің туындыларына бірдей қызығушылық танытып келеді, түрлі тақырыптағы, түрлі дыбыстық ерекшеліктері бар туындыларды орындаиды. Олардан дала желінің үйітқуы, күн көзіне құйғен шөптің ісі аңқиды, тәкаппар, сәнді жылқылардың желісі байқалады, қатал жүзді ақсақалдар мен әдет-ғұрыптардың арбаушы сиқыры елестейді. Бұл өнерді «World Music» деп те атауға болады.

«Ұлытаудағы» электргитараның асқан шеберлі үйқастары Ричи Блэкмордың ұқсас экзерсистерін еріксіз еске түсіреді, ал динамикалық және жуан дыбысының ырылдауы — Роджер Гловерді елестетеді. Музыканнтар скрипканың нәзік үні мен төл дыбысымен ерекшеленетін қара домбыраның үнін ауыр роктың, блюздің жайландыратын нью-эйдждің «мәдениетімен» тамаша үйлестіреді.

(<http://www.ulyttau.kz> сайтынан)

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Домбыраның құрылышын досына таныстыр.

**ЖАЗЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Берілген етістіктерді шақ формасымен түрлендіріп, сейлем құра.

Етістік	Аудыспалы өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ
Күрүл				
таныстыр				
дәріпте				
орында				
таныт				
ойна				
байқа				
елесте				
үйлестір				

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сейлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша пікірінді бір сейлеммен жаз.  
**Дәлел.** Өз пікірінді бір сейлеммен дәлелде.  
**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.  
**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Жақша ішіндегі түйік етістіктерді тиісті тұлғада қойып, сейлемді жаз.

Мен бүгін «Ұлытау» тобының концертіне (бару). «Ұлытауды» өте белгілі топ деп (есептеу). Топтың мүшесі — Ержан домбырада шебер (ойнау). Мен де шебер күйші болғым (келу). Сондықтан домбыра үйірмесіне (жазылу). А남 мені үйірмеге ертіп (апару). «Ұлытау» тобы Құрманғазының күйлерін (орындау).

**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

<https://www.youtube.com> сайтынан «Ұлытау» тобы туралы берілген «Қазақстан» үлттық арнасынан берілген хабарды тыңдаңдар. Ілияс Жансүгіров суреттеген күйдің құдіретті күшін сезіндіңдер ме? Қандай әсер алдыңдар? Ой бөлісіңдер.

**АЙТЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****9 -тапсырма.**

Топтың жұмыс. «Ұлытау» тобының мүшелері тұралы оқып, сыныпқа хабарлама жасаңдар.



Менің атым — Ержан Әлімбетов. Мен Қызылорда қаласында тудым. Қызылорда қаласындағы музикалық мектеп пен музикалық училищені аяқтадым. Сондай-ақ Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «домбыра» мамандығын бітірдім. Өмірлік ұстанымы: Адам болып туған соң өмір бойы сол атқа лайық болу керек.



Менің атым — Әсел Исаева. Мен Алматы қаласында тудым. Кішкентай кезімнен музика мектебіне баруыма әкем қолдау көрсетті. Әкеммен бірге тұнгі үшке дейін музыкамен айналысатынбыз. Музика — менің өмірімнің бір бөлшегі. «Ұлытауға» келгеніме ете қуаныштымын. Бұрын классикалық туындыларды ғана орындастыным. «Ұлытаудың» форматы мүлде бөлек.



Мен, Максим Кичигин, Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногорск қаласында дүниеге келдім. Музика мектебінде «баян» класы бойынша оқыдым. 11 жасынан бастап гитарада ойнауды үйрендім. Ата-анам сыйлаған алғашқы гитарам «Орфей» деп аталатын. 1998 жылы Қызырәлі Болмановпен таныстым. Ол этножобамен жұмыс істеу туралы ұсыныс жасады. Кейіннен бұл жоба көпшілікке «Ұлытау» атауымен танымал болды.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Дәстүрлі күйшілер мен «Ұлытау» этно-рок тобының орындаудындағы күйлерді салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастығын көрсетіңдер. Ойтотғау жазындар.

### ЕСТЕ САҚТА!

«Ұлытау» тобы қазақты әлемге танытты. Мен «Ұлытау» тобының концертіне бардым.

# Опера шеатрына барадың

9—10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.

- Театр дегеніміз — не?
- Театрдың қандай түрлері бар?
- Астана және Алматы қаласында қандай театрлар бар?
- Сенің өлкенде қандай театр бар?
- Сен театрға барасың, ба?
- Саған қандай қойылым ұнайды?
- Сенің сүйекті актерің — кім?

### ЖАҢА СЕЗДЕР

қабілетті, өнер қайраткерлері, алвашқы құрамы, жалпы аумасы, саулетші, қасбеті, маңдайша, патшайым, қос доңвалиқты

### АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Досыңмен диалогті оқып, жалғастырыңдар.

- Сәлем!
- Сәлем! Қалың қалай?
- Жақсы. Өзің қалайсың?
- Жақсымын. Қайда бара жатырсың?
- Театрға бара жатырмын.
- Кіммен? Жалғыз барасың, ба?
- Жоқ, сыныппен барамын.
- Қай театрға барасыңдар?
- Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік опера және балет театрына барамыз.
- Қандай қойылымға билет алдыңдар?
- «Қыз Жібек» операсына барамыз.
- О-о, қандай керемет!
- Бізben бірге театрға жүр.
- .....
- .....

**ЖАЗЫЛЫМ****3** -тапсырима.

Сурет бойынша әңгіме құра.

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4** -тапсырима.

Мәтінді тыңда. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта. Мәтін бойынша жоспар құр.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**

Қазақстанда екі опера және балет театры бар. Біріншісі — Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театры. Бұл театр 1934 жылы 13 қаңтарда ашылып, өз репертуарын М.Әуезовтің либреттосына жазылған «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклемен бастады. 1945 жылы театрға Абай есімі беріліп, «Амангелді» қойылымы көрсетілді. Театрдың алғашқы құрамында театрдың қабілетті, дарынды әртістері — Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Құләш пен Қанабек Байсейітовтер, Серғали Әбжанов, Үрия Тұрдықұлова және басқалар болды. Кейін олардың көбі «Қазақстан опера өнерінің қайраткерлері» атанды.

1944 жылдан бері театр шымылдығын жыл сайын А. Жұбанов пен Л. Хамиди бірігіп

жазған «Абай» операсымен ашады. «Абай» операсы атақты опера сахналарында қойылды.

Екіншісі — «Астана опера» Мемлекеттік опера және балет театры. «Астана опера» театры «Біржан-Сара» операсымен ашылды. Ондағы басты рөлдерді Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Татарстанның халық әртісі, тенор Ахмед Агади (Біржан рөлінде) мен Қазақстанның халық әртісі Нұржамал Ұсенбаева (ақын Сара рөлінде) ойнады.

«Астана операның» жалпы аумағы — 61163 шаршы метр. Ол 4 блоктан тұрады. Жобаның авторы саулетші Ренато Аркетти грек-рим мен қазақтың ұлттық саулет дәстүрін жақсы үйлестірген. Фимараттың сыртқы қасбеті «Сицилия інжуі» мәрмарімен қапталған. Театрдың бас кіре берісі мандайшасына қола квадрига — төрт пар ат жеккен қос донғалақты арбаның үстінде қолына лира ұстаған сақ патшайымы — Томиристің (Тұмар) мүсіні қойылған.

(Баспасөз материалдарынан)

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сейлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған матін бойынша пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Қазақтың атақты опера әншілері туралы мәлімет жинап, кестені толтыр.

Аты-жөні	Опера аты. Ойнаған рөлі
Қанабек Байсейітов	«Қызы Жібек» операсы Бекежан, ... рөлі
Майра Мұхамедқызы	«Қызы Жібек» операсында Жібек, «Абай» операсында Ажар, ... рөлінде

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 7 -тапсырма.

<http://kazradio.kaztrk.kz> сайтынан «Опера маржандары» атты хабарды тыңдап, шағын хабарлама жаса.

### ЕСТЕ САҚТА!

Мен операға бардым. «Астана опера» — әдемі фимарат.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Екі топқа белініңдер. Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры және «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры туралы мәлімет жинаңдар. Әр топ өздері таңдаған театр туралы жарнама дайындаңап, көрермен жинасын.

# Нәшікке сабак. Мен не үйфендім

11–12  
САБАҚ

## ОҚЫЛЫМ

### 1 -тапсыриа.

Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Түсінгеніңді баянда.

Мен 1930 жылы 21 ақпанда Алматыда туғанмын. Әкем — Ілияс Жансүгіров, шешем — Фатима Теребаева. Әкем Талдықорғанның Ақсу өңірінен, шешем — Жаңақорғаннан. Екеуі 1928 жылы Қызылорда ел астанасы болып тұрған кезде сол жерде танысқан. Шешем — әдемі дауысы бар әнші болатын.

Жастайымнан ағайын-туыс, үйге келетін адамдардың бәрі: «Әкене ұқсайсың!» дейтін. Мектепте, кейін Мәскеудегі Тау-кен университетінде орысша оқыдым. Алайда тілімді сақтадым. Қазір әкем туралы мақала жазып тұрамын. Жамал, Ризеда есімді екі қызыым бар. Жамал Мәскеуде, Ризеда Хорватияда тұрады.

(Саят Жансүгіров)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2 -тапсыриа.

Төменде берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Саз әлемі» байқауының қалай еткені жайлы досыңа хат жаз.

*Тірек сөздер:* байқау, қазақ әншілері, қатысты, кеше, женімпаз анықталды, байқау әділ етті..

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 3 -тапсыриа.

Мәтінді тыңда. Досыңмен бірге «Ұлытау» тобының мүшесі — Ержан Әлімбетов туралы жазылған сұхбатты оқы.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Өлеңді оқы. Өлеңдегі өзіңе ұнаған ойды негізге алып, диалог құрындар. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын нақтыланадар.

Буынсыз он саусағы күй қағуға,  
Көңіліне тыңдағаның от жағуға,  
**Бал тамған** бармағынан домбырашы  
Жан терге түсіп отыр мына дуда.

Күйшінің қошеметке көңілі тасып,  
Бес бармақ **маймаң қақты**, перне басып,  
Толқынтып тоқсан күйді дүрілдетті,  
Көңілді бірде шымшып, бірде қысып.

Екі ішек жүрек жарып, көңіл ашып,  
Бірде **ойнақ**, бірде баяу сыйырласып,  
Зарлы күй, ащы күйдің, тәтті күйдің –  
Бәрін де лақылдатып, тәгіп-шашып.

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Рәлдік ойын. Екі топқа белініңдер. Бірінші топ тілші болсын. Екінші топ «Ұлытау» тобының мушелерін жеребе тастау арқылы беліп алсын. Тілшілердің қойған сұрақтарына жауап беріңдер.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Тәмендегі тақырыптардың бірін таңдап, фотоколлаж дайында. Оны сыныпта қорға.

- Қазақтың күйшілері
- Илияс Жансүгіров
- Қазақ әншілері
- «Ұлытау» тобы
- Қазақтың опера әншілері

### 7 -тапсырма.

**Жағдаят:** Шетелден танысың қыдырып келді.  
Ол қазақтың ән-күйін естіп, таңғалғанын айтты.  
Сенен олар туралы толық мәлімет беруді өтінді.  
Не істейсің?

### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

... қалың Қазақ елі тартқан  
сыйызғыдағы салқын саз,  
қобыздағы қоңыр күй,  
домбыраның да екі ішекті ғана  
емес, әдейі күйге арналған  
үш ішекті тіліне оралған көп  
күйлердің ескі-жаңасы – те-  
гіс – тарих үшін елеулі бүйім  
(Мұхтар Әуезов).

9  
ТАҚЫРЫП

# ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ МЕН ЕГІНШІЛІК – ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ

1–2  
САБАҚ

## Ақ бидай

### МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### АЙТЫЛЫМ

##### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен тұратын жерде егіншілікпен айналыса ма?
- Егіншілікпен кімдер айналысады?
- Егіншіліктің қандай пайдасы бар?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

қуаңшылық, нашарлай,  
мұң-зарына, зая кетпей, айырылmas

#### ЖАЗЫЛЫМ

##### 2 -тапсырма.

Мәтелдің мағынасын ашып, «Егін» сезін жинақта.

Егін ырыс таңдамайды, еңбек таңдайды.

#### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

##### 3 -тапсырма.

Берілген сөздерге сұрақ қой. Осы сөздерді қатыстырып, сез тіркесін құра.

- |               |             |       |
|---------------|-------------|-------|
| 1. Шаруашылық | өнім        | суару |
| 2. Еңбек      | бай жер     | диқан |
| 3. Ырыс       | дәнді дақыл | алқап |

#### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

##### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

### МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

## Ақ бидай

Есте жоқ ерте заманда бидай өз бетімен өседі екен. Бір жылы қуаңшылық болады. Тіршілік үшін жанталасқан өсімдік атаулы Ақ бидайды жан-жағынан қаумалап, астындағы суды тартып алады. Кейбір бойшаш бұталар күннің көзіне қасақана тұрып алып, жарық түсірмейді. Сейтіп, Ақ бидайдың жағдайы күннен-күнге нашарлай береді. Ақырында өлер халге жетеді. Содан соң олай-бұлай өткен әртүрлі андардан жәрдем

сұрайды. Үстінен әрлі-берлі қалықтап ұшып жатқан үлкенді-кішілі құстарға жалбарынады. Бірақ оның өтінішіне, мұң-зарына ешкім құлақ аспайды. Енді өлдім ғой деген сәтте, Ақ бидайға садақ асынған, қолында найзасы бар, аң аулап жүрген Адам тап болады. Бидай байғұс көзінің жасын төгіп тұрып, Адамға мұңын шағады. Адам ойланып тұрып, ақырында оның өтінішін қабыл алады. Садағын жерге қойып, найзасын бұтаға сүйей салады да білегін сыйбанып жіберіп, іске кіріседі. Ақ бидайдың айналасындағы шептің бәрін қолымен отап, тып-типыл қылады. Олардың бидайға ауыз салып жатқан тамырларын найзасының ұшымен қопарып тастайды.

Бұлаққа барып тақиясына толтырып су әнеледі. Әлсіреп қалған Ақ бидай мәлдір суға қанып, бой түзеп, құлпырып сала береді.

Адам да жиі-жиі келіп, бидайға қамқор болып жүреді. Қаскөй шөп, тікендерді оның қасына жуытпай, мезгіл-мезгіл суарып тұрады.

Күзге салым бидай піседі. Баданадай дәндерінің бір түйірін де шашау шығармастан, Адамға тарту етеді. Адам сыйға алған дәнін бір қыс сақтайды.

Көктем шыққанда ол үйшігінің жанындағы тәуірлеу жерді қосыстып, соған әлгі дәнді себеді. Жаз бойы арам шебін жұлып, мезгілімен суарып, баптап тұрады. Ақырында еңбегі зая кетпей, күзде Адам бір дорба бидай алады. Келер жылы бір қап, содан соң он қап, одан соң мың қап, сейтіп, адамзат бидайды әлденеше миллион қап етіп алатын болды.

Адам мен Ақ бидайдың айырылmas достығы ерте заманда осылай басталған енен.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Ақ бидайдың өсуіне не кедергі болды?
- Ақ бидай кімдерден көмек сұрайды?
- Ақ бидайға кім көмектесті?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Егіншілікке байланысты сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Маңал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

Мәтінмен байланысты тұстарына тоқтал.

- Жер тоймай, ел тоймайды.
- Екпей — егін шықпас,
- Үйренбей — білім жүқпас.
- Егін ырыс таңдамайды,
- Еңбек таңдайды.

**ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Қажетті сөздерді пайдаланып, ойды аяқта.

**Қағжетті сөздер:** суды, қолында, мөлдір, құлпырып, өсімдік, аңдардан, адам, садақ.

Тіршілік үшін жанталасқан ... атаулы Ақ бидайды жан-жағынан қаумалап, астындағы ... тартып алады. Содан соң олай-бұлай өткен әртүрлі ... жәрдем сұрайды. Ақ бидайға ... асынған, ... найзасы бар, аң аулап жүрген ... тап болады. Ақ бидай ... суға қанып, бой түзеп, ... сала береді.

**АЙТЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****9 -тапсырма.**

Сұрақтарға жауап беріп, диалог үйымдастырыңдар.

1. Ақ бидайдың өсуіне судың пайдасы бар ма?
2. Күн бидайға не үшін керек?
3. Қуаңшылық — табиғи жағдай ма, адамның кесірі ме?
4. Адам бидайға не себепті көмектесті?

**ЖАЗЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Мақал-мәтелді орыс тіліне аударып жаз. Мағынасын түсіндір.

Тәжірибелі егінші еліменен кеңесер, «Ел кеңесі аз», — десе, жеріменен кеңесер.

**АЙТЫЛЫМ****11 -тапсырма.**

Мәтін мазмұнын ретімен орналастыр.

- Адам мен Ақ бидай арасындағы достық;
- Адамның көмегі;
- Ақ бидайдың Адамға алғысы;
- Ақ бидайдың Адамнан көмек сұрауы;
- Ақ бидайдың аңдардан көмек сұрауы;
- Ақ бидайдың жағдайының нашарлауы;
- Ақ бидайдың жайқалып өсуі;
- Ақ бидайдың құстардан көмек сұрауы.

**ЕСТЕ САҚТА!**

Қазақ халқы әрқашан егіншілікті жоғары бағалаған. Оның ішінде, бидайды егіп, оның беретін мол астығына көп көңіл белген.

# Егіннің бастары

3–4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай астық түрлерін білесің?
2. Бидайдан қандай өнім аламыз?
3. Егін жақсы шығу үшін не керек?

### ЖАҢА СЕЗДЕР

егін, егіншілік, диқан, алқап, гектар, өнім, пайда, молшылық, дәнді дақыл

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сейлем құра.

Арпа мен бидай, түкым салу, өнім алу, егін, мол өнім, жерді өндеу, байлық, нан пісіру, тырма.

### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Тында. Мәтінді оқы.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,  
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.  
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,  
Егінші егін еккен жерге барды.  
Аралап әр егінді қарап жүрді,  
Кез еді пісіп болған егін түрлі.  
Бастарын дәнге толған төмен салып,  
Бидайлар бейне тағзым етіп түрді.  
Жалғыз-ақ бір бидай түр көкке қарап,  
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.  
Баланың сол бидайға көзі түсіп,  
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап:  
«Құбылып бидайлар түр басын салып,

Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.  
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,  
Бір іске түрмyn өзім қайран қалып.  
Бұл Бидай көтеріп түр басын көкке,  
Қарайды шекірейіп өзі көпке.  
Өзіне өзгелерді тенгермейтін  
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»  
«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,  
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.  
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,  
Ойлама: Кем екен деп бәрі сонан».Және де әкесі айтты баласына:  
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.

Құдайым өзгесіне дән бергенде,  
Бұл бидай дәңсіз қапты арасында.  
Бидайлар басы толық иіліп тұр,  
Дән берген қожасына сыйынып тұр.  
Басында бұл бидайдың дәні болмай,  
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.  
«Елде көп бұл бидайдай адам, — дейді,  
Тәкаппар, оны халық жаман, — дейді.  
— Қалпы емес тәкаппарлық — данышпанның,  
Тұтынба бұл мінезді, балам», — дейді.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсыриа.

Өлеңнің мазмұны туралы пікірінді «Төрт сейлем» құрылымына салып жаз.

**1. Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сейлеммен жаз.

**2. Дәлел.** Өз пікірінді бір сейлеммен дәлелде.

**3. Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**4. Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаса.

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсыриа.

Сұрақтарға жауап бер.

- Өлеңнің егіншілікке қатысы бар ма?
- Әке мен баланың арасында қандай әнгіме болды?
- Бидайдың қандай әрекеті баланы таңғалдырды?
- Әкесі баласына қандай мінез адамның да бойынан табылатынын айтты?
- Әкесі баласына қандай кеңес берді?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсыриа.

Өлеңді оқып, түсіндірме сөздіктен «тәкаппар» сөзімен мағыналас сөздерді тауып жаз.



**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

«Тәкаппар адам» мен «Данышпан адамды» салыстыр. Мінезге бай адам қандай болады?

**МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС**

тәкаппар

Адам

данышпан

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Жұптық жұмыс. Өлеңдегі әкесі мен баласының сөздерін тауып, рөлге бөліп оқындар.

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

**Өлеңді тағы бір рет оқы.** Қажетті сөздерді пайдаланып, ойды аяқта.

Егінші ... еккен жерге барды. ... бейне тағым етіп түрдү. Бейне бір жалғыз өзін ... балап. Қарайды ... өзі көпке. Соншама бұл бидайдың ... көп пе? Бидайлар басы толық ... түр. Дән берген ... сыйынып түр. Қалпы емес ... данышпанның.

**ТҮНДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

**Берілген сөздермен басы иліп түрған бидай мен кекірейіп түрған бидай арасында диалог құрастыр.**

**Қажетті сөздер:** неліктен, рақмет, биік, көкке қарап, бас, шүкір, салбырап, алғыс айту, тәкаппар, сыпайы, біз, пайда, өнім, кесір т.б.

**ЕСТЕ САҚТА!**

Әр жағдайда адамдық қалпыңан тайма. Тәкаппарлық, паң мінезден аулақ бол!

# Жылжы – ер қанаты

5–6  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсыриа.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Төрт түлік деп нені атайды?
2. Төрт түлікке қандай жануарлар жатады?
3. Не себепті олар «төрт түлік» деп аталады?

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

Төрт түлік туралы қандай мақал-мәтел білесің? Білетін мақал-мәтелді дәптерге жазып, мағынасын түсіндір.



Мысалы: Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.



### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Түліктің төлін тап. Оларды атап, орысша баламасын айт.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Қазақ халқы жылқыны «киелі жануар» деп есептейді. Жылқы — кисе, киім, мінсе, көлік, жесе, тамақ, ішсе сусын болатын киелі түліктің бірі.

Жылқының жасы мен денсаулық жағдайын атбекілер тісіне қарап ажыратады. Ата-бабаларымыздан қалған «Жақсы аттың тісін қарамас болар...» деген нақыл соған байланысты туындаған болар.

Қазақ халқы жылқыны, ең алдымен, «ел қорғаған ердің жан серігі» деп дәріптеген. Біздің аңыз-ертегілерімізде, батырлық жырларымызда иесі қысылғанда ақылды, күшті тұлпарлар көмекке бірінші болып келетіні туралы көп айтылады. Мысалы, Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Тестіктің Шалқұйрығы, Қамбардың Қарақасқасы иелерімен бірге жыр-аңызға айналып, ел құрметіне бөленген.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

Жылқы	а) киім
Жылқы — кисе,	ә) «ел қорғаған ердің жан серігі» деп дәріптеген
Жылқының жасын	б) Тайбурылы
Жақсы аттың тісін	в) Байшұбары
Жылқыны	г) тісіне қарап ажыратады
Қобыландының	ғ) киелі жануар
Ер Тестіктің	д) Шалқұйрығы
Алпамыстың	е) қарамас болар
Жылқы айналасын	и) түрлі түсті ренкте көреді
Жылқының кезі	ж) түн ішінде жақсы көреді
Жылқының көру аумағы	з) 360 градус

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

Басқа жануарларға қарағанда жылқы айналасын түрлі түсті ренкте көреді. Бірақ қызыл мен көк түсті ажырата алмайды. Тағы бір қызығы, — жылқының көру аумағы 360 градус. Яғни, жылқы бір бағытқа қарап түрғанда тек алдын ғана емес, арт жағын да толық көре алады. Сондай-ақ жылқының көзі түн ішінде де өте жақсы көреді.

Қазақ халқында жылқының қатысуымен болатын түрлі жарыстар мен ойындар бар. Жылқының жүйріктігін сынайтын тай жарыс, құнан бәйге, байге, аламан бәйге сияқты сайыс түрлері халқымызben бірге жасасып келеді. Ал көкпар, аударыспақ, ат үстіндегі тартыс, жамбы ату, қыз қуу, теңге ілу сияқты ойындар жылқының да, оған мінген жігіттің де мықтылығын анықтаған.

«Балдырван», 2014 жыл №2.

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырима.**

«Жылқы — кисе, киім, жылқы — мінсе, көлік, жылқы — жесе, тамақ, жылқы — ішсе, сусын болады» деген ойды қалай түсінесін?

**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырима.**

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Жылқыны қазақ халқы қалай дәріптеиді?
- Ақылы, өресі жағынан жылқы жан-жануарлардың ішінде нешінші орында тұр?
- Жылқының қандай пайдасы бар?
- Жылқы қандай түстерді ажыратса алмайды?
- Қазақ халқында жылқының қатысуымен өтетін қандай ойындар бар?

**ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ****8 -тапсырима.**

Мәтінді тағы бір рет оқы. Қалаған 5 сөйлемге сұрақ қой.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырима.**

Мақал-мәтелді оқы. Жылқы малының бойындағы қасиеттерді теріп жаз. Екі нақылды жаттап ал.


- Тай атқа жеткізер,  
Ат мұратқа жеткізер.
- Жақсы атқа — бір қамшы,  
Жаман атқа — мың қамшы.
- Жақсы аттың жал-құйрығы, — әрі  
жібек, әрі қыл,  
Жақсы жігіттің белгісі — тұзде мыр-  
за, үйде құл.
- Жақсы аттан жал кетсе де, әл кет-  
пейді.
- Жылқы — малдың патшасы.



## АЙТЫЛЫМ

## 10 -тапсыриа.

Мәтінде көлтірілген жылқы малының қасиеттерін түйінде.



## АЙТЫЛЫМ

## 10 -тапсыриа.

Жұптық жұмыс. Мәтінді диалогке айналдыру мақсатында сұрақтар дайындаңдар. Өздерің білетін қосымша ақпаратты пайдаланыңдар.

Басқа жануарларға қарағанда, жылқы айналасын түрлі түсті реңкте көреді. Бірақ қызыл мен көк түсті ажыратта алмайды. Тағы бір қызығы — жылқының көрү аумағы 360 градус. Яғни, жылқы бір бағытқа қарап тұрғанда тек алдын ғана емес, арт жағын да толық көре алады. Сондай-ақ жылқының көзі түн ішінде де өте жақсы көреді.

## ЕСТЕ САҚТА!

Алып андан туады,  
Тұлпар биеден туады.

# Төрт түліктің пайдасты

7–8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Төрт түлікке қандай жануарлар жатады?
- Төрт түліктің қандай пайдасы бар?
- Төрт түліктің төлдерін ата.
- Төрт түлік бізге не береді?

## ЖАҢА СӘЗДЕР

жасылғы көрпелер, балқаймақ, асыраушысы, иленген терісі, ұшқалақ, жсалынан

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Төрт түлікті шақыру тәсілдерін сәйкестендіріп жаз.

Түйе — «ахау-ахау!»

Жылқы — «шөре-шөре!»

Сиыр — «кес-кес!»

Қой — «пұшайт-пұшайт!»

Ешкі — «құрау-құрау!»



### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Есіне сақтап, жатта.

Халық ұғымында әр түліктің өзінің пірі (атасы), иесі болған, олар мал басын қорғап, сақтап, көбеюіне септігін тигізген.

**Жылқының пірі — Қамбар ата**

**Түйенің пірі — Ойсыл қара**

**Сиырдың пірі — Зеңгі баба**

**Қойдың пірі — Шопан ата**

**Ешкінің пірі — Сексек ата.**

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Тыңда. Мәтінді оқы.

**МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС****Төрт түліктің пайдасы**

Төрт түлік малдың ең қасиеттісі — түйе. Қазақ халқы түйені «дала кемесі» деген. Ол шөлге шыдамды, жүк артса — көлік, жесе — ет, ал жұні киімге жараған. Қазақтар түйенің жұнінен шапан киген, ол жеңіл, жұмсақ әрі қыста жылы болған. Түйенің жұнінен тек жамылғы көрпелер жасаған, «аяқсты тастауға болмайды» деп төсөніш жасамаған. Түйенің шудасын қайнатып, емге пайдаланған, ал терісінен ер қаптаған. Сүтін емге пайдаланған. Сүті қою, құнарлы. Сүтінен шұбат, құрт, балқаймақ, т. б. жасаған.

Сиыр малын қазақтар көбінесе көшке де, егіске де пайдаланған. Сиыр үйдің берекесі, отбасының асыраушысы ретінде қадірлі мал болған. Ертеде сиыры жоқ үй ас-ауқаты жұтаң болып есептелген. Ертеде сиырдың терісінен құдықтан су тартатын қауға ыдыс, қымыз ашытатын саба, сусын құятын торсық жасаған. Тіпті сиырдың тезегін отын ретінде пайдаланған. Тезекті егіншілікте тыңайтқыш ретінде пайдаланған. Ал мүйізінен тарақ жасаған.

Қой — төрт түліктің ішіндегі қазақ үшін сүйіктісі. «Мал өсірсең — қой өсір, пайдасы оның көл көсір», — деген қазақ атамыз. Өзі өсімтал, тез ет беріп, қонаққадеге жарап отырады, сүті майлы әрі жұфымды. Қой мен ешкінің иленген терісін түрлі сыртқиім мен аяқиім тігуге пайдаланған. Қойдың жұнінен киіз басып, жіп ііріп, бау жасаған, кілем, текемет тоқыған.

Қазақ халқы қой мен ешкіні «уақ мал» деп атайды. Ешкі — өте өсімтал мал. Ешкінің еті жеңіл әрі сіңімді, сүті өте құнарлы. Ешкінің сүттісін арнайы ұстап, ана сүтіне жарымаған баланы ешкі сүтімен асыраған. Ешкіні «жеңілtek мал» деп есептеген, мінезі ұшқалақ, шыдамсыз баланы: «Ешкі құсан селтендеп», деп ешкіге теңеген.

Қазақтың қасиетті малдарының бірі — жылқы. Ат — ер қанаты. Жылқы жүйрік, әрі өте төзімді мал. Оны салт мінген, көлік ретінде де пайдаланған. Жылқының қымызын емге пайдаланған. Жылқының жал-құйрығынан арқанжіп еседі, етінен қазы-қарта, жал-жая жасайды.



**ЖАЗЫЛЫМ****5 -тапсырима.**

Мәтіннен қазақ халқының шаруашылығы мен тұрмысына қатысты сөздерді теріп жаз.  
Мысалы: жұн, шапан, ...

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырима.**

Мәтінде кездесетін мақал-мәтел мен тыйым сөздерді  
теріп жаз. Олардың мағынасын түсіндір.

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырима.**

Топтық жұмыс. Мәтінді оқындар.

Бірінші топ тәрт түліктен алынатын тағамдарды жазсын.

түйе	жылқы	сиыр	қой	ешкі
шұбат, ...	..., ...	..., ...	..., ...	..., ...

Екінші топ тәрт түліктің шаруашылықта тигізетін пайдасы туралы жазсын.

түйе	жылқы	сиыр	қой	ешкі
шұбат, ...	..., ...	тезегі-отын, ...	..., ...	..., ...

Үшінші топ тәрт түлікті пайдалану арқылы жасалатын бұйымдарды жазсын.

..., ...	жылқы	сиыр	қой	ешкі
..., ...	..., ...	..., ...	жұнінен жіп иірген	..., ...

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырима.**

Мәтінді қайта оқы. Әр түліктің пайдасын көрсетіп, толықтыр. Ұқсастарын ата.



## ЖАЗЫЛЫМ

## 9 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазып, сейлемдерді толықтыр.

Қазақ халқы түйені ... деген. Түйенің ... қайнатып, ... пайдаланған, ал ... ер қаптаған. Ертеде сиырдың ... құдықтан су тартатын ... ..., қымыз ашытатын ..., сусын құятын ... жасаған. Қой мен ешкінің ... ... түрлі сыртқиім мен аяқиім тігуге пайдаланған. Қазақ халқы қой мен ешкіні ... ... деп атайды. Ешкінің ... арнайы үстап, ана сүтіне жарымаған баланы ... ... асыраған. Жылқының ... емге пайдаланған.

## АЙТЫЛЫМ

## 10 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақ халқы түйені қалай атайды?
- Түйенің қандай ерекше қасиеті бар?
- Сиыр малының қандай пайдасы бар?
- Сиырдың мүйізінен не жасаған?
- Қойдың жүнінен қандай бұйымдар жасауға болады?
- Қазақ халқы қой мен ешкіні қалай қабылдаған?
- Ешкіге байланысты қалыптасқан қандай сез бар?
- Жылқының пайдасы қандай?

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

## 11 -тапсырма.

Мәтінді тағы бір рет оқы. Сүттен жасалатын тағамдарды бір бағанға, еттен жасалатын тағамдарды бір бағанға жаз. Басқа қандай тағамдар білесіндер?

## ЕСТЕ САҚТА!

Тай тайға жеткізер,  
Тай құнанға жеткізер,  
Құнан атқа жеткізер,  
Ат мұратқа жеткізер.

# Шығанақ Берсиеў – атактың дикан

9–10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 1 -тапсыриа.

Мәтінді оқы.

Қазақтың әйгілі жазушысы — Ғабиден Мұстафин 1902 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. F. Мұстафин өндіріс тақырыбы мен ауыл шаруашылығы тақырыбында шығармалар жазған. Жазушының «Шығанақ» романы ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған. Роман өмірде болған еңбек адамы, тары есіруші, дикан Шығанақ Берсиевтің өміріне непізделген.



### АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

Сұрақтарға жауап бер:

1. F. Мұстафин қай жерде дүниеге келген?
2. F. Мұстафин қандай тақырыпта шығарма жазған?
3. «Шығанақ» романы қандай тақырыпқа арналған?

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсыриа.

Берілген сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір, сейлем құра.

- |                   |      |
|-------------------|------|
| 1. Биік           | елі  |
| 2. Құншығыс       | төбе |
| 3. Үргалған көк   | құс  |
| 4. Еркін самғаған | шөп  |

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Тыңда. Мәтінді оқы.

Елек өзенінің жиегінде түймедей бір тәбе тұр. Өзі қораш болса да, осы тәбенің аты зор. «Ақтөбе» десе, жұрттың бәрі біледі. Ондай ақ та емес. Сонша ағартып, зор айтарлық не қасиеті барын кім білсін, оны қоршай салынған қала да «Ақтөбе» аталған. Қаланың күншығыс жақ шетінде Елек өзені ағады. Бір жағы — ырғалған көк, тып-тыныш, бір жағы — сартылдаған пойыз, сары құм. Екі аралықтағы қала бетін қалай бұрарын білмей тұрған сияқты. Алысырақ, жан-жаққа көз жіберсөң — бетегелі, құмайт жазық дала, жалпақ дала сезылып кете береді. Кең аспанда еркін самғаған көк қаршығадай, осы далаға көз түскенде, көңіл шіркін де самғап-самғап алады.

Қаланың іші де көңілді. Қала бұрынғыдан да көркейе түсіпті, ағаш егіліп, гүлдене бастапты. Ертеректе бұл қалада тәбенін күн қарыса, табаныңнан жер қаритын. Ыстық күндері тынысың тарылған соң жел іздептінсің. Іздеген желің табылса, азабы ыстықтан да қатты. Құм аралас майда топырақпен қуыс-қуысыңың бәрін бітеп салып, сары боран үйіткі соққанда: «Жанып кетсем де, желің құрысын!» — дейтінсің. Міне, Ақтөбенің күні — осындай еді...

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Сөз тіркестерінің мағынасын оқы. Аударма сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аудар. Салыстырып, кестеге жаз.

1. Құмайт жазық дала — құмды жер
2. Тәбенін күн қарыды — басыңнан күн өтеді
3. Табаныңнан жер қарыды — аяғыңнан ыстық өтеді
4. Көз жіберу — алысқа қарау
5. Тынысы тарылған — ауа жетпейді

Мәтінде берілуі	Оқулықта берілген түсіндірме	Сөздіктегі аудармасы
түймедей тәбе	кішкентай тәбе	

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Дұрыс нұсқаны таңда.

1. Елек өзенінің жиегінде түймедей ... .
  - а) тәбе тұр
  - ә) өзен тұр
2. Қаланың күншығыс жақ шетінде ... .
  - а) Елек өзені ағады
  - ә) Есіл өзені ағады
3. Жан-жаққа көз жіберсөң — ...
  - а) құмайт жазық дала бар
  - ә) жартасты биік тау бар

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Ақтебенің күні қандай? Диаграммаға түсір.

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Мәтіннен тәбе мен жанындағы қала тура-лы айтылған сөйлемді тауып оқы.

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Мәтінді оқып, суретке айналдыр.

Жан-жаққа көз жіберсең — бетегелі, құмайт жазық дала, жалпақ дала созылып кете береді.

Кең аспанда еркін самғаған көк қаршығадай осы далада көз түскенде, көңіл шіркін де самғап-самғап алады.

**МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС****АЙТЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Елек өзенінің жиегінде не бар?
2. Ол — қандай тәбе?
3. Тебенің жанында қандай қала бар?
4. Елек өзені қаланың қай жағында орналасқан?
5. Қаланың екінші жағында не бар?
6. Жан-жаққа көз жіберсең, не көрінеді?
7. Мәтінде жылдың қай мезгілі суреттеледі?
8. Қаланың іші қандай?

**ЕСТЕ САҚТА!**

Қаланың іші де көңілді. Қала бұрынғыдан да көркейе түсіпті, ағаш егіліп, гүлдене бастапты.

**АЙТЫЛЫМ****11 -тапсырма.**

Жұптық жұмыс. Мәтінді диалогке айналдыру мақсатында сұрақтар дайындаңдар. Өздерің билетін қосымша ақпаратты пайдаланыңдар.

# Ғабиден Мұстафин «Шығанак» (романнан ұзінді)

11–12  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Егін еgetін мезгіл мен өнім жинайтын мезгілді ата.
- Егіншінің бойында қандай қасиеттер болу керек?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

егеу, соқа, жер жырту, колхоз, өгіз

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Мақал-мәтелдерден түсіп қалған сөздерді тауып жаз. Оларды жатта.

- ... тоймай, ел тоймайды;  
Жеріне қарай ... ек,  
Жолына қарай жегін жек;
- Қыс азығын ... жина;
- Не ексен, соны ...;
- Қатты жерге ... шықпас,  
Қаңғыған басқа білім жүқпас.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мақал-мәтелді қазақ тіліне аудар. Мағынасын ашып, түсіндір.

Земля — тарелка: что положишь, то и возмешь.



**4 -тапсырма.****Тында. Мәтінді оқы.**

Курайлы көлін қоршаған қалың егінші түнде жауын болғандықтан, жердің дегдуін күтіп, бүгін егінге күндергіден кешірек шыққан. Біреу өгіз, біреу ат, біреу түйе, қайсыбіреу аралас жегіп, қым-қиғаш қимылдаған жұртты Олжабек пен Жамал көріп келеді. Ертемен ауылдан шыққан айқай-ұйқай дауыстарды да құлақтары анық естіді:

- Эй, егеуді қалдырма, егеуді!
- Тоқта, доғарылып қалды!
- Аналар барып жырта бастады ...
- Мәулікейді оятындар, Мәулікейді!

Егіс басталғалы бірқатар күндер өтсе де, ауыл әлі даурығуын қойған жоқ.

Кез алмай қарап келе жатқан Олжабек қабағын бір шытып қубір етті:

- Жұмыстарында өнім жоқ.

Өгіз бен сиырды аралас жеккен бір бөлек егінші қара жолды жиектей соқасын жаңа ғана салған екен. Олжабектер келіп, солардың қасына тоқтады. Егіншілердің көлігі бастықпай, өздерімен өздері әуре болып жүр, бұларға қапелімде қарай қойған жоқ. Олжабектің көзі көліктерде.

«Ана сиыр бұзау бере ме, енді?! Обал-ай!» ... деген ойда тұрғанда:

- О, жігітім, жол болсын!, — деді егіншілердің ішіндегі сақалды біреуі.

Жасы үлкен адамға сәлем бермегені есіне түсіп, Олжабек:

— Ассалаумәлейкум! — дегендे, түйенің үстінде отырған Жамал мырс етті.

Егінші де құліп жіберді.

— Е, бәсе, жасың кіші көрінеді ғой, шырағым! — деді де сорайған мойнын соза түсіп Жамалға: — Есенбісің, балам! Ал жөнінді білдір. Танымадық, — деді Олжабекке.

Олжабек жөнін жөнді айтпады. Сұрастыра келе шалдың кім екенін өзі жақсы біліп алды. Оған кездескен осы елдегі «Пышақшы Мешел» дейтін адам еді, білгенінше жай-жапсардың бәрін айтты. Олжабек сұрай берді ...

— Отағасы, сонымен, колхоз егінін салып жатырмыз де.  
— Иә, шырағым, әйтеуір қауым болып кіріскен іс қой. Тәнірі тек онын берсін!

— Осы маңдағы елдің бәрі де колхоз болды ма?  
— Колхозсыз жер бар дейсіз бе?  
— Кім қалпында отыр дейсіз?  
— Бәсе, «ел-елдің бәрі-ақ осыған келді», — деседі ғой.  
— Дегенмен «Ортақ өгізден оңаша бұзау» жақсы да.  
— Эй, балам-ай, ол заман мен бұл заман — бір ме? Заманына қарай амалы да бар емес пе?!

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтін не жайында?
- Мәтіндегі кейіпкерлерді ата.
- «Ортақ өгізден оңаша бұзау» дегенді қалай түсінесің?
- Мәтін басындағы дағдарыс ненің себебінен болып жатыр?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінге ат қой. Мәтін бойынша жазбаша жоспар құр.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсыриа.

Жұптық жұмыс. Мәтіндегі негізгі ойды табыңдар. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 8 -тапсыриа.

Мәтіндегі басты кейіпкерге мінездеме бер. Мәтіндегі басты кейіпкердің сөздерін тауып, оқы.

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсыриа.

Жұптық жұмыс. Төмендегі сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып, диалог құрыңдар.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

- Ертемен ауылдан шыққан айқай-ұйқай дауыстарды да құлақтары анық естіді.
- Жұмыстарында өнім жоқ.
- Олжабек жөнін жөнді айтпады.
- Дегенмен «Ортақ өгізден оңаша бұзау» жақсы да ...

## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсыриа.

Жұптық жұмыс. Сыныптасыңмен бірге бірің егінші, бірің малшы болып сұхбат құр. Сұхбат келесідей сұрақтарды қамтысын:

1. Егіншінің касібі маңызды ма, малшының касібі маңызды ма?
2. Егін шаруашылығында қандай құрал-сайман пайдаланылады?
3. Болашақта егіншінің не малшының касібін қалай елестетесің?

## ЕСТЕ САҚТАІ

Егін егу — ата дәстүр. Жердің бар байлығын дұрыс пайдаланып, егіншілікпен айналысқан бабаларымыздың еңбегі елеусіз қалмауы керек.

# Нәтижесе сабак. Мен не үйреним?

13  
САБАҚ

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Мәтінді оқып, диалог құру мақсатында сұрақтар дайындаңдар. Жұп болып, диалог құрындар.

Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары астығымен атақты. Бұл аймақтардың жері қара топырақты, құнарлы. Астық жақсы өседі. Астық дақылдарынан: жаздық бидай, күзгі қара бидай, жаздық арпа, сұлы және басқа да дәнді дақыл өсіріледі. Бұл облыстар — Қазақстанның құтты аймақтары. Жауын мол жауса, егін бітік шығады. Еліміздің жалпы астық көлемінің төрттен бір бөлігін Ақмола облысы өсіреді. Диқандар алтын дәнді қар мен жаңбырға тигізбей жинап алса, ел ырысты болады.

## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«Төрт түлік мал» тақырыбына синквейн дайында.

1. тақырыпқа қатысты **бір** зат есім;
2. бірінші зат есімге **екі** сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын **төрт** кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Берілген сөздерді пайдаланып, «Мен диқаншы болсам» тақырыбына 10—12 сөйлемнен тұратын мәтін дайында.

Егін, егіншілік, диқан, алқап, гектар, өнім, пайда, молшылық, дәнді дақыл, бидай, дән.

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

«Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киіндер. Сұрақтарға жауап беріп, пікір таластырыңдар. Берілген сұрақтарға өз ойынды айт. Қалпақты алмастырып, ойынды қайта жалғастырыңдар.

Қалпақтардың қызметі	Жауап беретін сұрақтары
Төрт түлік мал туралы білетінін айтады. 	Төрт түлік малға нелер кіреді?
Төрт түлік малдың пайдасы туралы айтады. 	Олардың қандай пайдасы бар?
Төрт түлік малды бағудағы қыындықтарды айтады. 	Оларды бағуда қандай қыындықтар пайда болады?
Оларды пайдалануға байланысты ойын айтады. 	Оларды қиналмай бағу үшін не істеу керек?
Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады. 	Айтылған ойға қалай қарайсың?
Бақылап қорыту: айтылған ойдың төрт түлік малға қатысын айтады. 	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

**10**  
ТАҚЫРЫП**НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ. АҚ МОЛ  
БОЛСЫН! ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!****1—2  
САБАҚ****Наурыз — ұлысмың,  
ұлы қүн!****МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС****АЙТЫЛЫМ****1 -тапсырма.****Сұрақтарға жауап бер.**

1. Отбасында тойланатын қандай мерекелерді білесің?
2. Қандай ұлттық мейрамдар бар?
3. Төмендегі суретте қандай мереке бейнеленген?  
Ойынды дәлелдеп айт.

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

ұлыс, теңелу, дәм тату, шығыс,  
татуласу



**ЖАЗЫЛЫМ****2** -тапсырма.

«Ассоциограмма». Наурыз мейрамы деген сөзді естігенде ойыңа не келеді?  
Диаграмманы толтыр.

**АЙТЫЛЫМ****3** -тапсырма.

«Ойлан, жауап бер!»

- Бір жылда күн мен түн неше рет теңеледі? Онда неге тек 22 наурыз мереке ретінде тойланады?
- Қай елдердің дәстүрінде жаңа жылда ағаш кесіледі? Қай елдердің дәстүрінде жаңа жылда ағаш отырғызылады?
- Наурызда қандай салт-дәстүр орындалады? Наурызтал егу дәстүрінің қандай мәні бар?

**ТІЛДІК БАҒДАР****ОҚШАУ СӨЗДЕР**

Сейлем ішінде тұрса да, басқа сейлем мушелерімен байланысқа түспейтін сөздер **оқшау сөздер** деп аталады.

Оқшау сөздерге қаратпа сез, қыстырма сез және одағай сөздер жатады.


**Қаратпа сез** — тыңдауышының назарын аудару үшін айтылған сез немесе сез тіркесі. **Мысалы:** Эке, Наурыз мерекесіне барамыз ба? Қош келдің, Әз-Наурыз!

**Қыстырма сез** — сейлеушінің ойға қатысты көзқарасын білдіретін сез. Қыстырма сөздер: **баяымызга қарай, албетте, рас, сіра, мүмкін, меніңше/сеніңше, демек, сонымен, қысқасы, айтпақшы, біріншіден, гуелі, бір жағынан, сейтіп** және т.б. **Мысалы:** Рас, мерекелік концерт өтіп кетіпти.

**Одағай сез** — адамның көңіл күйін білдіретін сез. Одағай сөздер: па, ту h, жаса, ойпырмай, беу, мәссаған және т.б. **Мысалы:** Па, шіркін, не деген керемет мейрам!

Жан-жануарларды шақыру сөздері де одағай сөздерге жатады. **Мысалы:** Ка-ка, Құтжол, тамағыңды іш.

Оқшау сөздер ауызша сейлегендеге, дауыс ырағавы арқылы ерекшеленеді. Ал жазбаша тілде олар **үтір, леп белгісіне, сұрау белгісімен** дараланып тұрады.



## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Теменде берілген оқшау сөздерді қатыстырып, Наурызға байланысты диалог құрап жазыңдар. Диалогті дауыс ырғағын сақтап оқыңдар. Олардың оқшау сөздердің қай түріне жататынын айтыңдар.

**Улгі:** Құрметті халайық, Наурыз мейрамын бастаймыз!

**Оқшау сөздер:** бәрекелді, мәссаған, тұһ, біріншіден, сөйтіп, қарағым, айналайын, ата, жеңеше.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### Наурыз мейрамы—Ұлыстың ұлы күні

Наурыз — жыл басы. Наурызда күн мен түн **теңеледі**, жаңа күн басталады.

22 наурыз — бүкіл **шығыс халықтарының** мерекесі. Оны қазақ халқы ертеден тойлап келеді.

Қазақтар Наурыз мейрамын «Ұлыстың ұлы күні» деп те атайды. **Ұлыс** — «менен», **аймақ** дегенді білдіретін көне түркі сөзі. **Ұлыстың ұлы күні** дегенде «бүкіл **аймақтың**, барлық елдің қуанатын, тойлайтын күні» деген мағына берген. Яғни, «сол елге ортақ ең қасиетті мейрам» дегенді білдіреді.

Қазақ халқында бұл мейрамды тойлаудың ертеден қалыптасқан дәстүр бар. Ең алдымен, адамдар өз отбасыларында Наурыз таңын қарсы алады. Бір-біріне жақсы тілектерін айтады. Үйдегі үлкен кісілер жастарға бата береді. Ренжіскен адамдар Наурызда бір-бірінен кешірім сұрап, **татуласады**.

Бұл күні дастарқанға әртүрлі ұлттық тағамдар қояды. Солардың ең бастысы — наурызкөже. Наурызкөжені жеті түрлі тағамнан пісіреді. Одан бүкіл ауыл адамдары

**ДӘМ ТАТАДЫ.** Дастанқанға ауылдың үлкен ақсақалдары бата береді.

Қазақ халқы наурызтойын көңілді өткізеді. Өнерпаздар ән айтып, бишілер би билейді. Құйшілер күй тартады. Әртүрлі үлттық ойындар ұйымдастырылады. Салт-дәстүр көрсетіледі.

Наурыз «Табиғат мейрамы» деп те аталады. Себебі, бір жағынан, **кәшпелі тұрмыс** кешкен, екінші жағынан, **жартылай отырықшы** болған қазақ халқының өмірінде табиғат-ананың бүл мерекесі ерекше орын алады. Адамдар ауласын тазалап, үйдің, ауылдың көшелеріне ағаш көшеттерін отырғызады, бұлақтың көзін ашады. Сөйтіп, адамдар: «табиғат-анамен бірге жаңа өмір, жаңа күн басталды!», — деп қуанады.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінде қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен бірге дәптеріңе жаз.

## ОҚЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Әлібек пен Андрей арасындағы диалогті (бұл, оны, анау, ован, оның, мынау, мына, ана) рөлге беліп оқындар. Көп нұктенің орнына сілтеу есімдіктерін қойып, оқындар. Оқшау сөздерді дауыс ырғағын сақтап айтындар.

**Андрей:** Әлібек, мәссаған, ... — қандай той?

**Әлібек:** ... — Наурызтой.

**Андрей:** ... кімдер тойлайды?

**Әлібек:** Наурыз — бүкіл шығыс халықтарының мерекесі. Қазақ халқы да ... мейрамды ертеден тойлап келе жатыр.

**Андрей:** Әлібек ... — не?

**Әлібек:** Пәлі, бұрын көрмеп пе едің? ... — киіз үй.

**Андрей:** ... кіруге бола ма?

**Әлібек:** Әрине, болады. Жүр, саған ... ішін көрсетейін.

**Андрей:** Әлібек, ... — не?

**Әлібек:** ... — домбыра мен қобыз. ... — қазақ халқының музикалық аспаптары.

**Андрей:** Әлібек, ... заттар қалай аталады?

**Әлібек:** ... заттар «сақина», «сырға», «білезік» деп аталады. Ал ... тұрған — ер-тоқым. Атқа мінгенде аттың үстіне салады.

Андрей дастарқандағы үлкен кеселерге құйылған наурызкөжелерді көріп:

— ... — қандай тағам? — деп сұрады.

**Әлібек:** ... «наурызкөже» деп аталады. Қазақ халқының ұлттық тағамы.

Үйге кірген қонақ наурызкөжеден дәм татпай кетпейді.

Наурызкөжеден дәм тат!

**Андрей:** Рақмет, ... көнже маған ұнады.

**Әлібек:** Андрей, жүр далаға шығайық ... жерде ұлттық ойындар болады.

Жүр, көрейік!

**Андрей:** Әлібек, ойпымай, не деген керемет! Саған рақмет. Қазақ халқы — өнерге бай халық екен. Мен бүгін, біріншіден, ... туралы көп мәлімет алдым. Екіншіден, бәрін өз көзіммен көріп, дәмін таттым.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

«Аквариум». Мәтін бойынша досыңмен Наурыз мейрамы тура-лы әңгімелес. Жаңа сездер мен оқшаша сездерді қатыстырып, «Қандай керемет мереке!» тақырыбында диалог құрындар. Сынып ең үткүр диалогті анықтасын.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына сілтеу есімдіктерін жаз.

... — наурыз мейрамы. ... қазақ халқы ертеден тойлап келе жатыр. Халқымыз ... ерекше дайындалған. Наурыз тойында ұлттық ойындар ойналады. ... түрлері көп. ... бірі — арқан тартыс. ... — өте қызық ойын.

Адамдар ... күнді көңілді еткізеді. ... бірін бірі наурыз мерекесімен құттықтайды. ... күнге аман-есен жеткеніне рақмет айтады, алдағы күннен жақсылық қүтеді.

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

**Қажетті есімдіктер:** олар, осы, бұл, оны, оған, соны, оның, ол.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Сөйлемдерде берілген сездердің орнын алмастырып, дұрыс нұсқасын жазыңдар. Айтыңдар.

1. Көктем үшып келді.
2. Күн тазалады.
3. Қар отырғызды.
4. Ағаштар бүршік гүл ашты.
5. Қызғалдақ ашты.
6. Жыл құстары тазалады.
7. Адамдар ауланы келді.
8. Ағаш ұзарды.
9. Бұлақтардың көзін еріді.
10. Арықтарды жарды.
11. Күн қысқарды.
12. Түн жылынды.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Сейлем	Түсініктеме
Бүгін — Ұлыстың ұлы күні.	
Наурыз мейрамы — көне мейрам.	
Наурызда ұлттық тәғамдар пісіріледі.	

### ЕСТЕ САҚТА!

Наурыз мейрамы «Ұлыстың ұлы күні» деп те аталады. Бул күні адамдар наурызкөкжеден дәм татады. Наурыз — табиғат-ананың мейрамы.

# Наурызкөне ішеміз

3—4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

«Ойлан, жауап бер!» «Жабайы табиғат» пен «Табиғат-ана» ұфымдарының қандай айырмашылығы бар? Қайсысын қолдайсың?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

сүр ет, бидай, арпа жармасы

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Өлеңді мәнерлеп оқы. Қою қаріппен жазылған Наурыз дәстүрі туралы ойынды таратып айт.

Күн менен түн теңелді,  
Жер шуақа кенелді,  
Соны тойлар ел енді.

Наурызтойы — салтымыз.  
**«Көгерсін» — деп, халқымыз,**  
**Көшеге тал егеміз.**

Жарқырап тұр күніміз  
Жайқалсын жас гүліміз,  
Бақта бұлбұл сайрасын.

Сәнді көктем нұрымен,  
Наурызтойы жырымен,  
Көңіл гүлдей жайнасын.

(Әдібай Табылдиев)

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Суретке қара. Кім не істеп жатыр? Наурызтал егіп жатқан адамдардың әрекетін сипаттап айт.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Сурет бойынша «Наурызтал егу» тақырыбында диалогтік мәтін құрап жаз. Диалогте оқшау сөздерді қолдан.

### Үлгі:

- Бәрекелді, Сабит, суды мол құйдың.
- Рақмет, аға! Сіз де ағашты жақсы таңдапсыз.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінді тында. Оқып, түсінгеніңді айт.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### Ұлыстың ұлы күніндегі ұлттық дәстүрлер

Наурыз мейрамындағы ең басты әрі терең мағыналы дәстүрдің бірі — Наурызкөже дайындау. Бұл — осы мейрамда арнайы дайындалатын ерекше дәм. Оған дайындық ерте басталады. Әжелер қысқы соғымнан қалған сүр ет пен қазыны наурызкөжеге деп сақтайды. Өйткені наурызкөжені сүр еттің, қазының сорпасына пісіргендеге, өте дәмді әрі құнарлы болады.

Ең бастысы, наурызкөже — ұлттық тағам. Қазақ халқы наурызкөжені жеті түрлі тағамнан дайындаған. Халықтың дәстүрі бойынша, наурызкөжеге сүр ет, бидай, тары, **арпа жармасы**, су, тұз, құрт қосылады. Біріншіден, жеті — қазақ үшін ииелі сан. Екіншіден, бұл — молшылық, болсын деген ниеттің белгісі. Наурызкөжені «Отбасымда береке болсын, дастарқаным мол болсын» деген ниетпен пісірген. Сондықтан наурызкөжені халық арасында **«тілеу көже»** деп те атаған.

Бұрынғы кезде наурызкөжеге ауылдағы әр үй бір-бірін кезекпен шақырған. Үлкен адамдар дастарқанға бата берген. Наурызкөжені ішіп болған соң, үлкен ақсақал:

— Ақ **мол** болсын, Дастарқаныңнан **береке** кетпесін! — деп тілегін айтқан.

Наурызкөже пісірумен қатар әр үйде қазақтың отбасылық мерекелері бірге тойланған. Өмірге жаңадан **сәби** келген үйлер әжелерді шақырып, баланы бесікке салған. Өткен наурызда дүниеге келген **бұлдіршіндердің** тұсаукесер дәстүрін өткізген. «Алғаш рет алысқа жол жүрген балалардың жолы ашық болсын» деп **«Тоқымқағар»** дәстүрін тойлаған. Сауатын ашып, оқуға барған балалар үшін **«Тілашар»** тойын жасаған. Міне, **балажан**, өз үрпағын ерекше сүйеттін, мейірімді халық бар жақсылығын осылайша көппен бірге тойлап, қуанышын бөліскен. Халықтың осындай ғажап дәстүрі әлі де жалғасып келеді.

• *Кою қаріппен берілген сөздердің мағынасын мұвалімнің көмегімен түсініп ал.*



**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Мәтіндегі өзің қалаған үш сөйлемге артұрлі сұрақ қойып айт.

**Үлгі:** Наурызкөже — үлттық тавам.

- Наурызкөже үлттық тағам ба?
- Наурызкөже қандай тағам?

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспарға сүйеніп, парталас досың екеуің мәтіннің мазмұнын кезектесіп айтындар.


**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Өзіңнің қалауың бойынша мәтінде аталған бір үлттық дәстүр туралы білетініңді айт.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Мәтінде көрсетілген отбасылық мерекелерді жаз. Олар туралы қысқаша айт.

НАУРЫЗ  
ДӘСТҮРЛЕРИ

**АЙТЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****10 -тапсырма.**

«Оймоншақ». Төрт топқа бөлініңдер. «Наурызкөже», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық дәстүрлер», «Наурызтал» сөздері жазылған бүктеулі қағаздың бірін таңдал, сол тақырыпта топпен мәтін құрап айтындар. Бастаушы бір сейлем айтып, қалғандары оны әрі жалғастырып отырады. Қай топтың мәтіні мәнді, толық болса, сол топ жеңімпаз атанады. Мәтінде оқшau сөздерді ретіне қарай қолданындар.

**ЖАЗЫЛЫМ****11 -тапсырма.**

Ата-әженді, қазақ тілі мұғалімін Наурыз мерекесімен құттықтап, ашиқхат жаз. Екі ашиқ хаттың мазмұнын салыстырып, олардағы тілдік құралдардың айырмашылығын анықта.

**КЕЛ, ЖАТТАЙЫҚ!****Бата**

Ұлыс оң болсын!

Бале-жала жерге енсін!

Ақ мол болсын!

Ұлы халқым тоқ болсын!

Қайда барсаң — жол болсын!

Көйлектерің көк болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Қайғы-уайым жоқ болсын!

Төрт түлік ақты болсын,

Қуаныштарың көп болсын!

Ұлыс береке берсін!

Әумин!

**ЕСТЕ САҚТА!**

Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалады. Оған сүр ет, бидай, арпа жармасы, құрт, тұз қосылады. Көнеден бәрі дам татады. Балажан халық отбасылық мерекелерді көппен бірге тойлайды.

# Наурыз-думан

5–6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Роза Рымбаеваның орындаудында  
Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған,  
Талғат Сарыбаевтың «Наурыз-думан»  
әнін тыңдаңдар. Әнді бірге айтыңдар.



## ЖАҢА СӨЗДЕР

сыбава, жібиді, ырыс,

**ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****3 -тапсырма.**

Өлеңді тында. Мәнерлеп оқы.

Наурыз айы туғанда  
Той болушы еді бұл маңда.  
Сақталушы еді **сыбаға**  
Сапарға кеткен үлдарға,  
Наурыз айы туғанда.  
Наурыз, наурыз, күн **игі!**  
Күні игі жердің түрі игі.  
Бауыры жылып науат-қар,  
Бабымен ғана **жібиді**.  
**Шашылып ырыс шанақтан,**  
Шақырып бір үй бір үйді,  
**Шаттануши** еді бір игі.  
Осынау игі кең жерге,  
Наурыз айы келгенде  
Наурыз тойын бергенде,  
Көрмегендер де арманда,  
Арманда оны көрген де.  
Келіп ем емір-орманға,  
Наурыз айы келгенде.

(Мұқавали Мақатаев)

**ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Түсіндірме сөздікті пайдаланып, өлең мәтініндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. «Сыбаға» сезіне байланысты қазақтың дәстүрі туралы оқы.

**АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Өлеңнің бірінші шумағында не туралы айтылған?
- Алыс сапарға кеткен үлдарға наурыздан неге сыбаға сақталады?
- Өлеңнің екінші шумағында қандай дәстүр туралы айтылған?
- Адамдар наурыз келгенде неге шаттанады, қуанады?
- Өлеңнің үшінші шумағында наурыз-думанның қандай ерекшелігі көрсетілген? Ол қай жолдардан байқалады?
- Наурыз бен ақын өмірінің қандай байланысы бар?

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**


Диалог. Шетелдік досыңмен наурыз мерекесі туралы сейлес.  
Сол диалогте ақын өлеңінде айтылған «Наурыз тойын бергенде,  
Көрмегендер де арманда, Арманда оны көрген де» деген сөзінің мәні  
ашылсын.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****7 -тапсырма.**

Ақын Мұқағали Мақатаев ақпан айында туған. Жұлдызнама бойынша осы айда  
туған адамдардың табиғатында қандай ерекшелік болатынын анықтаңдар.  
Ақынның болмысы шығармасында көрінетінін ескеріп, өлеңінен ақын бейнесін  
табыңдар. Ол туралы естеліктерді оқыңдар. Сейтіп, жұлдызнамада айтылған  
белгілердің ақынға қаншалықты тән екенін айтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Наурыз мейрамымен байланыстырып, суреттегі заттарды сипатта. Тағамның  
қалай дайындалатыны, аспап пен спорт түрінің ерекшелігі жайлы айт.



**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Көп нүктенің орнына керекті есімдіктерін жаз.

... — наурыз мейрамы. ... қазақ халқы ертеден тойлап келе жатыр. Халқымыз ... ерекше дайындалған. Наурыздойда ұлттық ойындар ойналады. ... түрі көп. ... бірі — арқан тартыс.  
... — ете қызық ойын.

Адамдар ... күнді көңілді өткізеді. ... бірін бірі наурыз мерекесімен құттықтайды. ... күнге аман-есен жеткеніне рақмет айтады, алдағы күннен жақсылық қутеді.

**Қажетті есімдіктер:** олар, осы, бұл, оны, оған, соны, оның, ол.

**ЖАЗЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Жұптық жұмыс. «Хабарландырулар бәсекесіл» ойыны. 10 күннен кейін сыныптарында наурыз тойы өтеді. Сол той туралы хабарландыру жазындар. Хабарландыру — құжаттың бір түрі. Сондықтан оны жазудың талаптары мен тұрақты құрылымы болатынын ескеріндер. Хабарландырудың құрылымдық-мазмұндық жүйесі:

- құжаттың аты (ірі әріптермен, көрнекі етіп жазылады);
- Іс-шараның өтетін уақыты (жылы, айы, күні, сағаты);
- Іс-шараның өтетін орны;
- Іс-шараның атауы;
- Іс-шараның бағдарламасы;
- Іс-шараны ұйымдастырушылар туралы мәлімет.

**Ескерту:** Наурыз мерекелік шара болғандықтан, оның қағазы түрлі түсті болып, іс-шараның ерекшелігіне қарай безендірілгені дұрыс.

**Сынып «ең үздік хабарландыру» жазған жұпты анықтасын.**

**ЕСТЕ САҚТА!**

Наурызда Самарқанның көк тасы жібиді. Наурызда алыс сапарға кеткен адамдарға сыйбаға сақталады. Наурыз ырыс әкеледі.

# Наурыз бен ақпан

7–8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. «Сейлемді аяқта!» ойыны. Тақырыбы: «Наурыз дәстүрлері». Екеуің кезектесіп, бірің сейлемді бастап, екіншің аяқтаңдар. Әр сейлемде кемінде бір оқшау сез болсын. 1 минуттың ішінде ең көп әрі сауатты сейлем құраған жұп жеңіске жетеді.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Ұсынылған 10 тірек сөзді пайдаланып, наурыз мерекесіне байланысты 5 сейлем құрап жаз. Тірек сөздер: наурызкөже, жеті түрлі тағам, тұсаукесер, бесікке салу, ұлттық спорт ойындары, бата беру, Ұлыстың ұлы күні, жыл басы, Наурызтал, бұлақ.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Диалогті жалғастырып, әңгімелесіндер.

— Айжан, сен наурыз мерекесі неге «Ұлыстың ұлы күні» деп аталатынын білесің бе?

- ...
- Наурыздың табиғатпен қандай байланысы бар?
- ...
- Наурызда қандай ұлттық ойындар ұйымдастырылады?
- ...

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 4 -тапсырма.

Мәтінді оқындар. Қыдыр баба, Аяз ата, Санта Клаус ұғымдарында қандай байланыс бар? Өз ойынды айт.



«21 наурыз күні елді Қыдыр баба аралайды» деген наным бар: «Қыдыр баба ақсақал кейпінде келеді. Елге, жерге бақ, дәулет дарытады. Ен даланы кезіп жүргендеге, назары түскен жердің тоңы жібіп, құнарланады. Жаппай көктейді. Тасқа түссе, бір демде ерітіп жібереді», — дейді еken бабаларымыз.

## ЖАҢА СӨЗДЕР

араз, атақ

**ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****5 -тапсырма.**

Мәтінді тында. Мәнерлеп оқы.


Ақпан кетті **араз** бол наурызбен,  
Наурыз жүр жоғалған **бағын** іздел.  
Көктем жетті көрісіп, жанын үзген,  
Қыс аттанды қоштасып тағы бізбен.

Көктем жетті **көл-кесір** шуақ қуып,  
Қыс барады қылылып, жылап тұрып.  
Шатырында үйлердің наурыз жүр,  
Мұз көрпесін ақланның лақтырып.

Тозған тонын бойына кие алмай бір,  
Қайда барса қарт Аяз — сыя алмай жүр.  
Асқар таулар атасын шақырады,  
Ой мен қырын атасы қия алмай жүр.

Қарар емес наурыз **атағына**,  
Алар емес ақпанды қатарына.  
Күні бойы жылаған қарт **пенденің**  
Түні бойы мұз **тоңды** сақалына.

(Мұқавали Мақатаев)

**ЖАЗЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын аудармасымен бірге дәптеріңе жазып ал.

**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сез тіркесін құра.

Ақпан кетті	көл-кесір шуақ қуып.
Көктем жетті	жылап тұрып,
Асқар таулар	араз бол Наурызбен,
Қыс барады қылылып,	мұз тоңды сақалына
Ой мен қырынатасты	атасын шақырады
Түні бойы	бағын іздел
Наурыз жүр жоғалған	қия алмай жүр

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Сынып төрт топқа бөлінсін. Өлеңді оқындар. «Наурыз бен Ақпан» тақырыбына сәйкес шығармада суреттелген сюжеттерді бірігіп талдаңдар. Әр топ өлең мазмұнының әр шумағындағы сюжетке сурет салсын. Суретке қарап, өлеңнің мазмұнын кезекпен баяндандар.

**АЙТЫЛЫМ****9** -тапсырма.

Мұқағали ақынның наурыз туралы екі өлеңін Венн диаграммасы түрінде салыстырыңдар. Алдымен әр өлеңнің ерекшелігін, содан соң ортақ белгілерін табыңдар.

«Наурыз-думан»

«Наурыз»

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****10** -тапсырма.

«Мен ақын болсам...» тақырыбында өзің жырлағың келетін жыл мезгілінің суретін салыңдар. Оқшау сөздерді қатыстырып не салғандарыңды айтыңдар. Сыныптастарыңмен осы тақырыпта сейлесіңдер.

**ЖАЗЫЛЫМ****11** -тапсырма.

Жеке сөздерден сейлем құра. Сейлемді үлгідегі формула бойынша жаз.

*Үлгі: 1-сейлем: 1A — 4Ә — 1Б — 5В*

A	Ә	Б	В
Наурызға	қыс	араз болып	кетті.
Қария	ақпанның	ой мен қырын	қатты.
Наурыз	сақалына	мұз	лақтырды.
Қыстың	ақпан	нөрпесін	қимайды.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****12** -тапсырма.

Жағдаят: Досың мектепте «Мұқағали оқулары» өтетінін айтты. Байқауға қатысу үшін ерекше мазмұнды өлең жаттауы керек екенін айтып, өлең таңдауға көмектесуінді сүрады. Сен ақынның «Наурыз келді» өлеңін ұсын. Оның ерекшелігін түсіндір.

**ЖАЗЫЛЫМ****13** -тапсырма.

«Наурыз-думан» тақырыбына синквейн дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын Төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

# Наурыздың сәні – зертгерлік бүйімдар

9–10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СЕЗДЕР

ашекейлер

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсыриа.

«Наурызтой» ойыны. Екі топқа бірігіндер. Бірінші топ екінші топқа, бір тапсырма айтсын. Екінші топ осы дәстүрді наурызтойда көрсетілетін салт-дәстүрге байланысты топпен ақылдасып, көрсетуі керек. Екінші топ оқушылары қазақ халқының ұлттық ойынына байланысты бірінші топқа бір тапсырма айтсын. Бірінші топ ақылдасып, ойынның қалай ойналатынын көрсетулері керек.

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

«Наурыз орда байқауы» Топтық жұмыс. Төрт топқа бөлініңдер. Сендерге Наурыз мейрамына байланысты «Наурыз орданы» безендірулерің керек. Ақылдасыңдар. Әрқайсың істейтін жұмысты бөліп алыңдар. Наурыз өтетін орынның жобасын жасаңдар. Өз жұмыстарыңды түсіндіріңдер.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсыриа.

Суреттердегі ұлттық әшекей бүйімдары қалай аталауды? Оларды кім тағады?



**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда. Оқы.

Наурыздың сәні — үлттық киімдер мен зергерлік бұйымдар. Бұл күні бәрі үлттық киімдерін киіп шығады. Қазақтың сәнді де салтанатты үлттық киімдері наурыздың көркін асыра түседі. Жігіттер шапан, бөрік, қалпақ киеді. Үлкен әжелерге қамзол мен кимешектері, қыз-келіншектерге қосетек көйлен, бешпет, саунеле, тақиялары жарасып тұрады. Осы киімге қоса үлттық зергерлік бұйымдарды таққанда, тіпті құлпырып кетеді.

Менің нағашым — зергер. Наурызда қыздар ол кісінің жасаған бұйымдарын тағады. Нағашым алтын мен күмістен түрлі зергерлік бұйымдар мен әшекей заттарды жасайды. Нағашым білезік, алқа, шашбау, сақина, сырғаларды айшиқтап жасайды. Оларға қазақтың ою-өрнегін салады. Асыл тастармен безендіреді. Маған нағашымның жасаған шашбауы қатты ұнады. Ертеде қазақтың қыздары шашбау таққан. Шашбау мен шолпы қыздарды әсем қымыл-қозғалысқа үйреткен.

Нағашым бес жүзге жуық зергерлік бұйым жасаған. Жақында Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі болды. Нағашым көрмеге жүз шақты әшекей бұйым қойды. Көрмеге халық көп келді. Олар нағашымның шеберлігіне, талғамына қатты риза болды. Наурызда, салтанатты мерекелерде тағатын үлттық әшекейлерді қуана-қуана сатып алды.

Наурызда әжем күміс білезік пен күміс сақина тақты. А남 алтын алқа мен алтын сақина, сырға тақты. Қарындастыма әдемі шашбау жарасып тұрды. Олардың сәнді бұйымдарын нағашым жасап берген.

Нағашымның шеберханасы бар. Мен жекененбі сайын сол шеберханаға барып тұрамын.

**АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Сөздермен тіркестерді сәйкестендір. Түсіндір.

1	Менің	1	бұйымдарын қойды.
2	Нағашым білезік, алқа, шашбау	2	салады.
3	Қазақ ою-өрнегін	3	нағашым — зергер.
4	Асыл тастармен	4	шашбау таққан.
5	Қазақ қыздары шашына	5	безендіреді.
6	Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі	6	сақина, сырғаларды айшиқтап жасайды.
7	Көрмеге елуге жақын	7	күміс сақина тағады.
8	Менің әжем күміс білезік пен	8	болды.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына қатысты жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқаларын қойып жаз.

Наурыздың сәні — (тәтті тамақ, жарыс-оыйн, зергерлік бүйымдар). 2. Жігіттер шапан (етік, сауыт, бөрік, қалпақ) киеді. Қыз-келіншектерге (қосетек көйлен, саукеле, көзайнектері) жарасып тұрады. Осы киімге қоса ұлттық сәнді (оюларды, зергерлік бүйымдарды) тағады.

Менің нағашым — (атбегі, зергер). Нағашым (алтын, қола, мыс пен күмістен) түрлі зергерлік бүйымдар жасайды. Нағашым (білеziк, саукеле, алқа, шашбау) бүйымдарын айшықтап жасайды. Шашбау, шолпы — қыздарды (тез, жылдам, әсем) қымыл-қозғалысқа тәрбиелеу құралы. Наурызда әжем күміс (білеziк, шолпы) тақты.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

**Диалог.** Сұрақтарды қолданып, «Наурыз сәні» тақырыбында әңгімелесіндер. Диалогте оқшау сөздерді қолданыңдар

1. Әйелдер тағатын сәнді бүйымдар мен әшекей заттарға не жатады?
2. Зергерлік бүйымдар неден жасалады?
3. Зергерлік бүйымдар қалай жасалады?
4. Сенің жақындарың наурызда қандай әшекейлер тағады?
5. Әшекей бүйымдарды тек сән үшін таға ма?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Суреттегі қыздың сыртқы кейпін, киімін, әшекейлерін сипаттап мәтін құрап жаз.

**Керекті сөздер:** зергерлік бүйымдар, ұлттық әшекейлер, асыл тастар, безендірген, алқа, шашбау, білеziк, сақина, сырғалар, айшықтап жасау және т.б.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС



**АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Сурет пен сейлемді сәйкестендір.

1. Қыз баланың қолына (саусағына) тағылатын әшекей бүйым
2. Қыз баланың құлағына тағылатын әшекей бүйым
3. Қыз баланың білегіне тағылатын әшекей бүйым
4. Қыз баланың мойнына тағылатын әшекей бүйым
5. Қыз баланың шашына тағылатын әшекей бүйым

**АЙТЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

**Полилог. Жағдаят:** Екі досыңмен бірге зергердің шеберханасына келдіңдер. Наурыз мейрамына бірің анаңа, екіншің әжеңе, үшіншің әпкеңе сыйлық алуларың көрек. Зергермен сейлесіп, кеңес алыңдар. Ақылдастып, сыйлық таңдаңдар. Диалог 15-16 үнқатымнан тұрсын.

**ЕСТЕ САҚТА!**

Наурыздың сәні — үлттық зергерлік бүйымдар. Нағашым ашекей бүйымдарды асыл тастармен безендіреді. Білезікті айшықтап жасайды.

# Нәтижесі сабак. Мен не үйреним?

11  
САБАҚ

## ЖАЗЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

«Наурызкөже ішемін». Суретке қарап, немесе мен әжесінің диалогін құрап жаз. Олар наурызкөженің маңызы, қалай дайындалатыны туралы сөйлессін. Диалогте оқшау сөздерді жиі қолданыңдар.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«Наурыз-думан» әнінің тарихына, әннің сезін, әнін жазған оны орындаған танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына байланысты коллаж жасандар. Қызықты деректер қамтылсын.

## АЙТЫЛЫМ


### 3 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қыздар қандай сәнді бүйімдар тағады?
2. Шашқа тағатын қандай сәнді бүйімдарды білесің?

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Сөзжүмбақты шешіндер. Жұмбақтарды жаттап алыңдар.



1. Қүрәң қызыл түсі бар,  
Тағамдардың асылы,  
Қуат берер күші бар.
2. Аппақ ас, мұзы бар,  
Балалар қызығар.
3. Сылқ-сылқ құледі, аяғы жоқ — жүреді.
4. Төрт бұлағы — сүт, өзі қүшті, мүйізі  
мықты.
5. Қамыс құлақ, тостаған түяқ, мінсен —  
қанат, сүті — дәрі, еті — тамақ.
6. Үй үстінде — ұсақ тас.
7. Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашылды.
8. Екі бала қатар тұрса да, бірін бірі  
көрмейді.
9. Наурызтойға тән, көпшілікке  
арналған мерекелік тағам
10. Мөлдір мұз арқылы,  
Нұр төгіп күн тұрар.  
Кең белме әр күні  
Тазарып құлпыра.

**БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...**

Гүл өссе, жердің көркі,  
Қыз өссе, елдің көркі.

11  
ТАҚЫРЫП

# ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ҚАЙДАСЫН?

М. ЖҰМАБАЕВ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» ӨЛЕҢІ

1–2  
САБАҚ

## Мен Қазақстаниң балашағының

### МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


##### 1 -тапсырма.

Суреттер бойынша әңгімелे.



### ЖАҢА СӨЗДЕР

білектің күші, наизаның ұшы,  
жсанын салу, паш ету, нарық



**ЖАЗЫЛЫМ****2 -тапсырма.**

Сын есімдерді қолданып, өзіңе ұнаған сурет бойынша шағын мәтін құра.

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда.

**МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС**

Қазақстанның болашағы — бүгінгі жас үрпақ, бізбіз. Біз тәуелсіз, егеменді елде тұрамыз. Бұл тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Біздің ұлан-байтақ жерімізді ата-бабаларымыз аманесен сақтап, жеткізді. Сол үшін біз оларға қарыздармыз. Олар жанын салып қорғап, ғасырлар бойы күресіп, жерімізді сақтап қалды. Оны болашақ үрпаққа сақтап жеткізу — біздің міндетіміз.

Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда өз егемендігін әлемге жариялады. Алпауыт мемлекеттер Қазақстанның тәуелсіздігін мойындағы. Қазір Қазақстан барлық салада дамып келеді. Оны дамыту, алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосу — біздің міндетіміз. Өйткені біз өз еліміздің жарқын болашағы үшін қызмет етеміз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың дана бастамасы мен көреген саясатының арқасында еліміздің экономикасы қарыштап дамып, өркенде, бүкіл әлемге танылуда. Қек байрақты бейбіт елімнің мәртебесі күн сайын биіктеп, асқақтап келеді. Қазіргі кезде Елордамызыда әлемдік деңгейдегі нездесулер, жыныдар, саммиттер, форумдар өтіп жатыр. Мұның бәрін бүкіл әлем көріп, тыңдалап отыр.

Біздер, жас үрпақ, болашақта Қазақстанның еңсесі биік, татулығы жарасқан ел болуына, оның жылдан-жылға гүлденіп, көркейе беруіне өз үлесімізді қосамыз.

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауаптарыңда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дұрыс дыбысталуын, үндестік заңын сақтандар.

*Улгі:*

**Сұрақ:** Қазақстанның болашағы — кім?

**Толық жауап:** Қазақстанның болашағы — бүгінгі жас үрпақ.

**Қысқа жауап:** Бүгінгі жас үрпақ.

**Сұрақ:** Қазақстан өз егемендігін қашан жариялады?

**Толық жауап:**

**Қысқа жауап:**

**Сұрақ:** Қазір Қазақстан — қандай мемлекет?

**Толық жауап:**

**Қысқа жауап:**

**Сұрақ:** Қазіргі кезде Елордамызда қандай іс-шаралар өтіп жатыр?

**Толық жауап:**

**Қысқа жауап:**

**Сұрақ:** Қазақстанның болашағына сендер қандай үлес қосасындар?


**Толық жауап:**

**Қысқа жауап:**

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, Қазақстан туралы ойынды айт.



### 6 -тапсырма.

Мәтіннен тәменде берілген сөздердің синонимін тап.

Болашақ, тәуелсіз, мықты, барлық, жариялады.

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Дөңгелек үстел» ойыны. Топқа белініңдер. Топтағы бірінші оқушы қағаздың шетіне басқаларға көрсетпей мұғалімнің «Не?» деген сұрағына жауап жазады. Жауап жазылған қағазды бүктеп, келесі оқушыға береді. Екінші оқушы «Қандай?» деген сұраққа жауап жазып, қағаздың шетін бүктеп келесі оқушыға береді. Осы ретпен қайталанып отырады. Соңында қағазда құрастырылған сейлем оқылады.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Сұрақтарға толық жауап бер.

**Зерттеу.** Сен қайда тұрасың?

**Суреттеу.** Сенің мемлекетің қандай?

**Салыстыру.** Еліңің болашағы үшін не істеу керек?

**Өз пікірің.** Өз елінді не үшін мақтан етесің?

**Білімің.** Еліңе, достарыңа қандай тілек айтасың?

**Қолдану.** Не үшін жақсы оқу керек?

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Төмөнделгі карта бойынша Қазақстанның жері туралы мәтін құра.

**ЖАЗЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Берілген сөздерді пайдаланып, өз елің туралы шағын әңгіме құра.

Болашақ, үрпақ, тәуелсіз, Қазақстан, егеменді, саясат, экономика, бейбіт ел, мәртебе, әлемдік, Елбасы, Елорда, гүлдену, көрнею.

**ЕСТЕ САҚТАИ**

Қазақстанның болашағы — бізбіз. Ұланбайтақ жерімізді сақтау — біздің міндеттіміз.

# Ел өртөңі – білімді жастар

3–4  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсыриа.

Сейлемдерді аяқта.

1. Мен көп кітап ...
2. Қазақ жазушыларының шығармаларын ...
3. «Күш — білімде, білім — ...»
4. Кітапты көп оқыған адам білімді ...
5. Арманым — білімді азамат ...

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

Суреттер бойынша берілген сөздерден сөз тіркестерін құра.  
Осы сөз тіркестерін пайдаланып, шағын мәтін құра.

Кітап ..., ... кітапхана, ... демалыс, ... кітап, достармен ..., жиі ...

## ЖАҢА СӨЗДЕР

еңсесін көтеру, рухани жетілу,  
вибрат, сауатты

### Кітап — ең сабырлы

### ұстаз.

*Нұрсұлтан Назарбаев*



## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.  
Математика

## Мәтінді тыңда. Оқы.

**Дүниенің** сырын білуге **есік** ашатын алтын кілт — білім. Даны бабаларымыз: «**Күш** білімде, білім кітапта», «Мұхит басы — бұлақ, білім басы — кітап», — деп бекер айтпаған. Ел болып еңсесін көтерген **Егеменді** еліміздің ертеңі — жас ұрпақ. Ерінбей оқып, талмай іздену арқылы адам рухани тұрғыдан жетіліп, **білім нәрімен** су-сындарды. Мұндай адам қашан да халқының ықыласына беленеді. **Асыл** мұратына, арман-мақсатына білім арқылы жетеді. Жас жеткіншектер данышпан бабаларымыз жазып қалдырған кітаптарды көп оқулары керек. Осындағы биіктік пен өнегеге толы кітаптарды, **ақын-жазушылардың** шығармаларын оқыған адам білімді, тәрбиелі, өнерлі болып өседі.

Ағылшын философи — Френсис Бэкон: «Кітап оқу адамды білімді етеді, жазып отыру әдеті сауатты етеді», — дейді. Ал Конфуций: «Білген адам өкінбейді, **мейірбан** адам маза-сызданбайды, батыр адам қорықпайды», — деген.

АЙТЫЛЫМ

#### **4**-тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, диалогті толықтырындар.

- Не дүниенің сырын білуде есік ашатын алтын кілт болады?
  - Дүниенің сырын білуге есік ашатын алтын кілт — ....
  - Білім туралы бабаларымыз не деген еді?
  - Бабаларымыз білім туралы «Күш білімде, ....», — деген.
  - Егемен еліміздің ертеңі кімдер?
  - Егемен еліміздің ертеңі — ....
  - Өнегеге толы кітаптарды көп оқыған адам қандай болып өседі?
    - Өнегеге толы кітаптарды, ақын-жазушылардың шығармаларын көп оқыған адам ..., ..., .... болып өседі.
    - Ағылшын философы — Френсис Бэкон кітап туралы не деген еді?
    - Ағылшын философы — Френсис Бэкон: «Кітап оқу адамды ..., етеді, жазып отыру әдеті — ....», — деген.

ЖАЗЫЛЫМ

## 5 -тапсырма.

**Берілген сөздерді мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздермен сайкестендіріп, сейлем құра.**

Сыры, ашу, білімде, ел, сусындау, мұрат, шығармалар, адам

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

«Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңімпаз атанады.

**ЖАЗЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****7 -тапсырма.**

Білім туралы өзің билетін мақал-мәтелді пайдаланаңып, диаграмманы толтыр.

**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Сурет бойынша әңгімелे. Мәтінде берілген мәліметтермен салыстыр.



### Кітап оқудың пайдасы:

- Кітап — рухани қазына.
- Кітап — білімнің қайнар бұлағы.
- Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.
- Адамның ойын байытып, білім нәрімен сусындар татын орта — кітапхана.
- Бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады.
- Кітап оқу — миға жасалған жаттығу.
- Кітапты бар ынтаңызбен, ықыласпен, мұқият әрі баяу оқыңыз.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 9 -тапсырма.

Берілген топтау сан есімдерін зат есімдермен тіркестіріп жаз. Топтау сан есімдерді түрлеріне қарай ажырат.

Топтау сан есімдер

Екіден, жүзден, қырық-елуден, он-оннан, бес-алтыдан, жиырма бестен, үш-үштен

#### 10 -тапсырма.

Ф. Оңғарсынованың кітап туралы айтқан ұлағатты сезін оқып, өз ойыңды білдір.



**Кітап оқымаған адам —  
тамырсыз қаңбақ.**

**Фариза Оңғарсынова**

#### ЕСТЕ САҚТА!

Мен кітапты көп оқымын. Өйткені білімнің кілті кітапта.

# Маңжан – ұлы ақын

5–6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Суретке қара. Оқы.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

сауат ашу, үлгерім, шынағы,  
сыршыл

Қазіргі жастар не істейді?



**АЙТЫЛЫМ****2 -тапсырма.**

Қазіргі кезде еліміздегі жастар не істейді? Немен айналысады? Жоғарыдағы сұреттерді пайдаланып, жауап беріңдер. Бұл — қандай балалар?


**ЖАЗЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Сөздерге толтау сан есімінің қосымшаларын жалғап жаз. Оларды қатыстырып, сәйлем құрастыр.

Екі..., бес..., үш-үш..., алты-жеті...,  
қырық-қырық..., он-он...

**ЖАЗЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

«Ұлы» сезінің синонимдерін пайдаланып, диаграмманы толтыр.

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы «Сасыққөл» деген жерде туған. Бала кезінен өте зерек болып, төрт жасынан хат таниды. Ауыл мұғалімінен сауат ашқан Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге окуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды. Мұнда ол шығыс тілдерін үйренеді, сол тілдердегі әдебиеттерге дең қояды. Шығыс әдебиетімен танысады. Қолына түскен қисса-дастандарды оқиды. Ақын Шығыс әдебиетінің даналары — Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайямның дастандарын түпнұсқадан оқып-үйренеді.

Мағжан Абайдың 1909 жылы Петербургте жарық көрген өлеңдерін оқып, сусындаиды.

Ақын мұнан әрі білімін Уфадағы «Фалия» медресесінде жалғастырады. Мағжан өлеңдері тұнғыш рет Қазанда Кәрімовтар баспаханасынан басылып шығады. Бұған қол ұшын берген ұстазы — Фалымжан Ибрагимов.

Мағжан Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түсіп, алтын медальмен бітіреді.

Мағжан ана тілінің мол байлығын бойына барынша сіңірген, орыс тілін де жетік білген. Ол Пушкин, Лермонтов, Горький, Байрон, Гете тағы да басқа ақын-жазушылардың шығармаларымен танысып, таңдаулы туындыларын ана тілімізге аударды.

Мағжан — лирик, сыршыл ақын. Ақын лирикасының тақырыптары сан алуан: туған жер, атамекен, халық тағдыры, адамгершілік, шынайы маҳабbat және т.б.

Мағжан — эпик ақын. Оның қаламынан «Батыр Баян», «Қорқыт», «Жұсіп хан» сияқты поэмалар туған. «Батыр Баян» поэмасында жүргегінің ыстық сезімін өлең өрнегіне шынайылықпен түсірген.

Мағжан Жұмабаев — көрнекті жазушы, ақын, публицист.

Алтын алашқа құрбан болған ақ жаны,

Ақындықтың мұздай мәлдір маржаны.

«Жұмабайдың Мағжаны» деп таны да

«Ұлы Абайдың ұрпағы» — деп басынды ій!



Ж. Әбдірашев

## ОҚЫЛЫМ

### 6 -тапсыриа.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Ақын Шығыс әдебиетінің даналары — Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайямның дастандарын түпнұсқадан оқып-үйренеді.		
Мағжан Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түсіп, күміс медальмен бітіреді.		
Ақын мұнан әрі білімін Қазандағы «Фалия» медресесінде жалғастырады.		
Мағжан өлеңдері тұнғыш рет Қазанда Кәрімовтар баспаханасынан басылып шығады.		

Ауыл мұғалімінен саудат ашқан Мағжан 1906 жылы Қызылжардағы медресеге окуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды.		
Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы «Сасықкөл» деген жерде туған.		
Бала кезінен өте зерек болып, бес жасынан хат таниды.		

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	ауыл	а	медресе	1	ұстазы	а	ақын
2	шығыс	ә	оқып-үйренеді	2	халық	ә	семинариясы
3	басылып	б	мұғалімі	3	оқытушылар	б	Ғалымжан Ибраимов
4	Қызылжардағы	в	адебиеті	4	таңдаулы	в	білген
5	түпнұсқадан	ғ	жарық көрді	5	сыршыл	ғ	тындылар
6	Петербургте	ғ	баспаханасы	6	жетік	ғ	медальмен
7	Карімовтер	д	медресесі	7	алтын	д	сінірген
8	«Фалия»	ж	шығады	8	бойына	ж	тағдыры

## ЖАЗЫЛЫМ

### МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнынан қажетті сөздерді қойып жаз.

**Қажетті сөздер:** ынтаңызбен, ықыласпен, мұқият, баяу, қазына, қайнар, білу, мүмкін, кітапхана, білімді, жаттығу,

- Кітап — рухани ... .
- Кітап — білімнің ... бұлағы.
- Кітап оқымай, білім алу ... емес.
- Адамның ойын байытып, білім нәрімен сусындаратын орта — ... .
- Бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта ... адам болып қалыптасады.
- Кітап оқу — миға жасалған ... .
- Кітапты бар ..., ..., ..., ... оқыңыз.

**АЙТЫЛЫМ****9** -тапсыра.

Көршіңе тәмендегі сұрақтарды қойып, диалог құрындар.

- Мағжан Жұмабаев — кім?
- .....
- Ол қай жылы дүниеге келген?
- .....
- Ақын қай жерде білім алған?
- .....
- Мағжан өлеңдері тұңғыш рет қайда басылып шығады?
- .....
- Ақынға кім қол ұшын берді?
- .....
- Мағжан Омбыдағы оқытушылар семинариясын қалай бітіреді?
- .....

**ЖАЗЫЛЫМ****10** -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, сөйлем құрап жаз.

<i>Улғи: Мағжан — лирик, сыршыл ақын.</i>	
Мағжан Жұмабаев 1893 жылы	
Бала кезінен өте зерек болып,	
сауат ашқан	
тілдерін үйренеді	
аударды	
тұңғыш рет	
алтын медальмен	
орыс тілін	

**ЕСТЕ САҚТА!**

Мағжан Жұмабаев — ақын.  
Мен ақынның өлеңдерін жатқа  
білемін.

# «Мен жастаға сенемін»

7–8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.


Сұрақтарға жауап бер.

1. «Сенім» дегенді қалай түсінесің?
2. Сен өмірде кімге сенім артасың?
3. Сеніміңнен шығатын достарың бар ма?
4. «Сенімді адам» деген тіркесті қалай түсінесің?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

«Сенімді дос» сөзіне диаграмманы толтыр. Диаграмма бойынша шағын мәтін құрап жаз.



## ЖАҢА СӨЗДЕР

Айбатты, қайратты,  
қанатты, үмттылу, көздеу,  
сену

**ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Өлеңді тыңда. Мәнерлеп оқы.  
Түсінгенінді баянда.

**Мен жастарға сенемін**

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін!  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар!  
Мен жастарға сенемін!  
Жас қырандар — балапан  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені — көк аспан,  
Мен жастарға сенемін!  
Жұмсақ міnez жібектер,  
Сүттей таза жүректер,  
Қасиетті тілектер —  
Мен жастарға сенемін!

(Мавжан Жұмабаев)

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Өлеңді түсініп оқып, мазмұнын өз  
сөзіңмен айтып көр.

**7 -тапсырма.**

Суретке қарап, өлеңнің авторы туралы  
қысқаша әңгімелеп бер.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****ЖАЗЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Өлеңнен сын есімдер мен зат есімдерді тап.  
Оларды тіркестіріп, сейлем құра.

**ОҚЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Берілген сөздерді қатыстырып, сейлем  
құрастыр.



**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Мәтіндегі сан есімдерді сөзбен жаз.  
Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

Ақын шығармашылығының үлкен бір арнасы — халықта білім беру, педагогика. Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жазды. Ақан сері, Базар жырау, Әбубәкір Диваев туралы зерттеу еңбектер жазып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинады.

Мағжан Жұмабаев аударма саласына үлкен мән берді. И. Гете, Г. Гейне, Әбу Фирас, А. В. Кольцов, М. Ю. Лермонтов, А. А. Фет, И. И. Дмитриев, И. П. Мятлов, А. А. Блок өлеңдерін, А. М. Горький, В. В. Иванов, Д. Н. Мамин-Сибиряк және т. б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Таңдаулы прозалық шығармаларды аудару арқылы қазақ әдебиетіне психологиялық талдау әдісін енгізді.

**9 -тапсырма.**

М. Жұмабаев туралы өздерің білетін мәліметтерді пайдаланып, диаграмманы толтыр. Ол туралы айт.



# Еліміздің келешегі жастардың қолында

9–10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсыриа.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақстан Республикасының Президенті — кім?
- Елбасының қандай Жолдауларын білесің?
- Елімізде жастар ісіне қалай көңіл бөлінеді?
- Еліміздегі жастар туралы не айта аласың?
- Еліңің өркендеуіне өзің қандай үлес қосамын деп ойлайсың?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

бавыттау, маңызды, қалыптасу,  
нұғайту, көрнейту, талғампаз,  
табанды

### ОҚЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

Мәтінді оқып, Елбасымыздың жастарға қандай міндеттер жүктейтінін түсініп, диаграммаға түсір. Мәтінге ат қой.

## Н. НАЗАРБАЕВ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН»

Бұгінгі таңда жастардың тәртіпті, белсенді, отаншыл болып есүіне де баса назар аударылып отыр. Тәуелсіз мемлекетімізде жастарға білім мен тәрбие беру, әлеуметтік тұрғыда барынша қолдау ісіне ерекше мән беріліп, олардың, елдің келешегіне өз үлесін қосатын азамат болып қалыптасуы үшін барлық жағдай жасалған. Елбасымыз: «Еліңің ұлы болсан, еліңе жаңың ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында терінді төгіп еңбек ет! Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа!» — дейді.



**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Мәтінде тыңда. Түсініп оқы. Тақырып қой.

1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті — Н.Ә. Назарбаевтың қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл — дарынды жастарға арналған бағдарлама. Бастама жастардың шетелде сапалы білім алып, білім-білігін еліміздің игілігіне жаратуын көздейді. 1994 жылы бір топ қазақстандық студент тұңғыш рет шетелдегі жоғары оқу орындарына жіберілді. 1994—2004 жылдар аралығында 785 студент “Болашақ” бағдарламасы бойынша әлемнің 13 елінде білім алды. Стипендия қызметте табысты есудің, түлектердің кәсіби мамандануының кепілі іспетті. Қазіргі кезде бағдарлама бойынша білім алған түлектері мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтерді атқарып жүр. Олар мемлекеттік және халықаралық жобаларға қатысып, еліміздің дамуына үлестерін қосуда.

Мемлекет басшысы 2005 жылғы Жолдауында «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлерін көбейту туралы бастама көтерді. Осы бастаманы іске асыру мақсатында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды.

Қазіргі кезде үміткерлер алемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орнында оқиды. Бүгінгі таңда магистрлік және докторлық бағдарламаларғада көңіл бөлініп отыр. Сондай-ақ еліміз үшін аса қажетті техникалық және медициналық бейіндегі мамандарды даярлау іci де жіті назарда.

(Баспасөз материалдарынан)

**ЖАЗЫЛЫМ****4 -тапсырма.**


Мәтіннен сан есімдерді тауып, сөйлем құра.

**АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

«Мен елімнің болашағымын» тақырыбы бойынша қосымша мәлімет жина. «Еліңнің ертеңі үшін сен не істей аласын?» деген сұраққа жауап беріп, диаграмманы толтыр. Диаграмма бойынша ойынды дәлелде.

**Талаптар:**

1. көлемі — 4-6 сөйлем;
2. сан есімдерді жиі пайдалан;
3. Міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.



**ЖАЗЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

«Кубизм» әдісін қолдана отырып, еліңнің жастары туралы жаз.

- зертте;
- салыстыр;
- түсіндір;
- қолдан;
- суретте;
- тілек айт.

**ЖАЗЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

«Мен елімнің болашағымын» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты **бір** зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты **екі** сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын **терт** кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Берілген сөйлемдерге үш нұсқада сұрақ қой.

**Улгі:** Президенттіңіз жастарға «Болашақ» стипендиясын тағайындауды.

- Президент жастарға не тағайындауды?
- Стипендияны кімдерге тағайындауды?
- Елбасы қандай стипендия тағайындауды?

1. Бұғінгі таңда, жастардың тартілті, белсенді, отанышыл болып өсуіне де баса назар аударылып отыр. 2. Ел Президентінің «Бұл заман—білекке сенетін емес, білімге сенетін заман», — деуі бекер емес. 3. Елбасымыз: «Еліңнің ұлы болсан, өз мемлекетінді нығайтып, көркеюі жолында терінді төгіп еңбек ет!», — дейді. 4. Бұл бастама дарынды жастарға арналған.



**АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

«Сен болашақта кім боласың?» тақырыбында сұрақтарды кірістіріп, досыңмен диалог құр.

- Сен қай сыйыпта оқисың?
- ...
- Болашақта кім болғың келеді?
- ...
- Неліктен бұл мамандықты таңдадың?
- ...
- Еліміздің ертеңі кімдердің қолында?
- ...
- Еліміздің дамуы үшін жас үрпақ қандай болуы керек?
- ...
- Алға қойған мақсат қандай?
- ...

**АЙТЫЛЫМ****10 -тапсырма.**

Қазақстанның дамуына үлесін қосып жүрген дарынды жастар туралы ақпарат жинап, ой белісіндер.

Олардан қандай үлгі аласындар? Өз ойларынды дәлелдендер.

**ЖАЗЫЛЫМ****11 -тапсырма.**

Өзің билетін мәліметтер бойынша төменде берілген сөздерді қолданып, қазіргі жастарға мінездеме жаз.

еңбекші

жан-жақты

ізденгіш

зерең

**ЕСТЕ САҚТА!**

Менің ағам «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқиды. Ол халықаралық жобаға қатысты.

# Нәтижесі сабак. Мен не үйренипім?

11  
САБАҚ**ЖАЗЫЛЫМ****1 -тапсырия.**

Суреттерге қара. Өзіңнің, достарыңның өмірі жайында мәтін құрап жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ****2 -тапсырия.**

Сұрақтарға жауап жаз.

«Білімді үрпақ» дегенді қалай түсінесің?



Қазіргі заманда біз қандай болуымыз керек?



Еліміздің ертеңі кімнің қолында деп ойлайсың?



Еліміздің дамуы үшін жас үрпақ қандай болуы керек?



«Біз Егеменді еліміздің ертеңіміз» дегенді қалай түсінесің?

**АЙТЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Сурет бойынша диалог құрындар.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Мәтінді оқы. Ондағы маңызды деректерді анықта. Осы мәліметтерді пайдаланып, диалог құрындар.

- Мағжан Жұмабаев қашан дүниеге келді?
- Мағжан Шығыс әдебиетімен қай кездे танысты?
- М.Жұмабаев Шығыс әдебиетінен кімнің шығармаларын оқыды?
- Мағжан кімнің өлеңдерін оқып, ақын болуды армандағы?
- Мағжанның «сыршыл, лирик ақын» аталуының себебі неде?
- Неліктен Мағжанды «ұлы ақын» дейміз?

**АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Диаграммадағы сұраққа жауап бер. Жауабынды дәлелде.



**ОҚЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Сағат тілі бойынша берілген сөздердің бас әріптерін алып оқысаң, жаңа сөз шығады. Осы сөзді қатыстырып, шағын мәтін құра.

**АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

Сөздікті пайдаланып, берілген сөздердің аудармасын тап. Осы сөздерді пайдаланып, өлең құрастыр.



**ЖАЗЫЛЫМ****8** -тапсырма.

Мен «Білімді жастар — ел болашағы» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда еліміздің болашағы білімді жастардың, яғни біздің қолымызда екенін жаздым. Шығармам 15 сөйлемнен құралды.

Қандай сөйлемдер жазды деп ойлайсың? Өзің де жазып кер.

**АЙТЫЛЫМ****9** -тапсырма.

Ұлы ақын М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі мен Елбасымыз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының қандай үқсастықтары мен ерекшеліктері бар? Түсіндір.

**Н. Назарбаевтың  
Қазақстан халқына  
Жолдауы**

**М. Жұмабаевтың  
«Мен жастарға сенемін» атты  
өлеңі**

**АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****10** -тапсырма.

М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңіндегі өзің қалаған шумақты жатқа жаз. Мазмұнын түсіндір.

**БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...**

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық білім кітапта,  
Ерінбей оқып көруге.

*А. Құнанбаев*

12  
ТАҚЫРЫПФЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫң  
СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ1—2  
САБАҚЖаңа технология  
жемістіктері

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

## 1 -тапсыриа.

Оқшау сөздерді тап. Олардың түрлерін анықтай, тыныс белгілерін қой.

1. Тұ-ү-у біздің сыныптағы компьютер ғаламтор желісіне қосылмаған.
2. Алақай компьютерді ғаламтор желісіне қосу үшін мамандар келеді.
3. Әрине интерактивті тақтамен жұмыс істеуді бәріміз үйренуіміз керек.
4. Алуа енді үй тапсырмасы электронды кітапхана бойынша беріледі.

## ЖАЗЫЛЫМ

## 2 -тапсыриа.

Суреттерді пайдаланып, өзің қалаған ақпаратты жинақтау құралдарының біріне сипаттама бер. Мәтінде оқшау сөздерді пайдалан.



## АЙТЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Жаңа сөздерді қатыстырып, сейлем құра. Сейлемде оқшау сөздерді түрлерін пайдалан.

Ақпараттық нарық, заманауи технология, ақпараттық жүйе, ақпараттық есептеу техникасы.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

Ақпараттық технология — алға қойған мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен заманауи техникалар.

Ақпараттық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуді, оқу барысында компьютерді пайдалануды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануды, ғаламторда жұмыс істеуді, компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануды білдіреді. Ақпараттық технология жан-жақты болуға, сапалы білім алуға, іскер әрі талантты болып есуге, шығармашылықпен айналысуға, еркін дамуға жол ашады. Білім беруді ақпараттандырудың басты құралы — компьютер. Қазір көптеген электрондық, мультимедиялық оқулықтар бар. Олар — ақпараттық технологияның жетістігі. Біз мектепте мультимедиялық, электрондық оқулықтардан да білім аламыз. Ақпараттық технология барлық сабакта қолданылады.

Ақпараттық технологияның арқасында түрлі мамандықтар пайда болды. Заманауи ақпараттық технология мамандықтарына байланысты «кибернетика», «автоматика», «информатика», «нанотехнология» және т. б. ұғымдар пайда болды.

«Нанотехнология» дегеніміз — көзге көрінбейтін ете ұсақ бөлшентерді ретке келтіріп, оның ерекшеліктерін алдын ала белгілеу. Кибернетика (грекше *kybernetike* — «басқару өнері», ағылшынша *cybernetics*) — басқару жүйелеріндегі ақпаратты алу, сақтап өңдеу заңдылықтары туралы ғылым. Билл Гейтс әлемге танымал ақпараттық технология мамандарының бірі. Ол — бағдарламалық қамсыздандыру саласының әлемдік көшбасшысы саналатын «Microsoft Corporation» компаниясының негізін қалаушы.

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер. Мәтіннен түсінгенінді баянда.

1. Ақпараттық технология дегеніміз не?
2. Ақпараттық технологияның маңызы неде?
3. Ақпараттық технологияның қандай түрлері бар?
4. «Кибернетика», «нанотехнология» дегенді қалай түсінесің?

**ЖАЗЫЛЫМ****6 -тапсырима.**

Улгіге қара. Мәтіндегі маңызды ақпараттарды қаратпа сезі бар сөйлем түрінде жаз. Ондағы тыныс белгілеріне назар аудар.

Улгі: — Әлібек, «ақпараттық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге негізделеді» дегенді қалай түсінесін?

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырима.**

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.

Ақпараттық технология — ақпараттық нарықта алған қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер. Білім беруді ақпараттанудырудың басты құралы — компьютер.

**ЖАЗЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****8 -тапсырима.**

Көп нүктенің орнына жақша ішіндеңі қосымшалардың тиістісін қойып жаз.

Ақпарат... (-дық, -тік, -тық) технология электрондық есептеуіш техникасы... (-нан, -мен, бер) жұмыс істеуді, оқу барысында компьютерді пайдалануды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдану... (-ды, -ва, -ге), ғаламторда жұмыс істеуді, компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануды білдіреді. Ақпараттық технология жан-жақты болу... (-ва, -ге, -ке), сапалы білім алу... (-ге, -ва, -ке), іскер әрі талантты болып өсуге, шығармашылықпен айналысуға, еркін дамуға жол ашады.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырима.**

Ұсынылған тақырыптардың ішінен өздерің қалаған біреуіне диалог құрындар. Диалогте қаратпа сездерді дұрыс қолданындар.

1. Компьютермен жұмыс жасау зиян
2. Нанотехнологиялардың даму қарқыны
3. Электронды оқулықтардың пайдасы бар ма?

**ЕСТЕ САҚТАІ**

Ақпараттық технология компьютерді пайдалануды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануды, ғаламторда жұмыс істеуді білдіреді.

# Ең жас ғалымдар

3–4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

көрме, нарық, басекелестік

## ЖАЗЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Қанатты сөздерді көшіріп жаз. Етістіктердің райларын анықта.

Әлемді түгел көрсे де, Алтын үйге кірсе де, Ай нұрын ұстап мінсе де, — қызықта тоймас адамзат. <i>Бұқар Қалқаманұлы</i>	Қайғы келсе — қарсы тұр, құлай берме. Қызық келсе — қызықпа, оңғаққа ерме. Жүргегіңе сүңгі де тубін көзде, Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме! <i>Абай Құнанбаев</i>
Аз сейлер де көп тыңдар Қас асылдың баласы. <i>Махамбет Әтемісұлы</i>	Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен. <i>Мұхтар Әуезов</i>

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына «шіркін», «алақай», «түү», «әттең» одағайларының тиістісін жаз.

- ..., Алматы қаласын көрсем ғой!
- ..., демалыс күні көрме ұйымдастырылады.
- ..., қаланың сыртына отбасыммен бара алмайтын болды.
- ..., жәрменкедегі заттар неге қымбат екен?

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

## EXPO жайында не білеміз?

EXPO — бүкіләлемдік бірегей көшпелі көрме. Маңызы жағынан, дүниежүзілік экономикалық форумдармен, әлемдік деңгейдегі жарыстармен салыстыруға болатын үлкен оқиға. Ол 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған.

EXPO халықаралық көрмесі жыл өткен сайын дүниежүзіне танылып келеді. Көрмеге дүниежүзіндегі ғылым мен техниканың жетістіктері қойылады. Көрме қатысушыларға әлемнің

экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға тамаша мүмкіндік береді. Сондай-ақ көрме — жаңа идеяларға жол ашатын алаң.

EXPO көрмесін миллиондаған турист тамашалайды. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды. Еліміз EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді.

Көшпелі көрмені өткізудегі негізгі мақсат — мемлекеттің имиджін қалыптастыру, әлемдік нарықта басекеге бейімді мемлекет құру, елімізге туристерді тарту.

Көрме ауқымды жобалар мен ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит энергиясының көздері мен жаңа технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол еліміздің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық түрғыдан жаңғыртуға септігін тигізеді. Ел экономикасын дамытып, мемлекетіміздің беделін арттыра туследі.

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсыриа.

**Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс/дұрыс еместігін тексер.**

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
EXPO — сурет көрмесі.		
EXPO Лондонда өткен көрмeden бастау алған.		
Көрмede инновациялық идеялар жарыққа шығады.		
Көрмені мындаған халық тамашалайды.		
Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды.		
2005 жылдан бастап Қазақстан EXPO көрмелеріне қатысып келеді.		
Көшпелі көрмені өткізудегі негізгі мақсат — әлемдік нарықта басекеге бейімді мемлекет құру.		

## ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсыриа.

**Мәтінді тында. Мәтінді пайдаланып, көп нүктенің орнын толтыр.**

1. EXPO — бүкіләлемдік бірегей ... көрме.
2. Ол 1851 жылы Лондонда өткен ... Бүкіләлемдік ... көрмесінен бастау алған.
3. EXPO көрмесін миллиондаған ... тамашалайды.
4. Қазақстан ... жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды.
5. Көшпелі көрмені өткізудегі негізгі ... — мемлекеттің имиджін қалыптастыру, ... нарықта ... ... мемлекет құру.
6. Көрме мемлекетіміздің ... арттыра туследі.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, өзің көрген немесе барғың келетін көрмең жайында айт. Сұрақтарға жауап бер.

- Сен қандай көрмеде болдың?
- Көрменің қандай түрлерін білесің?
- Көрмeden бір нәрсе сатып алдың ба?
- Көрменің саған тигізген пайдасы бар ма?

- Қандай көрмені тамашалағың келеді?
- Ол көрме қай қалада орналасқан?
- Сен үшін ол көрменің маңызы қандай?

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Диалогті толықтыр.

- «EXPO көрмесі» дегеніміз не?
- .....
- Ол қалай өтеді?
- .....
- Ол қашан пайда болды?
- .....
- Оған кімдер қатысады?
- .....
- Ол қай қалада болады?
- .....
- Халықаралық көрме бюросына  
Қазақстан елі кіре ме?
- .....
- Көрменің елге тигізер пайдасы  
қандай?
- .....
- Көрмede қандай мәселелер  
қозғалады?
- .....
- Қазақстанда көрме өте ме?

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Сынып екі топқа белінсін. Бірінші топ — өнертапқыштар. Олар өз ұсыныстарын ортаға салсын. Екінші топ бірінші топтың ұсынған идеяларын талдап, EXPO көрмесіне қатысуға лайықтыларын анықтасын.

## ЕСТЕ САҚТАІ

EXPO — бүкіләлемдік бірегей көшпелі көрме. Көрме барысында жаңа идеяларға жол ашылады. Көрме мемлекетіміздің беделін арттыра туследі.



# Жас онертапқыштағ

5—6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Суретке қара. Екі суретті салыстыр. Сұраққа жауап бер.

- Суретте қандай көрмелер бинеленген?
- Көрмеге қандай заттар қойылған?
- Сен бұл көрмелердің қайсысында болдың?
- Болашақта қандай көрме үйымдастырар едің?



### ЖАҢА СӨЗДЕР

ұтқыр



**АЙТЫЛЫМ****2 -тапсырма.**

Әр қатардағы артық сөздерді тап. Сол сөздермен сөз тіркесін құра.

1. қария, ақсақал, жастар, үлкендер;
2. физика, өнер, химия, география;
3. сәулет, мұсін, сурет, көрме;
4. қарады, көрді, үйымдастырыды, әдемі;
5. ескі, жаңа, көне, ежелгі;
6. заттар, нәрселер, дүниелер, ойлар;
7. жаңалықтар, газеттер, журналдар, кітаптар;
8. ашты, айтты, сөйлемді, көрме.

**ЖАЗЫЛЫМ****3 -тапсырма.** Мақал-мәтелден етістіктерді тауып, олардың түрлеріне қарай талдап жазындар.

**Улгі:** мақта — бүйрек рай, II жақ, жекеше түрі.

- Ат жақсысын мақта, адам жақсысын жақта.
- Армансыз адам алысқа бармас.
- Әркім қолда барын ұсынады.
- Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер.
- Ұлық болсан, кішік бол.

**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Тыңда. Мәтінді оқы.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****Өнертапқыштар**

«Өнертапқыш» — ғылыммен **айналысушы**, ғылыми ізденіс **жасаушы**, тың ойлар мен түрлі жобаларды іске асыруши адам. Олар басқа адамдардан үтқырлығымен ерекшеленеді. Ұсынған жобалары жаңа қоғамның жаңаша идеялары болады. Олар елдің экономикасын дамытуға, мемлекетті көркейтуге қажетті ұтымды жобалар **ұсынады**. Біздің елде де жобаларын ұсынып жатқан өнертапқыштар аз емес.

Қазіргі кезде Қазақстанда жас өнертапқыштардың саны көбейіп келеді. Сондай жас өнертапқыштарымыздың бірі — Бауыржан Тіналиев. Ол ауылшаруашылық саласына жаңа технология **енгізді**. Ол көгөністі жуып, ұнтақтауға, кептіріп, ұзақ уақыт сақтауға арналған кешенді қондырығы жасап **шығарды**.

20 жастағы Мақсат Кәдірхан электрондың киіз үй **ойлап тапқан**. Электрондың киіз үй Құннен қуат алады. Шаңырақта орнатылған арнайы құрылғы арқылы киіз үй Құн сәулесінен қуат алып, аккумуляторға қуат береді. Қуатталған аккумулятордың күші бір аптаға жетеді. Сөйтіп, алыста отырып-ақ жарық пен жылуға ие боласыз.

Серікбол Шәймардан атты өнертапқыш электронды бесік пен көпқырлы циркуль ойлап тапты. Өнертапқыштар — Абзал Қадырбаев пен Бауыржан Сейтенов «қазақша сейлейтін» қалам **жасап шығарды**. Өнертапқыштардың айтуынша, «Зерек» атты бұл қалам 2—7 жас аралығындағы балаларға аріппер мен сандарды үйретуге арналған.

**АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырима.****Мәтін бойынша тәмендегі сұрақтарға жауап бер.**

- «Өнертапқыш» деп кімді айтамыз?
- Олардың қандай ерекшелігі бар?
- Бауыржан Тіналиев нені ойлап тапты?
- Мақсат Қадірханды «өнертапқыш» деп атайды аламыз ба? Неге?
- Электронды киіз үйдің тиімділігі қандай?
- «Зерек» қаламын кім ойлап тапты?
- Қаламның ерекшелігі неде?
- Мәтінде берілген өнертапқыштардан басқа қандай өнертапқыштарды білесің?

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырима.****Дұрыс нұсқаны таңда.**

- |                                |   |
|--------------------------------|---|
| 1. Өнертапқыш — ...            | 5. Мақсат Қадірхан ... .                    |
| а) ғылыми ізденіс жасаушы адам | а) электронды киіз үй ойлап тапты           |
| ә) ғылыми жоба жасаушы адам    | ә) электронды кітап ойлап тапты             |
| 2. Өнертапқыш үтқырлығымен ... | 6. Электронды киіз үй ... .                 |
| а) ерекшеленеді                | а) күннен қуат алады                        |
| ә) көрінбейді                  | ә) токтан қуат алады                        |
| 3. Өнертапқыштар ...           | 7. Серікбол Шәймардан ... .                 |
| а) ұтымды жоба ұсынады         | а) электронды бесік ойлап тапты             |
| ә) ұтымды әңгіме айтады        | ә) электронды тесек ойлап тапты             |
| 4. Бауыржан Тіналиев — ...     | 8. Абзат Қадырбаев, Бауыржан Сейтенов ... . |
| а) жас өнертапқыш              | а) «қазақша сөйлейтін» қалам жасап шықты    |
| ә) жас әнші                    | ә) «орысша сөйлейтін» сыйзыш жасап шықты    |

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырима.****Мәтіннен қою қаріппен берілген сөздерді теріп жазып, олардың қосымшалары туралы айт.**

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Көршіңмен бірге диалогті толықтыр.

- Сен көрмеге бардың ба?
- ...
- Ол көрмеде не ұнады?
- ...
- Жас өнерпаздардың жобалары туралы не білесің?
- ...
- Саған қай жоба ұнады?
- ...
- Өнертапқыш болғың келе ме?
- ...
- Өзің қандай жобаны ұсынар едің?
- ...

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

Темендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, 5 сөйлем құрап жаз.

Ашқым келеді, тапқым келеді, көрсеткім келді, жинасақ игі еді, барсақ игі еді, көргейсің, таңдағайсың.

**МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****ЕСТЕ САҚТА!**

Өнертапқыштар — тың ойлар мен түрлі жобаларды іске асырған ізденімпаздар. Өнертапқыштар өз жобаларын ұсынады. Біздің елде жас өнертапқыш көп.

# Академиктің сипатендері

7–8  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Фалым деген — кім?
2. Фылым деген — не?
3. Қазақстанның қандай атақты ғалымдарын білесің?
4. Болашақта ғалым болғың келе ме?
5. Фылымның қай саласына қызығасың?
6. Атақты адамдарға қызығасың ба? Оларға ұқсағың келе ме?
7. Кімге еліктейсің?

### ЖАНА СӨЗДЕР

*вылым, валым, ерекше қабілет, талмай іздену, еліктеу, зерттеу жүргізу*

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Сөздер мен сез тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

1	Математика — ғылымдар	а	зор үлес қости.
2	Ғылымды сую	а	терең ойлы, ерекше қабілетті адамдар.
3	Фалымдар —	б	мақсатыңа жетесің.
4	Тақырып бойынша	в	ментептен басталады.
5	Ғылымды дамытуға	г	патшасы.
6	Еліме пайдалы	ғ	қызмет етемін.
7	Талмай ізденсөн,	д	зерттеу жүргізілді.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Адамның көңіл күйіне байланысты тәмендегі сөздерді пайдаланып, ғаламтордың қызметіне қатысты сейлем құра.

Уң, паң, ойбай, мәссаған, әттең, әй, ей, түү, ойпырмай, алақай, қап.

## ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

## 4 -тапсырма.

Мәтінді оқып, мәтінге және мәтіндегі әр абзацқа тақырып қой.

Асқар Жұмаділдаев — физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі.

Асқар Жұмаділдаев 1956 жылы 25 ақпанды Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентінде дүниеге келген. Ол Алматыдағы дарынды балаларға арналған арнайы физика-математика мектебін бітірген. Кейін Мәскеудегі М. В. Ломоносов атындағы университеттің механика-математика факультетіне оқуға түседі. Қазақ мектебін бітірген балаға орыс тілі сынағынан өту қыын болады. Орыс тілінен жақсы баға алмаса да, қабылдау комиссиясы оның ерекше қабілетін байқап, емтиханнан өткізеді.


Асқар талмай ізденіп жүріп, үшінші курста ғылыми жұмыс жазады. Бұл еңбегі үшін Петровский сыйлығымен марапатталады. Одан кейін Лениндік стипендияға ие болады. Мәскеу Мемлекеттік университеттің үздік аяқтап, кейін аспирантурасын бітіреді. Отыз екі жасында В. А. Стеклов атындағы Математика институтында докторлық диссертациясын қорғайды. Фалым—80-ге жуық ғылыми еңбектің авторы.

Асқар Жұмаділдаев—қазақ елінен шетел университеттеріне дәріс оқуға, ғылыми еңбектер жасауға алғаш шақырылған ғалымдардың бірі. Ол 1995 жылдан бастап он жылдай шетелде қызмет істеді. Гамбург, Мюнхен, Бильфельд, Киото, Оксфорд, Стокгольм университеттерінде профессор болды.

Фалым математика ғылымының дамуына зор үлес қосты. Ол оң сипаттамалы Ли алгебрасы мен деформацияларын, олардың қолданылуын зерттеді. Векторлық өріс алгебрасының бөлшектенбейтін кеңеюін есептеді. Ассоциативті емес алгебраның тепе-тендіктерін шешті.

Отандық ғылымға қосқан орасан еңбегінің арқасында ғалымға 1981 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты, 1988 жылы физика-математика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1990 жылы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, 1995 жылы ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, 2004 жылы ҚР ҰҒА академигі атақтарына ие болды.

Асқар Жұмаділдаев Германиядағы Гамбург, Мюнхен, Бильфельд университеттерінің «профессоры» атанды. 1986-2001 жылдары Кэмбридж университетінің жанындағы Ньютон институтында, Италиядағы А. Салам атындағы Халықаралық теориялық физика орталығында, Швеция корольдігіндегі ғылым Академиясының Миттаг-Лефлер атындағы Математика институтында, Канададағы Фильдс атындағы Математика институтында қызмет атқарып, дәрістер оқыды. Германияның, АҚШ-тың мемлекеттік стипендияларын, Швеция корольдігі ғылым Академиясының грантына ие болды. Фалымның ғылымдағы еңбектері — жаңтарға үлгі.



**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Мәтіндегі тірек сөздерді тап. Оларды пайдаланып, ғалым туралы қысқаша мәлімет айт.

**ЖАЗЫЛЫМ****6 -тапсырма.**

Мәтіннен институттар мен университеттердің атауларын теріп жаз. Армандау, қиялдау мәніндегі одағай сөздерді пайдаланып, осы оқу орындарының біреуінде білім алғын қелетіндігін айтып, З сөйлем құрап жаз.

**Қажетті одағайлар:** шіркін-ай, әттеген-ай және т.б.

**ЖАЗЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****7 -тапсырма.**

Берілген көңіл күй одағайларын пайдаланып, мәтінге қатысты өзіңің әртүрлі көңіл күйінді білдіретін сөйлемдер құрап жаз.

1. Математик болуды арманда. (*Шіркін-ай*)
2. Академиктің ерекше қабілетіне таңғал. (*Массаван*)
3. Математиканы жақсы оқымағаның үшін өкін. (*Әттеген-ай*)
4. Академиктің жеткен жетістіктеріне өз қуанышынды білдір. (*Барекелді*)
5. Қыын есепті шығара алмай жатқан кезіндегі айтатын сөзің. (*Түү*)
6. Академиктің шетелден оралып, өз елінің ғылымын дамытуға үлес қосып жатқанын мақұлдау. (*Бәсе*)
7. Қыын есептің шешілгеніне қуан. (*Алақай*)

**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырма.**

Диалогті сұрақтармен толықтырып, әрі қарай жалғастырыңдар.

— Асқар Жұмаділдаев—физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының академигі.

— ...

— Жұмаділдаев Асқар 1956 жылы 25 ақпанда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентінде дүниеге келген.

— ...

- Алматыда дарынды балаларға арналған физика-математика мектебін бітірді.
- ...
- Мәскеудегі М. В. Ломоносов атындағы университеттің механика-математика факультетіне оқуға түседі.
- ...
- Отыз екі жасында.
- ...
- Асқар Жұмаділдаев — 80-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы.
- ...
- Ол 1995 жылдан бастап он жылдай Еуропада қызмет істеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, кестені толтыр.

Фалымның жетістікке жету жолында істеген еңбектері	Фалым еңбегінің нәтижелері, жетістіктері

## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

«Интервью» рөлдік ойыны. Жас журналист пен академик А. Жұмаділдаевтың 9—10 үнқатымнан тұратын сұхбатын көрсетіңдер.



#### ЕСТЕ САҚТА!

Асқар Жұмаділдаев — ерекше ғалым. Фалым талмай ізденіп, отандық ғылымды дамытты.

# Майкл Х. Харм. Альберт Эйнштейн

11–12  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсыриما.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен қай пәндерді жақсы көресің?
- Болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді?
- Альберт Эйнштейн жайлы естуің бар ма?
- А. Эйнштейн — қандай ғалым?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

көңіл бөлмеді, қарсы болды,  
қауіпті, ескерпті, жаңвалак,  
ұмытшақ, салдыр-салақ, икемсіз,  
қанаватшыл, құпия сақтаған

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 2 -тапсырима.

Жаңа сөздерді мағынасына қарай сәйкес келетін сөздермен тіркестір.

Көңіл бөлмеген	Қарсы болған	Құпия сақтаған	Ескерткен
басқа пәндерге	фашизмге	ұлы жаңалықты	қауіпті
ақшаға	киім киүгө	баланың атына	ие болған
даламен	ядролық қаруға	мененжайын өзінің	зардабын
діні түсініктерден	шашын тараған	сырын	батылдықты
өзінің киіміне	өтірік айтуда	дәріс окуға	фашизм қаупін
дүрыс тамақтануға	үй салғанда	қолжазбаны	қорқынышпен

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырима.

Берілген сөздерге сұрақ қой. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

Жаңғалақ, ұмытшақ, салдыр-салақ, икемсіз, қанағатшыл, қауіпті.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Альберт Эйнштейн 1879 жылдың 14 наурызында еврей отбасында дүниеге келген. Алғаш рет Мюнхендегі католик шіркеуінде білім алған. Шіркеуде оған діни тұсініктерді оқытса да, ғылыми кітаптарға қызығушылығы артып, ақыры ғылым жолына бет бұрған. Гимназияда оқып жүрген кезде Альберт қының оқушылар қатарына жатқызылып, тәртібі жайлы мұғалімдер арасында көп әңгіме жүреді. Ол «математика» мен «латын тілі» пәнінен басқа сабактарға дұрыс көңіл бөлмеген.

Эйнштейннің басты еңбегі — «Салыстырмалылық теориясы». Сонымен қатар «Эйнштейн заңы» атанған фотохимия заңын анықтаған.

Фотохимия заңын ашқаны және теориялық физика саласындағы зерттеу жұмыстары үшін А. Эйнштейн 1921 жылы 42 жасында Нобель сыйлығына ие болған. Эйнштейн фашизмге қарсы шыққан.

1933 жылы Германияны фашистер билеген кезде Америкаға қоныс аударған. Фалым ядролық қару жасауға ашық қарсы болған. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарының Президенті — Рузвельтке хат жазып, ядролық жарылыстың қауіпті екенін ескерткен.

Эйнштейн өмірде жаңғалақ, ұмытшақ, салдыр-салақ болған екен. Бір күні ол өзі оқыған кітаптың арасынан мың доллардың чегін тауып алады. Мұндай ақшасының бар-жоғынан, қайда қалғанынан да бейхабар екен. Құнделікті тіршілікте инемсіз, қанағатшыл адам болған. Ол өз үйінің мекен жайын керек кезінде есіне түсіре алмай қалады екен. Эйнштейн 22 жыл еңбек еткен.

Ол өзі небір жаңалықтар ашып, оны құпия сақтаған. Өлерінің алдында ешкімге көрсетпей, өртеп жіберіпті. Ұзақ жылдар бойы жасаған еңбегінің жемісін неге жоқ қылып жіберді екен? Ол — қандай жаңалық болды екен? Фалым келер үрпаққа неге қалдырмады екен? Бұл сұрақтың жауабын ғұлама физик өзімен бірге алғып кеткен.


## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын тұсіндір.

**Улгі:** басқа сабактарға дұрыс көңіл бөлмеген, басқа сабактарды оқымаған, ...

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырима.**

Төмендегі ойлармен келісесің бе, келіспейсің бе?

1. Альберт Эйнштейн 1879 жылдың 14 наурызында кедей еврей отбасында дүниеге келген.
2. Алғаш рет Мюнхендегі католик шіркеуінде білім алған жоқ.
3. Шіркеуде діни түсініктерді оқытса да, ғылым жолына бет бұрган.
4. Гимназияда оқып жүрген кезде Альберт қызын оқушылар қатарына жатқызылады.
5. Ол «математика» мен «латын тілі» пәннінен басқа сабактарға дұрыс көніл бөледі.
6. Эйнштейннің басты еңбегі — «Салыстырмалылық теориясы» емес.
7. «Эйнштейн заңы» атанған фотохимия заңын анықтаған.
8. Фотохимия заңдарын ашқаны үшін А. Эйнштейн 1921 жылы 42 жасында Нобель сыйлығына ие болған.
9. Эйнштейн фашизмге қарсы шыққан.
10. 1933 жылы Германияны фашистер билеген кезде Америкаға қоныс аударған жоқ.
11. Ұлы ғалым ядролық қару жасауға ашық қарсы болған жоқ.
12. 1939 жылы Рузвельтке хат жазып, ядролық жарылыстың қауіпті екенін ескерткен.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырима.**

Дұрыс жауабын таңда.

- |                                     |                                 |
|-------------------------------------|---------------------------------|
| 1. Альберт Эйнштейн ... .           | 5. Эйнштейн ... .               |
| а) 1897 жылы туды                   | а) терапия заңын ашты           |
| ә) 1879 жылы туды                   | ә) фотохимия заңын ашты         |
| 2. Ол дүниеге ... келді             | 6. А. Эйнштейн 42 жасында ... . |
| а) неміс отбасында                  | а) Сахаров сыйлығын алды        |
| ә) еврей отбасында                  | ә) Нобель сыйлығын алды         |
| 3. Альберт мектепте ... .           | 7. Эйнштейн фашизмге ... .      |
| а) қызын оқушы болған               | а) қарсы шыққан                 |
| ә) момын оқушы болған               | ә) жақтаған                     |
| 4. Эйнштейннің басты еңбегі — ... . | 8. 1933 жылы ... .              |
| а) «Салыстырмалылық теориясы»       | а) Америкаға көшіп кеткен.      |
| ә) Тартылым заңы                    | ә) Еуропаға көшіп кеткен.       |

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

## 8 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Альберт қай пәндерді жақсы көрген?
2. Альберт қандай отбасында дүниеге келген?
3. Оның ең басты еңбегі қалай аталған?
4. Қай жылы Нобель сыйлығын алған?
5. Ол өмірде қандай адам болған?

## ЖАЗЫЛЫМ

## 9 -тапсырма.

Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

Қажетті сөздер: көңіл бөлмеген, қыын, иеленген, қарсы шыққан, қоныс аударған, зерттеу жұмыстары, қарсы болған.

Гимназияда оқыған кезде Альберт ... оқушылар қатарына жатқызылған.

Ол «математика» мен «латын тілі» пәнінен басқа сабактарға дұрыс... . Фотохимия заңдарын ашқаны және теориялық физика саласындағы ... үшін А. Эйнштейн 42 жасында Нобель сыйлығына... . Эйнштейн фашизмге ... . 1933 жылы Германияны фашистер билеген кезде Америкаға ... . Фалым ядролық қару жасауға ашық ... .

## АЙТЫЛЫМ

## 10 -тапсырма.

«Интервью» рөлдік ойыны. Оқушы мен Х. Харттың 9—10 үнқатымнан тұратын сұхбатын жүргізіңдер.

## ЕСТЕ САҚТА!

«Эйнштейн заңы» атанған фотохимия заңын анықтаған. 42 жасында Нобель сыйлығына ие болған. Ол өмірде жаңғалақ, ұмытшақ, салдыр-салақ болған.



# Нәтиже сабак. Мен не үйреним?

11  
САБАҚ

## АЙТЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Жағдаят: «EXPO-2017» көшпелі көрмесіне қатысып тұрған Мақсат Кәдірханның рөлін ойнап, тілшіге ойлап тапқан электронды киіз үйің туралы сұхбат бер.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Диалогті одағай сөздермен толықтырыңдар.

### «Қаңбақ шал» ертегісі

Қаңбақ шал: ... кемпір! Ертең дәулер қонақта келеді.

Кемпір: ... шал-ау, не береміз?

Қаңбақ шал: ... ойбайламай! «Үйде ет жоқ, не асамыз?—десең — болды.

(Дәулер келеді)

Кемпір: ... шал-ай, не асамыз? Үйде дым жоқ!

Қаңбақ шал: ... сол да сез бол па? Үлкен дәудің басын, ортаңғы дәудің тесін ас. Болмаса досым дәудің өзін ас!

Дәулер: ... қашайық!

**Қажетті сөздер:** тәйт, ай, астапыралла, түү, ойпырмай, ойбай.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Сейлемдерді қазақ тіліне аудар. Одағайлардың қандай мағынада жүмсалып тұрғанын айт.

Браво, хорошо поешь! Ура, снег идет!  
Надо же, опоздала! Ой, больно! Ужас, что это с тобой? Эй, тебе говорю! Хватит, не говори!  
Боже мой! Что он говорит? Браво, у тебя хороший голос! Эй, иди сюда! Ну, посмотри на меня!

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Жағдаят: Сен академик А. Жұмаділдаевтің шәкіртісің. Оның жетекшілігімен ғылыми жоба қорғадың. Досың сенен жетекші туралы сұрады. Осы тақырыпта диалог құрыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

«Одағай сөздерді кім көп қолданады: қыздар ма, ұлдар ма?» деген сұрақтың төңірегінде пікірталас үйымдастырыңдар.

Өзің ше? Қандай одағай сөздерді жиі қолданасың?

13  
ТАҚЫРЫП

## БАТЫР ТУСА – ЕЛ ҮРҮСІ

1–2  
САБАК

## Батыр туса – ел үрүсі

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

## 1 -тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлы Отан соғысы туралы естідің бе? Ол қай жылы басталды?
2. Сен Ұлы Отан соғысының қандай батырларын білесің?
3. «Ұлы Отан соғысының Батыры» атағын екі мәрте алған батырды білесің бе?
4. Батыр жазушылар туралы не білесің?

## ЖАҢА СӨЗДЕР

алдыңғы шептегі, мәңгі есімізде,  
шенсіз, қару-жарақ, мақтан  
тұтарлық

## ЖАЗЫЛЫМ

## 2 -тапсырма.

Суреттерге қарап, берілген сөздерден сейлем құра.



**Қажетті сөздер:** батыр, ерлік жасаған, жазушы, ұшқыш, Ұлы Отан соғысы, мерген қызы, қатысқан, соғыс ардагері, құттықтау, жеңіс күні.

**ТІЛДІК БАҒДАР****Еске түсір!**

**Көмекші есімдер** үсті, асты, алды, арты, жаны, қасы, маңы, іші, сырты

**Мысалдар** үстелдің үсті, үстелдің асты, мектептің қасы, мектептің маңы, үйдің іші, үйдің сырты, үйдің алды, үйдің арты, үй маңы және т. б.

**ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****3 -тапсырма.**

Мәтінді тында. Оқы. Түсінгенінді баянда.

Ұлы Отан **соғысының** аяқталғанына 72 жыл болды. Отаның қорғаған жауынгерлердің батырлығы мәңгі есімізде қалмақ. Жауға қарсы шайқас алыстағы ауыл мен кең-байтақ далада да жүріп жатты.

Соғыс **жылдары** қазақ халқы Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аса жерлесіміз қатысып, 97 жауынгер қазақ «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. Олар: Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көптеген батырлар. Сонымен қатар қазақстандық 310, 314 **атқыштар дивизияларының** жауынгерлері де ерлікпен шайқасты. Бейсекбаев Бақтыораз — әуе атқышы, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Ресей Федерациясының Батыры. Ол 1941 жылы 26 маусымда отқа оранған **ұшақты** жау танкілері мен қару-жарақ қоймасына бағыттап, ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. 18 жастағы Жәнібек Елеусізов «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған ең жас қазақ жауынгері. 1945 жылы **Рейхstagқа** ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев 1999 жылы «Халық Қаһарманы» атағын алды. Жанқиярлық шайқастарда аталарымыз бер әкелеріміз ерлік жасап, Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктерін көрсетті. Бұл — Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін маңтан тұтарлық үлгі.

**МӘТИНМЕН ЖҰМЫС**

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтінді және қосымша мәліметтерді пайдаланып, берілген кестені толтыр.

Аты-жөні	Өмір жылдары	Тұған жері, оқыған оқу орны	Ерліктері
Рақымжан Қошқарбаев			
Талғат Бигелдинов			
Әлия Молдағұлова			
Маншук Мәметова			
Бақтыораз Бейсекбаев			

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтін мазмұны бойынша 7 сұрақ жаз. Парталас досың екеуің сұрақтар алмастырып, жауап беріңдер.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

«Батыр туса — ел ырысы» деген нақыл бойынша ой бөлісіңдер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сездерді көмекші есімдермен тіркестір. Осы сездерден сейлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Жағдаят: Сен Ұлы Отан соғысы туралы киноның жарнамасын көрдің. Саған ете үнады. Сен досыңмен барғың келеді. Досыңа телефон шалып, киноға баруға келіс.

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

«Ұлы Отан соғысының батырлары» тақырыбы бойынша диалог құрындар.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС



## ЕСТЕ САҚТА!

Жанқиярлық шайқастарда атапарымыз берілген әкелеріміз ерліктерімен, Отанына деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетті. 97 қазақ жауынгері қазақ «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды.

# Әзілхан Нұршайықов

3—4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### 1 -тапсыриа.

«Дидактикалық бәйге» Сұрақтарға жылдам жауап бер.

1. Биыл Ұлы Жеңіске неше жыл болады?
2. Кімдердің батырлығы мәңгі есімізде қалмақ?
3. Соғысқа қанша жерлесіміз қатысты?
4. Қанша қазақ жауынгері «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды?
5. Өзің білетін Кеңес Одағының батырларын ата.
6. Бауыржан Момышұлы — кім?
7. Талғат Бигелдинов «Кеңес Одағының Батыры» атағын неше мәрте алды?
8. Мәншүк Маметова қандай ерлік көрсетті?
9. Әлия Молдағұлова қайда тәрбиеленді?
10. Бақтыораз Бейсекбаев қандай ерлік жасады?
11. «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған ең жас қазақ жауынгерін ата?
12. Шамамен қанша ақын-жазушы соғысқа қатынсаның?
13. Рақымжан Қошқарбаев қай жылы «Халық Қаһарманы» атағын алды?

### ЖАЗЫЛЫМ

### 2 -тапсыриа.

Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қажетті сөзді қойып жаз.

Хиуаз Доспанова ұшқыштық өмір жолын соғыстың ... (алдында, кейін, қатар) Оралдың аэроклубынан бастайды. Кейін әйгілі ұшқыш — Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің ... (үсті, асты, құрамында) болады. Ол 300-ден астам әуе шайқасына қатысқан сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі ... (жанында, үшін, артында) «қанатты қыз» атанған еді. Соғыстан (кейін, дейін, ішінде) лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановаға 2004 жылы Елбасының Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілген болатын.



**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****МӘТІНМЕН ЖҰМЫС****3 -тапсырма.****Мәтінді тыңда. Оқы.**

Әзілхан Нұршайықов 1922 жылдың 15 желтоқсанында бүрынғы Семей облысында дүниеге келген. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Алматыдағы Тау-кен институтының жұмысшы факультетінде, Семейдегі Абай атындағы педагогикалық институтында оқыды.

Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын мұғалім болып бастаған. 1947—1973 жылдары республикалық, облыстық газеттерде әдеби қызыметкер, бөлім меңгерушісі, бас редактор қызыметін атқарады.

Көп жылдар Қазақстан Жазушылар Одағы про-за кеңесінің, жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы қызыметін атқарған.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын ақын, публицист ретінде бастаған. Өлеңдері мен очерктері, публицистикалық мақалалары аудандық, облыстық, республикалық баспасөзде, соғыс жылдарындағы майдан газеттерінде жарияланып тұрған.

**Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан жазушы.** Қаһармандық рухта «Ақиқат пен аңыз» романы мен «Тоғыз толғау», «Ғажап адам», «Невель тубінде» және көптеген әңгіме, повестерін жазған. И.Буниннің шығармаларын, М.Шолоховтың «Адам тәғдышы» туындыларын қазақ тіліне аударады. Ә. Нұршайықов II дәрежелі «Даңқ», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Жазушының шығармалары негізінен Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің өміріне арналған. Бұл бүгінгі жас үрпақты патриоттыққа, еңбекшілдікке, адалдыққа тәрбиелейді. Қорнекті жазушы 2011 жылы қайтыс болды. Жазушының халыққа сыйлаған көркем туындылары, асыл мұрасы мәңгілік сақталады.

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсырма.****Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Әзілхан Нұршайықов қай соғысқа қатысқан?
2. Әзілхан Нұршайықов қай жылы туған?
3. Ол қай жерде дүниеге келген?
4. Жазушы қайда білім алған?
5. Әзілхан Нұршайықов қандай қызымет атқарған?

6. Оның шығармалары қайда жарияланып тұрған?
7. Жазушының Ұлы Отан соғысына байланысты жазылған қандай шығармасын білесін?
8. Ол кімнің шығармасын орыс тілінен аударды?
9. Әзілхан Нұршайыков немен марапатталған?
10. Көрнекті жазушы қай жылы қайтыс болған?
11. Оның шығармалары кімдердің өмірін үлгі етуге арналған?
12. Ол өзінің туындыларымен жас үрпақта қандай тәрбие беруді мақсат етті?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсыриа.

Суреттерге сәйкес сөйлемдерді ретімен тауып жаз.




1)



2)



3)



6)



4)



5)

Ол Семейдегі Абай атындағы педагогикалық институтта оқыды. Өлеңдері мен очерктері, публицистикалық мақалалары республикалық баспасөзде, соғыс жылдарындағы майдан газеттерінде жарияланып тұрған. М. Шолоховтың «Адам тағдыры» атты туындысын қазақ тіліне аударды. Ә. Нұршайықов II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын мұғалім болып бастаған. Оның «Махабbat қызық мол жылдар» атты кітабы басылып шықты.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

Түсіндір.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Әзілхан Нұршайықов 1922 жылдың 15 желтоқсанында туған.		
Ол Алматы облысында дүниеге келген		
Семейдегі Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық институтында оқыды.		
Ол — Ұлы Отан соғысина қатыспаған жазушы.		
Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын дарігер болып бастаған.		
Көп жылдар Қазақстан Жазушылар Одағы проза кеңесінің, жас адебиетшілер кеңесінің тәрағасы қызметтін атқарған.		
Ол Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып еткен.		
Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын мұғалім ретінде бастаған.		
Оның шығармалары баспасөзде, газеттерде жарияланып тұрған.		
Тың игерушілердің өміріне арналған алғашқы очерктер жинағы — «Махабbat жыры» 1956 жылы жарық көрген.		
Әзілхан Нұршайықов II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.		
Жазушының шығармалары негізінен Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің өмірін үлгі етуге арналған.		
Көрнекті жазушы 2011 жылы қайтыс болды.		

**ЖАЗЫЛЫМ****МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС****7 -тапсыра.**

Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырындар. Түсіндіріндер.

Үзінді	Түсініктеме

**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсыра.**

«Кім жылдам?» ойыны. Мұғалім көмекші есімдерді атайды, сендер ол көмекші есімдермен сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сейлем құрандар. Сөз тіркесі мен сейлемді тез әрі дұрыс құраған оқушы жеңімпаз атанады.

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсыра.**

«Көрнекті жазушы» деген тақырыпта ақпараттық мәтін жаз.

**Талаптар:**

- мәтін кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырып дәйектелуі керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды қолдана білу;
- көлемі 100—150 сөз.

**ЕСТЕ САҚТА!**

Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын ақын, публицист ретінде бастаған. Жазушы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жазушының шығармалары соғыс және еңбек ардагерлерінің өміріне арналған. Жазушы халықта көркем туындылар сыйлаған.

# «Ақиқат кең аңыз»

5–6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Берілген суреттер бойынша диалог ұрасындар.



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мәметова Мәншүк Жиенғалиқзы 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы.... Орал ауданын.... туған. Мәншүк.... ата-анасы ерте қайтыс болып, татесі бауырына басады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мәншүк медицина институтын.... оқиды. 1942 жылы өз еркімен майдан.... аттанады. 1944 жылы 1 наурызда сержант М. Мәметова ерлікпен қаза тапқаннан кейін «Кеңес Одағы.... Батыры» атағы берілді.

Ұлы Отан соғысы 1945 жылы 9 мамырда Кеңес елінің жеңісі.... аяқталды. Бұл — нағыз Ұлы Жеңіс болды. Бұл күн — Қазақстан Республикасы... да мереке күндерінің бірі.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

қаһармандық, даңқты, шынайы, қолбасшы, тәкаппар, өтірік айтпайтын, алып тұла

**ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****МӘТИНМЕН ЖҰМЫС****3 -тапсырма.**

Мәтінді тында.

Түсінгеніңді баянда.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен азыз» романы — қаһармандық рухтағы шығармалардың бірі. Бұл шығармада Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасы ашылады. Жазушы Бауыржанның жастық шағынан бастап, Ұлы Отан соғысы жылдары кезеңі, бейбіт өмірге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілермен баяндайды. Романның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогіне құрылған.

**Шығарманың бас кейіпкері** — Бауыржан Момышұлы — Кеңес Одағының Батыры, жазушы. Ол Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег, тактик болған. Шығармада Бауыржан өз айтқанынан қайтпайтын, өр мінезді кісі болғанын көрсетеді. Ол жас кезінен әкесінің сөздерін жадында сақтап өсken. Өлсе де, өтірік айтпайтын, жамандық ойламайтын ақ жүректі кісі болған.

Міне, өмірге осындаған тамаша туынды әкелген Әзілхан Нұршайықов — әлем адебиетіндегі алып тұлға.

**ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ****4 -тапсырма.**

Берілген сөздерді мәтінде келу ретіне қарай орналастыр.

Екінші дүниежүзілік, даңқты, әскери қолбасшы, бейбіт өмірге, ерлік, өтірік айтпайтын, жастық шағы, тамаша туынды, кейіпкердің диалогі, қаһармандық.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****5 -тапсырма.**

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

қаһармандық рухтағы  
азаматтық тұлғасы  
Ұлы Отан соғысы  
кейіпкердің диалогі  
Кеңес Одағының  
Екінші дүниежүзілік  
өр мінезді, ақ жүректі  
әкесінің сөздерін  
әлем адебиетіндегі

жылдары  
соғыстың  
батыры, жазушы  
алып тұлға  
жадында сақтап  
ашылады  
шығармаларының бірі  
кісі болған

**6 -тапсырма.**

**Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сейлем» тәсілін пайдаланып айт.**

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сейлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сейлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****7 -тапсырма.**

**Қажетті сөздерді қойып жаз.**

**Қажетті сөздер:** етірік, Қызыл Армия, бастауыш, полк, жадында, хатшысы, жұмыс.

Ол жас кезінен бастап әкесінің сөздерін ..... сақтап өскен. Өлсे де, ..... айтпайтын, жамандық ойламайтын ақ жүректі кісі болған. 1928—1930 жылдары ..... мектепте сабак береді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты ..... ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай ..... істейді. 1932—1934 жылдар ..... қатарында қызмет етеді. 1933 жылы .... мектебін бітіреді.

**ЖАЗЫЛЫМ****МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****8 -тапсырма.**

**«Аукцион» ойыны.** Екі топқа бөлініңдер. Сөздерді бөлек-бөлек қағазға жазындар. Қарсы топтан қағазға жазылған сөзге қанша ұпай беретінін сұраңдар. Ең көп ұпай берген ойыншыға сөзді көрсетіңдер.

Ол сол сөздің аудармасын айтып, сейлем құрауы қажет. Команда дұрыс жауап берсе, берілген ұпайлар команданың қорына көшеді. Дұрыс жауап бермесе, ұпай екінші командаға көшеді. Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

**АЙТЫЛЫМ****9 -тапсырма.**

**«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірінді дәлелде.**

**Бірінші сейлем.** «Менің ойымша....».

**Екінші сейлем.** «Себебі мен оны .... деп түсінемін».

**Үшінші сейлем.** «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сейлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ЕСТЕ САҚТА!**

Әзілхан Нұршайықов — қазақ әдебиетіндегі алып тұлға. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен азыз» романы — қаһармандық рухтағы шығармалардың бірі. Бұл шығарма Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнігі Бауыржан Момышұлы туралы.

# Батырмен сұхбат

7–8  
САБАҚ

## МӘТИНДІ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы — қандай шығарма?
2. Бұл шығармада кімнің азаматтық, ерлік тұлғасы ашылады?
3. Бауыржанның жастық шағы, Ұлы Отан соғысы жылдары қалай баяндалады?
4. Роман қандай формада жазылған?
5. Бауыржанның мінезі қандай болған?

### ЖАҢА СЕЗДЕР

дереу, жарақаттанван, жөнелту,  
жсан үшыру, ес-түсімді, етпеттеп,  
алден уақытта

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсыриа.

Суретке қара. Венн диаграммасын толтырып айт

Ә. Нұршайықов

Б. Момышұлы

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсыриа.

Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда. Мәтін бойынша жоспар құра.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шықпадым.

1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. Санбатқа жеткізгенше ес-түсімді білген жокпын. Есімді жисам — етпетімнен жатыр екенмін. Бас жағымда дәрігер бірдене деп баж-бұж етіп тұр. Бақсам — сөзі мен туралы екен: «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек», — деп безек қағады.

— Сонша не бол қапты? — дедім дәрігерге.  
 — Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, —  
 деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп. — Сізді дереу  
 госпитальға жөнелтуіміз керек.  
 Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды си-  
 пасам, расында да оқ бар екен.  
 — Скальпелің бар ма? — дедім дәрігерге.  
 — Жоқ.  
 — Өткір бәкің бар ма?  
 — Жоқ.  
 — Ұстараның жүзі бар ма?  
 — Бар.  
 — Ендеше, соны спиртпен шай да оқ тұрған жердің етін  
 кес!  
 — Олай етуге болмайды, жолдас капитан...  
 — Болады! Бұйырамын! Орында масаң — атамын! —  
 деп, етпептеп жатқан күйімде он жақ жамбасымдағы  
 кабураның аузын ағыта бастадым. «Батырға да жан керек»  
 деген емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол  
 арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сынды-  
 рардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым.  
 — Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! — деп, дәрігер әлден уақытта омыртқама тірелген оқты  
 алып, алақаныма салды.

Жарамды таңдырып алып, арқамнан алынған оқты мені санбатқа жеткізген «Блоха» деген  
 жауынгерімнің қолына ұстата салып, жаумен ауыр ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жеттім.  
 Бірнеше күн қатарынан жаумен жағаласып, жан ұшырып жүргендеге арқамдағы жараны ұмытып  
 та кеттім. Ол бірде суланып, бірде қара қотырланып, бірде қыши бастанап, өзінен-өзі жазылып та  
 бітті.

(«Ақиқат пен аңыз» романынан)



## АЙТЫЛЫМ

**4 -тапсырма.**  
**Сөздікке қарап, мәтіннен берілген**  
**сөздердің синонимдік қатарын тап.**  
**Сұраулы сейлемдер құрап жаз.**

Тез, жарапанған, жіберуіміз, жан ұшырып,  
 айығып, ес-түсімді, безек қағады, етпептеп,  
 аша бастадым, біраз уақытта, шайқас

## ЖАЗЫЛЫМ

**5 -тапсырма.**  
**Сөздерді топтастыр (зат есім, етістік,**  
**көмекші есім).**

Батыр, үсті, жазған, ерлік, соғыс, асты,  
 маңында, марапатталған, ішінде, ұрыс,  
 шығарған, жазушы, ұмытып кетті, сыртында,  
 жара, сақтаған, оқ, бәкі, кес, қасында.

**АЙТЫЛЫМ****6 -тапсырима.**

Мәтіннен өзің үшін маңызды деп санайтын сөйлемдерді тауып, себебін түсіндір.

**ЖАЗЫЛЫМ****7 -тапсырима.**

«Кім көп біледі? ойыны». Ойынның шарты: 2—3 минуттың ішінде тақырыпқа қатысты сөздерді дәптерге жазып шық. Сөзді көп әрі дұрыс жазған ойыншы жеңімпаз атанады. Бір-бірінді тексерулеріңе болады.

**АЙТЫЛЫМ****8 -тапсырима.**

Берілген үзіндідегі Бауыржанның әрекеті және өлең мазмұны бойынша ойталқы еткізіндер. Өлеңді жаттап алыңдар.

**МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС****Бауыржан**

Ақынның ақ сұңқардай жүргегі бар,  
Алқындым бір көруге болып құмар.  
Көктемде нұрніреген күн дауысын  
Жер естіп, желкілдеген гүл ынтызар.

Ойы бар бірде дауыл, бірде жалын,  
Теніздей тебіренткен терең жаңын.  
Алғандай бойға жиып бар қуатын,  
Кешегі өзі кешкен уақығаның.

Кейде ол көк семсерлі генералдай,  
Кейде ол күй көңілді ақын жандай.  
Өмірдің о шеті мен бұ шетіне  
Өресі өрен ойдың таралғандай.

(Қасым Аманжолов)

**ЖАЗЫЛЫМ****9 -тапсырима.**

Бауыржан Момышұлы туралы қосымша мәлімет жина. «Ол қандай адам болған?» деген сұраққа жауап беріп, диаграмманы толтыр. Мәтін құрап жаз.

**Талаптар:**

1. көлемі — 4-6 сөйлем;
2. көмекші есімдерді пайдалан;
3. міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.

**ЕСТЕ САҚТА!**

Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шыққаным жоқ. 1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. «Батырға да жан керек» деген, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті.

# Неміске сабак. Мен не үйреноңдім?

9—10  
САБАҚ

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Сұрақтарға жауап бер.

Бауыржан бұрын Дзержинский көшесіндегі шағындау пәтерде тұрса керек. Қалалық кеңес кеңірек пәтер сұрайды. Бір күні оған қалалық кеңестің қызметкері телефон соғып, «Сіздің өтінішіңіз орындалды. Келіп, кең пәтердің ордерін алыңыз», — дейді.

Бауыржан барып, бес бөлмелі пәтердің ордерін алады. Пәтерімді көрейін деп жаңа үйге барса, есік алдында мұңайып тұрған қартаң орыс әйеліне кездеседі.

— Неге мұңайып тұрсыз, шешей? — дейді ойында ештеңе жоқ Бауыржан әйелдің қасына тоқтап.

Әйел қалалық кеңестің осыдан екі бөлмелі пәтер бермек бол уәде етіп келгенін, бірақ дәл ордер берерде ол уәделерінен тайқып қалғанын айтады:

— Маған деген үйді бір үш бөлмелі пәтермен біріктіріп, бір полковнике беріпті.

Қайтайін, менің де балам соғыста өліп еді. Әрине, ол — солдат еді, — дейді.

Мұны естігендеге Бауыржанның тұғырының сыртына теуіп шыға келеді. Жириен мұрты едірейіп, электр сымының біріне бірін жақыннатқан екі ұшындар болып, шытыр-шытыр ете қалады:

— Мұңайманыз, шеше, қазір ордер беретін жерге барыңыз. Пәтеріңіз өзіңізге тиеді, — дейді де Бауыржан мініп келген мәшинесіне отырып алып, қайтадан қалалық кеңеске тартады.

— Мен: «Маған біреуге берілген пәтерлерді бер!» деген жоқлын! — дейді ол бағана қолына ордер ұстаратқан қызметкерге келіп. — Мына ордерді жыртыңыз да пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз! — деп ол қолындағы ордерді қайтарып береді.

### Бауыржан қалалық кеңестен не сұрады?

- A) ұлкендеу пәтер
- Ә) екі қабатты үй
- Б) мәшине
- C) алты бөлмелі пәтер

### Бауыржан неге ашуланды?

- A) қарт ананы көргенде
- Ә) кезектіз алған пәтерге
- Б) ананың сезінене
- C) пәтер ұнамады

### Батыр не істеді?

- A) ананың сезін тыңдады
- Ә) қалалық кеңеске қайта барды
- Б) ордерді қайтарып берді
- C) кеңірек пәтер сұрады

**АЙТЫЛЫМ****2 -тапсыриа.**

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сейлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша пікірінді бір сейлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сейлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ****3 -тапсыриа.**

«Батырлар» тақырыбына синквейн дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім.
2. Бірінші зат есімге екі сын есім.
3. Бірінші зат есімге қатысты үш етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

**АЙТЫЛЫМ****4 -тапсыриа.**

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген тақырып төңірегінде пікірталас ұйымдастырындар.

**ЖАЗЫЛЫМ****5 -тапсыриа.**

«Қосжазба» күнделігін пайдаланып, Бауыржан Момышұлының нақыл сөздеріне түсініктеме жаз.

Дәйексөз	Түсініктеме
Ерлік — тарбие жемісі.	
Мықты ерік-жігер — жеңістің серігі.	
Есімі елдің жүргегінде сақталған ер ғана бақылты.	

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

«Шығарма» ойны. Мұғалім оқушыларға таза қағаз таратып: «Маған үнайтын батырлар» тақырыбы бойынша мұғалім сұрақ қояды. Мысалы: Не? Оқушылар осы сұраққа жауап беретін бір сөзді жазып, жазғанын келесі оқушыға көрінбейтіндей етіп қағазды бүктеп, қасындағы балаға береді. Жүргізуші келесі сұрақты қояды. Мысалы: Қандай? Екінші оқушы да жауабын жазып, қағазды бүктеп, келесіге береді. Келесі сұрақ «Не істейді?» болуы мүмкін. Осылай қайталана береді. Соңында қағазда құрастырылған мәтін оқылады. Ойынның мақсаты: тақырып бойынша сөздерді қайталау, жазу, сөйлем құрау. Әр парапта түрлі мәтін құрастырылып шығуы мүмкін. Ол мұғалімнің сұрақтарды дайындаудына, балалардың тақырыпты менгеруіне байланысты.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Бауыржан Момышұлы мұражайлары туралы фотоколлаж дайында. Бір мұражай туралы айтып бер.



### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

«Мен істедім», — дегенше,  
«Мың істеді», — десенші,  
«Мың істеді», — дегенше,  
«Ер істеді», — десенші,  
«Ер істеді», — дегенше,  
«Ел істеді», — десенші.  
Мен мыңдікі болмасам,  
Ер елдікі болмаса:  
«Кім істеді», — дер едің?

# Мазмұны

## 7. ФАЛАМТОРМЕН ДҮРЫС ЖҰМЫС ЖАСАУ – МӘДЕНИЕТ

1–2-сабақ. Фаламторды пайдаланамын .....	4
3–4-сабақ. Онлайн сөздігін қарадың ба? .....	9
5–6-сабақ. Электронды кітапханадан Жюль Верн шығармасын оқыдым .....	14
7–8-сабақ. «Әлемді шарлау» туралы әлемдік әңгіме .....	18
9–10-сабақ. Балаларға арналған сайттар.....	24
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	27

## 8. МУЗЫКА. ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

I. Жансүгіров «Күйші» поэмасы (үзінді)	
1–2-сабақ. Маған классикалық музыка ұнайды .....	28
3–4-сабақ. Қазақтың әншілік өнері .....	32
5–6-сабақ. Күй — қазақтың жан серігі, сырласы .....	36
7–8-сабақ. Әлемге танымал «Ұлытау» .....	40
9–10-сабақ. Опера театрына барамын .....	45
11–12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	48

## 9. ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ МЕН ЕГІНШІЛІК – ЕЛ БЕРЕКЕСІ

1–2-сабақ. Ақ бидай .....	50
3–4-сабақ. Егінің бастары .....	53
5–6-сабақ. Жылқы — ер қанаты .....	56
7–8-сабақ. Төрт түліктің пайдасы .....	60
9–10-сабақ. Шығанақ Берсиеев — атақты диқан.	64
11–12-сабақ. Фабиден Мұстафин Шығанақ (романнан үзінді) .....	67
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	70

## 10. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ. АҚ МОЛ БОЛСЫН! ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

1–2-сабақ. Наурыз — Ұлыстың Ұлы күні! .....	72
3–4-сабақ. Наурызкөже ішеміз .....	78
5–6-сабақ. Наурыз-думан .....	81
7–8-сабақ. Наурыз бен ақлан .....	85
9–10-сабақ. Наурыздың сәні — зергерлік бүйімдар .....	88
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ....	92

## 11. ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?

М. Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» әлені

1–2-сабақ. Мен Қазақстанның болашағымын .....	94
3–4-сабақ. Ел ертеңі — білімді жастар .....	98
5–6-сабақ. Мағжан — ұлы ақын .....	102
7–8-сабақ. «Мен жастарға сенемін» .....	107
9–10-сабақ. Еліміздің келешегі жастардың қолында .....	110
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ....	114

## 12. ФЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫң СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

1–2-сабақ. Жаңа технология жетістіктері .....	118
3–4-сабақ. Ең жас ғалымдар .....	121
5–6-сабақ. Жас өнертапқыштар .....	124
7–8-сабақ. Академиктің стипендиясы .....	128
9–10-сабақ. Майкл Х. Харт. Альберт Эйнштейн .....	132
11 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ....	136

## 13. БАТЫР ТУСА – ЕЛ ҮРЫСЫ

1–2-сабақ. Батыр туса — ел үрүсі .....	139
3–4-сабақ. Әзілхан Нұршайықов .....	140
5–6-сабақ. «Ақиқат пен аныз» .....	145
7–8-сабақ. Батырмен сұхбат .....	148
9–10-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ....	151



**Оқу басылымы**

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даuletбекова,  
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева

Қазақ тілі мен әдебиеті: Байшешек.  
Оқулық  
2-бөлім  
  
Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын  
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің  
7-сыныбына арналған

Әдіскер Б. Қ. Мукеева

Редактор Г. Қ. Омарбекова

Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина

Фотосуретші П. Михеев

Мұқаба арленімі Д. Н. Бунсикова

Техникалық редактор Д. К. Тынбаев

Беттеуши Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай

01.08.2016 басылымға жіберілді. 60×90% форматы.

Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі.

Офсетті қағаз.

Шартты баспа табағы 14.5

Таралымы 2500

«Көкжиең-Горизонт» ЖШС, 050022,  
Алматы қ., Сейфуллина даңғылы, 597 А үй  
тел. +7 (727) 220 76 60  
[www.kokziek-gorisont.com](http://www.kokziek-gorisont.com)

**Учебное издание**

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даuletбекова,  
Р. С. Рахметова, А. К. Рауандина, Б. К. Мукеева

Қазақ тілі мен әдебиеті: Байшешек.

Учебник

Часть 2

Для 7 класса

11-летней общеобразовательной школы  
с неказахским языком обучения

Методист Б. К. Мукеева

Редактор Г. К. Омарбекова

Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина

Фотограф П. Михеев

Дизайн обложки Д. Н. Бунсикова

Технический редактор Д. К. Тынбаев

Компьютерная верстка Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай

Подписано в печать 01.08.2016 Формат 60×90 %.

Печать офсетная. Гарнитура «DIN».

Бумага офсетная

Усл. печ. л. 14.5

Тираж 2500

ТОО «Көкжиең-Горизонт», 050022,  
г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А  
тел. +7 (727) 220 76 60  
[www.kokziek-gorisont.com](http://www.kokziek-gorisont.com)